CICA

АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРІ

АСТАНА
2025 жыл

ӘОЖ 821 (5)-93
КБЖ 84 (5)

С30

Азия Кеңесі
Азия халықтарының ертегілері
Әдеби көркем басылым — Астана, 2025,
172 беттен тұрады, иллюстрациялармен безендірілген

ISBN 978-601-82297-3-2

Азия халықтарының ертегілер жинағы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (Азия Кеңесі) 30 жылдық мерейтойына арнап әзірленген. Бұл жинақты қолына алған оқырман Әзербайжан, Бангладеш, Бахрейн, Вьетнам, Үндістан, Иордания, Иран, Қазақстан, Камбоджа, Қатар, Қытай, Корей, Қырғызстан, Моңғолия, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Тайланд, Түркия және Өзбекстан халықтарының ертегілер әлеміне енеді. Осылайша таным көкжиегі кеңейіп, ұлы Азия мәдениеті жайындағы рухани ой-өрісі толыға түседі.

ISBN 978-601-82297-3-2
9 786018 229732

ӘОЖ 821 (5)-93
КБЖ 84 (5)

© Азия Кеңесі
© Аударған: «Ұлттық аударма бюросы» КҚ
© Абишева А., 2022
© «Центр Элит» ЖШС

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман!

Сіздердің назарларыңызға Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне (Азия Кеңесі) мүше мемлекеттердің халық ертегілерінен құралған көркем жинақты ұсынамыз.

Азия Кеңесі үшін 2022 жыл ерекше маңызды кезең болды – ұйымның 30 жылдық мерейтойын атап өттік.

Мерейтойларды мағыналы бастамалармен атап өту игі дәстүрімізге айналған. Осы орайда, 2022 жылы Азия Кеңесінің қос ресми тілі – ағылшын және орыс тілдерінде «Азия халықтарының ертегілері» атты көркем жинақ жарық көрген еді.

Бұл жинақты оқырман қауымға кеңінен таныстыру және Азия Кеңесі аясында мультилингвизм, яғни көптілділікті дамыту мақсатында 2024 жылы «Азия халықтарының ертегілері» кітабын араб, қазақ және қытай тілдеріне аудару бойынша жобалар қолға алынды.

Бұл жинақты араб және қазақ тілдеріне аудару Кувейт тарапынан көрсетілген демеушілік қолдаудың арқасында жүзеге асты. Кувейттің Азия Кеңесі Хатшылығының бюджетіне ерікті түрде аударылған қаражат аталмыш жобаны жүзеге асыруға жұмсалды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, аталмыш жобаға жан-жақты қолдау білдіргені үшін Кувейт Мемлекетіне алғысымды, сондай-ақ Кувейттің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі доктор Омар Ахмед әл-Кандари мырзаға осы бастаманың сәтті жүзеге асуына белсенді ат салысып, құнды үлес қосқаны үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін.

Жинақты араб тіліне аударып, беттеу барысында лингвистикалық қолдау көрсеткен Кувейт Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы елшілігінің аудармашысы Сұлтан Тоғызбаев мырзаға, сондай-ақ араб тіліндегі мәтінін редакциялаған Иорданиядағы Al-Badeel Publishing and Distribution баспасының директоры Ашраф Абу Гарбия мырзаға шынайы ризашылығымды білдіремін. Сонымен қатар, кітапты қазақ тіліне аударып, редакциялаған

«Ұлттық аударма бюросы» корпоративтік қорының кәсіби мамандарына алғыс айтамын.

«Азия халықтарының ертегілері» Азия Кеңесіне мүше мемлекеттердің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтуға, балаларды Азияның кең байтақ географиясымен және алуан түрлі салт-дәстүрімен таныстыруға, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында кеңпейілдік пен өзге мәдениеттерге құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, адамгершілік пен рухани тәрбиенің ортақ адами құндылықтарын насихаттау жолындағы ынтымақтастығы мен қолдауы үшін Әзербайжан, Бангладеш, Бахрейн, Вьетнам, Үндістан, Иордания, Иран, Қазақстан, Камбоджа, Катар, Қытай, Корея, Қырғызстан, Моңғолия, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия және Өзбекстан мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Бұл жинақта Азия халықтарының ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрі, мәдениеті мен құндылықтары айқын көрініс табады. Әрбір ертегінің астарында халықтардың өзара түсіністікке, рухани баюға, бір-біріне қол ұшын беруге, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген терең талпынысы жатыр.

Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға тараған халық даналығы мен ұлттық бояуы қанық аңыздар, астарлы әзіл мен тағылымға толы хикаялар – бәрі-бәрі осы кітапта жинақталған. Бұл туынды балалардың ғана емес, сондай-ақ ересек оқырманның да жүрегіне жол табары сөзсіз.

Мысалы, тай халқының «Макатоның басынан кешкендері» ертегісі бізді Сукхотай патшалығының даңқты дәуіріне жетелейді. Ал «Жүз жұмыртқаның тарихы» атты ертегі – вьетнам халқының шыққан тегі жайлы аңыз, онда неге олар өздерін айдаһар мен перінің ұрпағы санайтыны әсерлі баяндалады. Бахрейннің «Энки мен Нинхурсаг» ертегісі – қасиетті Дилмун жеріндегі бақытты әрі тыныш өмірдің қалыптасуы жайлы сыр шертсе, үнді елінің «Пілдің алғысы» ертегісі адамдарға адал қызмет етудің маңызын ұғындырады. Иранннан жеткен «Дұшпаныңмен тату бол» ертегісі – парасат пен адалдықтың биік үлгісі. Ал түрік халқының «Жақсылықтың ақысы» атты хикаясы әділдіктің түбінде жеңіске жететінін көркем тілмен жеткізеді.

Осы жинақта иорданиялық жазушы Хадиджа Мохмуд Мазари ақылды қыз туралы ертегіні ұсынса, әзербайжан халық ертегісі тапқыр да тентек Джыртдан атты кішкентай кейіпкердің оқиғасын баяндайды. Бангладеш елінен жеткен ертегіде біз Дхарма патшалығындағы көз көріп, құлақ естімеген керемет – жіптен тоқылған кербез тауыспен танысамыз. Ал палестиналық ертегі кішкентай баланың ақын болсам деген асқақ арманынан сыр шертеді.

Қазақ халқының «Аю мен маса» атты ертегісі – ортақ тіл табысу мен бірлесе әрекет етудің, бейбіт келісімде өмір сүрудің маңызын паш етеді. Бұл ойды ресейлік халық ертегісі «Шалқан» да жалғай түседі. Қытайдың «Жаз» атты ертегісі – мейірім мен жанашырлықтың, әлсізге көмек қолын созудың өмірлік маңызын тағы бір мәрте еске салады.

Қырғыз халқының сиқырлы ләйлек туралы ертегісі мен корей халқының тату бауырлар жайлы хикаясы – отбасы құндылықтары, үйлесім мен махаббаттың қадір-қасиетін терең ұғындырады. Осыған ұқсас мазмұнды – шынайы достық тақырыбын катарлық ертегі де қозғайды. Камбоджа елінің халық ертегісі достық үшін қиындық пен сынақты бірге еңсерген Ах Квак (соқыр) пен Ах Квеннің (сал) өмір жолын суреттейді. Қайратты, шебер, батыр әрі алғыр жауынгерлер туралы тағылымды хикаялар Моңғолия мен Өзбекстан ертегілерінен орын алады.

Азия кеңістігін мекендеген халықтардың осы және өзге де ғажайып ертегілері – тақырыптық жағынан сан түрлі болса да, түбінде бейбітшілік, достық пен татулыққа үндейтін ортақ идеямен сабақтасып жатыр. Бұл құндылықтар Азия Кеңесінің мақсаттары және қағидаттарымен үндеседі.

Халық арасында: «Ертегілер – ескі досың секілді, оларды анда-санда еске алып, қайта қауышып тұру керек» деген даналық сөз бар. Осы орайда, біздің ұйым Азия құрлығындағы мәдени алуандықты ілгерілету ісін табандылықпен жалғастыра бермек.

Елші Қайрат Сарыбай,
Азия Кеңесінің Бас хатшысы

ДЖЫРТДАН

Ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде бір кемпір өмір сүріпті. Оның бойы бір қарыс, құрайышы қырық қарыс ұлы бар екен. Өзі кіп-кішкентай болғанымен, шаруаға тастай пысық болыпты. Оны Джыртдан (қазақша мағынасы – «Құйыршық») деп атапты.

Бірде көрші балалар жиналып, орманға шөпшек теруге бармақшы болады. Джыртдан үйіне жүгіріп келіп:

– Апатай, мен де балалармен орманға барып келейінші! – дейді аптығып.

Кемпір балаларды шақырып алып, оларға тәтті тоқаш үлестіріп береді де, Джыртданға бас-көз болуды тапсырады.

Балалар орманға жетіп, шөпшек теруге кіріседі. Джыртдан ғана түк бітірмей, орман кезіп, жүгірумен болыпты. Оған балалар:

– Әй, Джыртдан, неге шөпшек термейсің? – десе, ол:

– Апам сендерге не үшін тәтті тоқаш берді дейсіңдер, маған да шөпшек терсін деп! – дейді.

Балалар лəм-мим деместен, Джыртданға да шөпшек жинай бастайды. Әркім өз шөпшегін буып-түйіп, арқасына асып жатса, Джыртдан тағы да ештеңе істемей, далақтап, бос жүгіре беріпті. Басқалары оған:

– Әй, Джыртдан, байлам шөпшегіңді арқаңа артып, үйіңе апармаймысың? – десе, Джыртдан оларға:

– Апам сендерге менің де шөпшегімді буып-түйіп, үйге әкеп тастасын деп манағы тоқашты берді ғой, – дейді беті бүлк етпей.

Балалар өзара күбірлесіп, ақыры Джыртданның да шөпшегін буып-түйіп, өздері көтереді. Жолай кезек-кезек

көтерісіп, орман ішімен жүреді. Джыртдан болса олардың соңынан ілби басып келе жатады да, кенет бір ағаштың түбіне отыра қала бақырып, жылауға көшеді.

Бәрі аңтарылып, одан:

– Әй, Джыртдан, неменеге айналаны басыңа көтеріп жылап жатырсың? – десе, Джыртдан қулана:

– Уһ, әбден болдырып, шаршадым. Апам болса сендерге тәтті тоқаш пісіріп, бәріңді риза қылып, маған бас-көз болуды сұрап еді. Қане, мені арқалап, үйіме жеткізіңдер! – дейді.

Амал жоқ, балалар бұған да көніп, Джыртданды арқалап алады.

Осылайша Джыртданды да, оның шөпшегін де арқасына артып, балалар ұзақ жүреді. Кенет жолдан адасады, бұл сәтте қас қарайып, ымырт түсе бастаған еді. Әупірімдеп орманнан да шығады, бірақ әрі қарай қай жаққа жүрерін білмей, басы қатады. Бір тұстан иттің үрген даусы естілсе, екінші бір тұстан жылтыраған от көрінеді. Балалар Джыртданнан:

– Қай бағытқа қарай жүргеніміз дұрыс? Ит үрген жаққа ма, әлде от көрінген жаққа ма? – деп сұрайды.

– Ит үрген жаққа қарай жүрсек, бізді иттер талап тастайды. От көрінген жаққа қарай жүрейік, бәлкім, жол тауып қалармыз, – дейді Джыртдан.

Жылтыраған отқа қарай бет алған балалар үңгірге тап болады. Бұл үңгірде басы таз, мүйізі бар, тісі күректей, даусы гүжілдеген, әліпті таяқ деп білмейтін әпенділеу алып дию өмір сүреді екен. Дию балаларды көріп, ішке кіруге шақырады, сондағысы ішінен бұларды қайтіп қылғытсам екен деп ойланады. Қонақтарын қатқан қара нанға тойдырып, жерге төсек салып береді. Бәрінің көзі ілінді-ау дегенде, дию ақырын ғана:

– Кім ояу, кім ұйқыда? – дейді сыбырлап.

Мұны естіген Джыртдан басын көтеріп:

– Бәрі ұйқыда, Джыртдан ғана ояу! – дейді.

– Кішкентай Джыртданның неге ұйқысы келмей жатыр? – деп сұрайды дию.

– Джыртданның қарны аш болса, ұйықтай алмайтын әдеті бар. Апам мені жұмыртқаға тойдырып, сосын төсекке жатқызатын еді, – деп жауап береді Джыртдан.

Дию баланы ішінен бір сыбап алды да, амалсыз жұмыртқа қуырып, Джыртданды тамақтандырады. Тойған соң, төсегіне жатқызды.

Түн ортасынан ауды. Диюге салса, балаларды тездетіп жәукемдегісі келіп тұр. Сәл күтіп, әлден уақытта қайтадан:

– Кім ұйқыда, кім ояу? – дейді сыбырлап.

Тағы да Джыртдан басын көтеріп:

– Бәрі ұйқыда, Джыртдан ояу! – дейді саңқ етіп.

– Кішкентай Джыртданның неге ұйқысы келмей жатыр? – деп сұрайды дию.

– Джыртданды шөл қысса, ұйықтай алмайтын әдеті бар. Апам елекпен өзеннің мөп-мөлдір суын әкеп беріп, шөлімді қандыратын, содан кейін ғана ұйқыға жататынмын, – дейді қу бала.

Дию електі ала сала, өзенге су алуға жүгіреді. Джыртдан атып тұрып, балаларды оятады да:

– Мына дию бізді жеп қойғысы келіп тұр. Қаштық! – дейді айғайға басып.

Балалар алды-артына қарамай, үңгірден қаша жөнеледі. Өзеннің таяз жерін кешіп өтіп, арғы бетке жетеді.

Ал өзеннің мына жағалауында дию елекпен су таси алмай, әлек болып жүр еді. Електің жартысынан асырып су алады да, жағаға шыққа, елегі бос. Електі шүпілдетіп толтыра, қайта су алады. Жарты жолға жеткенде, әлгі судың бір тамшысы да жоқ! Өзен мен екі ортада жүгіріп, әбден сілесі қатады. Кенет басын көтерсе, келесі бетте балалар жырқ-жырқ күліп, мұны мазақ етіп тұр екен. Әсіресе Джыртданның күлкісін жазбай таниды.


– Қап, бәлем, Джыртдан, сен өзеннің арғы бетіне қалай өттің? – деп айғайлайды дию гүжілдеген даусымен.

Джыртдан болса міз бақпастан:

– Диірменнің тастарын көп қылып жина да, мойныңа асып,өзенге қойып кет, көзді ашып-жұмғанша арғы беттен бір-ақ шығасың! – дейді.

Әпербақан дию дереу диірмен тастарын тауып әкеліп, мойнына іледі де, өзеннің тереңдеу тұсына қойып кетеді. Үш қадам аттағаны сол еді, суға тұншығып, батып кетеді.

Сөйтіп кішкентай Джыртдан алып диюді алдап соғып, балаларды аман алып қалыпты.



Сайдул Ислам, Наогаон

ЖІПТЕН ТОҚЫЛҒАН ТАУЫС

Дхарма патшалығында Джамшед есімді патша өмір сүріпті. Бір күні оның ұлы өмірге келеді, қуаныштан асып-тасыған патша уәзірін шақырып алып:

– Уәзір, ұлым дүниеге келіп, сарайым жарық нұрға толды. Бақыттан басым айналып тұр. Дәл қазір дабыл қағып, бүкіл патшалық халқын құлақтандыр. Ұлымның өмірге келген күнін бұрын-соңды көз көрмеген таңғажайып дүниемен атап өткім келеді, жұртыма осыны айт. Маған өмірімде көрмеген дүниені паш еткен адамға мың алтын тиын беремін, – дейді.

Уәзірі:

– Өмірімде көрмеген дүние деп нені меңзеп тұрсыз сонда? – дейді.

Джамшед оған:

– Ешкім ешқашан көрмеген бір зат болсын. Сондай затты көрсеткен адамға мың алтын тиын беремін. Ал, қане, бар да дабылыңды ұр, менің қалауымды халыққа жеткіз! – дейді.

Уәзір патшаның бұйрығын айна-қатесіз орындайды. Ол жер-төңірекке Джамшед патшаның қалауын жеткізіп, оған ешкім ешқашан көрмеген дүниені әкелген адамға мың алтын тиын беретінін айтады.

Түстік ауылда тұратын бір кемпір патшаның бұл тілегін естіп: «Патша сарайына жұлым-жұлымы шыққан мына жиектемемді апарып көрейін. Туғанынан үлде мен бүлденің ортасында өскен патша мұндай түте-түте болған жиектемені көрмеген де болар, сірә?! Сөйтіп мың алтын тиынға кенелермін», – деп ойлайды.

Теріскей ауылдың бір жесір әйелі болса: «Мен патшаға қисық өскен асқабағымды апарайын, патшаның ас-ауқатында мұндай арзанқол азық жоқ екеніне бәс тігемін. Ол балық пен еттен әзірленген қымбат тағам түрлерін ғана жейді емес пе?! Осындай қисық біткен асқабақты өмірінде көрмеген шығар. Асқабақты көріп таңғалып, мың алтын тиынын маған берер», – деп түйеді іштей.

Жер өңдеп жүрген қарт шаруа уәзірдің дабыл соққанын естіп: «Патша үнемі сарай маңынан ұзап шықпайды. Бұғау мен соқаны ешқашан көрмеген болар. Мен өзімнің бұғауым мен соқамды патша сарайына апарып, оған көрсетемін де, мың алтын тиын аламын», – дейді күбірлеп.

Уәзір дабылын қағып базар алаңына да барады. Хабарландыруды естіген ұста уәзірге келіп:

– Уәзір-еке, мен темірден әдемі темір балықтардың үйірін жасаймын. Әлгі балықтарды суға қоя берсең болды, жүзе жөнеледі. Мұндай балықты бұрын-соңды ешкім көрмеген. Мың алтын тиынның жалғыз егесі мен боламын, – дейді.

Уәзір оған қолөнерін арқалап, патша сарайына келуді бұйырады.

Уәзір базардан шыққалы жатқанда, жанына өрімдей жас қыз келіп:

– Уәзір мырза, мен тігіншінің қызы едім. Жіптен тауыс тоқып, оны патшаға көрсетсем деймін, – дейді.

Уәзір аңтарылып: «Сенің тауысың патшаны қалай таңғалдыруы мүмкін?» – дейді.

Әлгі тігіншінің қызы: «Уәзір мырза, менің тауысым сырт көзге ғана әдеттегіше көрінуі мүмкін, шын мәнінде, ол сондай ғажап дүние. Менің тауысымның жаны жоқ болса да, мен бұйырсам болғаны, ол ұша жөнеледі, ал оралуға әмір етсем, өзіме қайтып келеді. Мұндай тауысты ешкім ешқашан көрген емес. Патшам көрсе, бақыттан басы айналары сөзсіз, сөйтіп мың алтын тиынын маған берер», – деп түсіндіреді.

Уәзір жұрттың бәрін таң арайымен патша сарайына шақырады.

Ертеңгісін әлгі кемпір мен жесір келіншек алғаш болып сарайға жетеді. Олардың артынша бұғауы мен соқасын көтеріп шаруа келеді.

Патша кемпірден: «Тозған жиектемені неге әкелдің?» – деп сұрайды.

Кемпір: «Сіздің алтынмен апталып, күмістен қапталған қымбат төсекте ұйықтайтыныңызды білемін. Өміріңізде әбден тозығы жеткен жиектемені көрмеген боларсыз», – деп жауап береді.

Патша жесір әйелден ілмек тәрізді қисайып өскен асқабақты не үшін әкелгенін сұрайды.

Жесір әйел: «Уа, патшам, мың алтын тиын алсам деген үмітпен келдім. Патшам қисайып өскен арзан асқабақ көрмеген шығар деп топшыладым», – деп жауап қатады.

Джамшед патша уәзірге: «Бұлардың әрқайсысына он мың алтын тиыннан бер де, табандарын жалтыратсын деп айт!» – деп бұйырады.

Содан соң патша шаруаға бұрылып: «Ей, еңбекқор шаруа, сарайда егін салғалы жатқан жоқпын, маған бұғау мен соқаны неге әкелдің?» – деп сұрайды.

Шаруа болса: «Хан ием, сені бұғау мен соқаны өміріңде көрмеген болар деп ойлағанмын», – дейді.

Патша оған: «Сендердің қалай жер өңдеп, егін салатындарыңды, сөйтіп бүкіл патшалықтың халқын асырайтындарыңды жақсы білемін. Қане, егістіктегі жұмысыңа бара ғой», – дейді.

Шаруа кері қайтады.

Патша уәзірден: «Патшалықта маған таңғажайып дүние көрсете алар ешкімнің болмағаны ма? Енді қайттім?» – дейді еңсесі түсіп.

Уәзір оған: «Хан ием, қазір ұста мен тігіншінің қызы келеді. Өтінем, сабыр қылшы», – деп басу айтады.

Дәл осы сәтте сарайға ұста кіріп келеді. Ол темірден соққан балықтарын тегенеге салып алған екен.

«Хан ием, мен ұстамын. Темірден түрлі зат жасап, нәпақамды айырамын. Бұрын-соңды ешкім естіп-білмеген бір зат әзірледім. Тегенемнің ішіне көз салыңызшы,

темірден соғылған балықтар мен олардың шабақтарын көресіз. Егер оларды суға салып, бір-екі мәрте шапалақтап жіберсеңіз, жүзе жөнеледі», – дейді ол.

Мұны естіген патша: «Қане, мұны өз көзіммен көрейін», – дейді.

Ұста балықтар мен шабақтарын сарай алдындағы тоғанға тастайды, ал патша бір-екі алақан соққаны сол екен, темір балықтар мен олардың шабақтары зуылдап жүзе жөнеледі.

Бұл кезде жіптен тоқылған тауыс құсын көтеріп, тігінші қызы да патша сарайына жеткен еді. Ол патшаға: «Хан ием, кешіккенім үшін кешірім сұраймын. Тігіншілерге асығуға болмайды. Мұқият болмай, сәл мүлт кетсек болды – жіп шатасып қалуы мүмкін. Бізге жұмыс барысында өте ұстамды әрі сабырлы болу қажет. Бүгін сізге өзім тоқыған тауысымды әкеліп тұрмын. Оның жаны жоқ, бірақ ол менің барлық бұйрығымды қалт жібермей орындайды. Ол екі жарым күндік баланы арқасына отырғызып, аспанға ұша алады», – дейді.

Патша аң-таң қалып: «Мәссаған! Ал, тігінші қыз, әуселеңді көрейік, жібер құсыңды!», – деп бұйырады.

Тауысты әкелген тігінші: «Хан ием, ешкім бұрын-соңды көрмеген ғажайыпқа куә болғыңыз келсе, онда туғанына екі жарым күн болған нәресте әкеліңізші», – дейді өтініп.

Патша уәзірге екі жарым күндік бала тауып әкелуін бұйырады. Уәзір қанша сабылғанымен, патшаның бұл бұйрығын орындай алмайды. Сонда патша: «Уа, уәзірім, мен бұрын-соңды көз көрмеген ғажайыпқа қалайда куә болуым керек. Дәл сол жастағы нәрестені қайтсең де тап», – дейді.

Уәзір кібіртіктеп: «Патшалықтағы екі жарым күндік жалғыз нәресте – сіздің ұлыңыз», – дейді.

Джамшед патша сәл ойланып, тігінші қыздан: «Ұлыма еш зияны тимей ме?» – деп сұрайды.

Тігінші қыз: «Хан ием, менің тауысым ұлыңызды арқасына көтеріп, аспанға ұшады. Ол көкжиектен асып көрінбей кеткенге дейін маған тауысымның қайта оралуын бұйырыңыз. Сонда сәбиіңіз аман-сау қайтады», – дейді.

Джамжед баласын алмақ болып, патшайымға бұрылады. Ханша жаңа туған сәбиін қауіпке қимай тұрғанымен, патшаға қарсы келе алмай, амалсыз көнеді. Тігінші бір жапырақ қағазға «Матиур Рахман, Джамшед патшаның ұлы, Дхарма патшалығы» деп кішкентай ханзаданың мекенжайын жазып, нәрестенің қалтасына тігіп қояды.

Сосын тігінші қыз патшаға: «Хан ием, ұлыңызды тауыстың арқасына отырғызыңыз», – дейді.

Джамшед патша оның айтқанын орындайды.

Тігінші қыз дауысын көтеріп: «Уа, тауыс құс, аспанға ұш!» дегені сол-ақ екен, жіптен тоқылған тауыс арқасына екі жарым күндік сәбиді салып алып, көкке самғай жөнеледі. Кенет тігінші қыз әлгі ұста өзіне бәсекелес болып, мың алтын тиын алып кетпесін деп, көкте қалықтап жүрген құсқа: «Уа, менің ақылды тауысым! Жерге түс те, тоғандағы балықтар мен шабақтарды жеп, көкке қайта көтеріл!» – деп әмір етеді. Тауыс тігіншінің бұл әмірін де бұлжытпай орындайды. Мұны көрген патшаның аузы ашылып, таңданасын жасыра алмайды. Балық жеп күш жинап алған тауыс бұлттарға дейін жетеді.

Тігінші қыз: «Хан ием, тауысқа ұлыңызбен бірге қайта оралуға бұйрық берейін», – деп өтінеді.

Бірақ мұншалықты ғажап көрініске таң-тамаша болған патша әлгі шартты ұмытып кетеді. Ал тауыс болса бұлтқа сіңіп, көзден ғайып болған еді.

Есін жиған патша тігінші қызға: «Қане, тауысыңа әмір бер, үйге оралсын», – дейді.

Тігінші қыз: «Хан ием, сізге ескерткен едім, көзден ғайып болған соң тауысым мені тыңдамайды. Қазір



ол бұлт арасына сіңіп, жоқ болып кетті, енді оны қайтарар күшім жоқ», – дейді.

Ашуға булыққан патша тігінші қызға бас салып, жендеттеріне оның кеудесіне тас байлап, зынданға тастауды бұйырады. Түрмеге түскен тігінші қыз жылай береді, жылай береді.

Ал екі жарым күндік сәбиді арқасына таңып алған тауыс бұл кезде Паристан патшалығына жетеді. Онда бір бағбан әжей өз бақшасында патша сарайына арналған гүлдер өсіріп, ақысына жиырма така алатын. Бір күні ол бақшасындағы барлық гүлдің солып қалғанын байқайды. Әжей мұңайып, енді қайтіп күнелтемін деп басы қатады.

Бұл кезде жіптен тоқылған тауыс әл жинап алмақ болып, әлгі әжейдің солып қалған раушан гүлінің бір бұтасына қонады. Сол-ақ екен, гүл басын көтеріп, жайнап шыға келеді. Бұған аң-таң болған әжей дереу гүлдерді жинауға кіріседі. Гүл теріп жүріп бір бұтаның түбінен іңгәлаған сәбидің үнін естиді. Жақындап қараса, туғанына он екі күн болған сүйкімді нәресте екен. Әжей баланы асырап алып, тәрбиелейді. Оған Матиур есімін береді.

Уақыт зуылдап өте береді. Джамшед патшаның ұлы ержетіп, он алтыға толады. Бірде бозбала гүлден жіпсіз шырмауық жасап, оны өзге гүлдермен бірге бағбан әжейдің себетіне салып қояды. Бағбан әжейден кезекті гүл шоғын алған Паристан патшасы бірде-бір жіпсіз тоқылған гүлді шырмауықты көріп, таң-тамаша болады. Ол әжейден: «Гүлді шырмауық тоқи алатыныңды неге бұрын айтпағансың?» – деп сұрайды. Әжей оның бұл сұрағына ләм-мим деп жауап қата алмайды, өйткені шырмауықты кім тоқығанын өзі де білмеген еді. Ол Паристан патшасына: «Уа, мырзам, бұл сұрағыңызға ертең жауап берейін», – дейді. Сол күні патша оның қолына жүз жиырма така ұстатады.

Үйіне қайтып келе жатып, бағбан әжей Матиурдан: «Гүлтізбекті жасаған сенбісің, ботам?» – деп сұрайды. Матиур басын изейді. Ертесіне бағбан әжей патшаға гүлден тоқылған екі тәж ұсынып, онысын ұлы жасайтынын айтады. Паристан патшасы оның баласын көргісі келеді.

Келесі күні әжей Матиурды алып, патша сарайына келеді. Матиур үш гүлді шырмауықтың екеуін қолына, біреуін мойнына асып алады.

Шырмауықтың бірін – Паристан патшасына, енді бірін патшайымға сыйға тартады. Патша оған мың така, ал патшайым гауһар тәжін береді. Бұдан соң Матиур мойнындағы үшінші шырмауықты алып, оны Паристан ханшайымына ұсынады. Бұған риза болған ханшайым Матиурға ғашық боп қалады. Көп ойланбай, Паристан патшасы ханшайым мен Матиурды үйлендіреді.

Сол түні Матиур өзінің бұрыннан таныс тауысын кездестіріп, тауыс оған бар құпияны ақтарады: «Достым, сені өсірген әжей сенің анаң емес. Паристаннан кетіп, өз отбасыңмен қауыш. Келіншегің екеуіңді арқама салып, еліңе апарайын. Ал сәбилі болып жатсаң, үшеуіңді бірдей алып кете алмаймын», – дейді.

Тауыстың әңгімесінен кейін Матиур әжейге барып, мұның рас-өтірігін сұрайды. Бағбан әжей амалсыз бәрін мойындайды.

Сөйтіп, тауыс Матиур мен ханшайымды арқасына мінгізіп, Дхарма патшалығына жолға шығады.

Қайта оралған соң тауыс тігінші қызға бұлттың ар жағындағы Паристан патшалығында болған қызықтарын айтып береді. Ұлымен қауышқан Джамшед патша тігінші қызды босатып, оған уәде еткен мың алтын тиынын береді. Патшалықтың бүкіл жұрты ханзада мен ханшайымның оралғанын сән-салтанатпен атап өтеді.

Селим Аль-Дин

МОНРИ МАНГЦМУИ

Бұл хикая өте ертеде болған. Қос көгершін орманда сабаннан ұя жасап, оған екі жұмыртқа басады. Уақыты жеткенде одан екі балапан шығып, олар таза ауа мен күн нұрына шомылып, бейқам өседі. Бір күні көгершіндер балапандарына дән іздеп, жолға шығады. Сол сәтте орманда өрт тұтанып, бүкіл ағашты тып-типыл етіп жалмайды. Балапандар аспанға ұшып үлгермей, ұясымен бірге жанып кетеді. Бұл қайғыға шыдамаған көгершіндер балапандарының артынан өздерін өртке тастап, құрбан етеді. Олар Сатанур мен Монри болып, өмірге қайта келеді.

Домарой – Аспан әміршісі еді. Бірде көктен жерге бірнеше Цзин түседі. Ормандарды, гүлдерді және Бангладеш тауларындағы сарқырамаларды зерттеген олар мұншалықты сұлулыққа сүйсініп, тамсанады. Ертеңіне жабайы бұқаның шабуылына ұшыраған олар қайтадан көкке көтеріліп, патшалары Домаройға оралады. Көкте Цзиндер Жер бетіндегі ормандарды, гүлдерді, сарқырамаларды мадақтап, әнге қосып, би билейді. Цзиндердің бұл әні Домаройға ұқсайтын жеті сиқыршы ханшайымның құлағына жетеді. Олар Жердегі осыншама сұлулық жайлы естіп, әлгі таулардың арасындағы көлдерге шомылуды армандайды. Жерге түсу үшін оларға әкелерінің рұқсатын алу керек болатын.

Домарой кесіп-пішіп: «Жоқ. Мен сендерге адамдардың ортасына түсуге рұқсат ете алмаймын, қымбатты қыздарым. Бүгін сұмдық бір түс көрдім», – дейді. Ханшайымдар: «Қандай түс көрдің, әке?» – деп сұраса, Домарой: «Түсімде сендер шомылатын көркем лагунада жеті лотос гүлдепті. Лотостар өздерің секілді әдемі екен. Бірақ

кенеттен дүлей пері келіп, лотостың сабағын жұлып, кетіп қалады. Мен бұл түстің мәнін түсіндім. Жерге түсейік деп сұрамаңдар», – дейді.

Домаройдың уәжін естіген қыздары: «Егер Жерге түсуімізге рұқсат бермесең, көктегі азықтың бірде-бірінен нәр татпаймыз», – дейді. Осыны айтып, олар кері бұрылып кетеді. Ханшайымдардың қайтпас мінезін көрген патша сарайының қызметкерлері: «Уа, тақсыр, оларға өз батаңызды берерсіз?! Түсіңізде көргеннің өңін айналдырудың жолдары бар екенін білесіз ғой», – деп патшадан өтінеді.

Сонда Домарой қыздарына қарап: «Жақсы, алтындарым, рұқсатымды бердім. Бірақ әуелі Чибарды сыйға тарту жоралғысын орындауларың тиіс. Бір түнде мақта теріп, жоса түсті жеті чибар (мундир) жасаңдар, оны Будда храмына садақа етіп беріңдер. Сонда Будда құдай жолдарыңды ашады. Содан кейін ғана Жерге аттанасыңдар», – дейді.

Әкесі ойынан айнып қалмай тұрғанда үлгермек болып, ханшайымдар бір түнде мақта теріп, одан жіп иіріп, онысын жосаның түсіне бояп, Чибар деп аталатын жеті қасиетті мундир тігеді. Сосын әлгі Чибарларды Будда храмына садақаға береді. Сөйтіп олар сапарға шығады.

Сиқыршы ханшайымдарды Бангладеш тауындағы көл бетіне шағылысқан күн сәулесі мен түп-тұнық сарқыраманың сұлулығы ессіз тамсандырады. Қыздар әлгі өзенде рахаттана жүзіп, кеш бата Көкке көтеріліп, үйіне қайтады. Осылайша жеті ханшайым күн сайын таудағы көлге шомылып, әбден сауық құрады. Бір күні ханшайымдарды байқап қалған аңшы оларды ұстап алып, зынданға қамағысы келеді. Жаман пиғылын іске асыру үшін ол Киданг тауының түстік беткейіндегі үңгірде мекен ететін Нагараджаға жүгінеді.

Нагараджа күзетшіге у беріп, ханшайымдарға лақтыратын ауға да у себу керегін айтады. Аңшының қолына ханшайымдардың кенжесі Монри Мангцмуи түседі. Аңшы оған үйленгісі келеді. Бірақ Монри аңшыға аға ретінде қарайтын. Одан соң аңшы Монриді Марма ханзадасы Сатанумен таныстырады. Сатану Монриға үйленіп,

ал аңшы олардың қызметшісіне айналады. Неке қию рәсімі өткен соң сиқыршы Монри сызылтып ән салады:

«Ханшайыммын көктен түскен,
Мақталы бұл өлкеге.
Бангладешке тамсанып,
Ғашық болдым көлге де».

Бұдан кейін Монри: «Құдайым, мені ешқашан Көкке қайтара көрме!» – деп, Будда құдайға жалбарынады.

Монри мен Сатанудың отбасылық өмірі бақытқа толы еді. Монри Марма патшасының сарайында Будда құдайдың дінін уағыздайтын. Ал брахмандар болса сол кездегі қолданыста жүрген діннің болашағына алаңдап, жұмыссыз қалып, аштан өлеміз бе деп қорықты.

Бұл уақытта Марма патшалығы мен көрші патшалықтың арасында соғыс өрті тұтанған еді. Сатану майдан даласына аттанады. Ал Монри ай-күні жетіп, ұл туады.

Бір күні Марма патшасы түс көріп, оны Монроға баяндап береді: «Менің ханшайым келінім, өткен түнде түсімде ішімнен аппақ піл шығып, сарайды жеті рет айналып, қайтадан ішіме кіріп кетіпті. Бұның мағынасын білесің бе?».

Монри: «Бұл – жақсылықтың нышаны, ата. Аппақ піл жеңісті білдіреді. Сіздің түсіңізді жорысам, ұлыңыз соғыста жеңіске жетіп, қаһарман болып елге оралады», – дейді.

Мұны естіген патша дереу дін қызметкерлері-брахмандарды сарайына шақырады. Дәстүрлі дін қызметкерлері бұл кезде Будда дінінің насихатына қарсы қастандық ойластырып жатқан болатын. Патша түсін айтып берген кезде олар: «Уа, тақсыр, бұл түс – жамандықтың белгісі. Түсіңізді жорысақ, ұлыңыз Сатану өлім құшқалы тұр. Бірақ келініңіз Монриді біздің дәстүрлі ғибадатханада құрбандыққа шалсаңыз, бұл қайғының алдын аласыз», – деп шулайды. Брахмандардың кеңесімен патша Монриді дәстүрлі ғибадатханада құрбандыққа шалмақ болады. Оның пірі Монриге қастандық ойластырылып жатқанын хабарлайды. Ол Монриге аман қалу үшін тез арада Көкке оралуы керегін айтады. Бірақ Монри басын шайқап: «Сәбиімді тастап, Көкке аттана алмаймын. Ал ұлым – Жердің жаратылысы,

оны Көкке алып кету мүмкін емес», – дейді. Ғибадатхана пірі: «Баланды осында қалдыр. Оған қауіп төніп тұрған жоқ. Ал өзің кешіксең, олар сені өлтіреді», – деп ескертеді.

Көкке көтерілмес бұрын Монри қалың орманда өмір сүретін монахқа жүзігін беріп кетеді.

Сатану соғыстан жеңіспен оралады. Монриді таппай, аласұрып, үйінен кетіп қалады. Ұзақ жол жүріп, қалың орман ішіндегі монахқа жолығады. Монах оған Монридің жүзігін беріп, Көкке қалай жету керегін айтады. Монах көрсеткен бағдармен жүріп отырып, арып-ашып, түрлі қиындықты еңсеріп, ақырында Сатану Көкке жетеді. Аспан әміршісі Домарой Сатанудың күші мен ақылына тәнті болып, қызының некесіне батасын береді. Сатану мен Монри қайта үйленіп, Жер бетіне түседі.

Сатану мен Монри Жерге оралғанда, арада жүз жылдай уақыт өткен екен. Олардың перзенті бұл уақытта ақ сақалды қарияға айналып үлгерген болатын. Бірақ бәрібір Монри мен Сатану ұлымен қауышқанына шексіз бақытты еді.

ИЛИ-ИППАШРА МЕН ОНЫҢ ҚЫЗЫ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Или-иппашра патша біздің заманымызға дейінгі XIV ғасырдың бірінші жартысында Дилмун (қазіргі Бахрейн мемлекетінің аумағы) жеріне билік жүргізген. Оның ай десе аузы, күн десе көзі бар, көркіне ақылы сай қызы болыпты. Патша қызын жанындай жақсы көрген екен, оның болашағы жарқын болсын деп бар жағдайын жасайды. Патша қызының жанына бірнеше адам ертіп, бүкіл керек-жарағын сайлап, шумерлердің қасиетті қаласы Ниппурға (қазіргі Ирак мемлекетінің аумағы) оқуға аттандырады. Ай сайын ол сүйікті қызының халін біліп қайтуға өкілдер жіберіп, сондай-ақ қызына мен оның қамқоршыларына сый-сыяпатын салып отырыпты.

Дилмун халқының әлеуметтік-мәдени өмірін басқару үшін шумерлер еліне кетіп, ынты-шынтысымен оқуға кіріскен қызы жайлы соңғы жаңалықтарды есту үшін Или-иппашра патша өзі жіберген өкілдердің оралуын асыға күтетін еді. Бір күні Или-иппашра патша сүйікті қызының ауруға шалдыққаны туралы хабар алады, бірақ патшалықты тастап, оның жағдайын біліп қайтуға мүмкіндігі болмайды. Ол қолы жеткен дәрі-дәрмек пен сый-сыяпаттың бәрін қызына жіберіп, өзінің жеке дәрігерін қоса аттандырады. Әкесінің мұншалықты қамқорлығы мен махаббатын көрген ханшайым дертінен құлан-таза айығып, оқуын жалғастырады, ақырында аман-есен еліне оралып, әкесінің мақтан тұтар мұрагеріне айналады. Әйгілі Гильгамеш туралы аңыздағыдай, ауру-сырқаудан, ажалдан, қайғыдан ада елдің билеушілері тәрізді оның құрметіне патша сарайында қабылдау рәсімі өтеді.

ЭНКИ МЕН НИНХУРСАГ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Су құдайы Энки өзінің сүйіктісі Нинхурсаг әйел-құдаймен бақытты әрі қауіпсіз өмір сүретін мекен іздеп, Дилмун жеріне көзі түседі. Төңіректе бұдан асқан әдемі әрі жайлы қоныс жоқ-ты. Бұл жер аңыз-әпсаналарда киелі, таза және нұрға толы өлке ретінде сипатталатын. Мұнда тұщы су телегей-теңіз боп ағып, тіршілік гүлденіп жататын. Топырағында өскен шүйгін шөп бүкіл жануар атаулыға азық еді. Энки мәңгілік өмірдің құпиясын дәл осы Дилмунда ашқан болатын.

Мұны естіп, шумерлердің ұлы мифологиялық қаһарманы Гильгамеш мәңгілік өмір гүлін табу үшін Дилмунға аттанады. Аңыз бойынша әлгі гүл көз қарықтырар аппақ інжу түрінде теңіз түбінде жататын, теңіздің тұзды суы мен оның түбінен шығатын тұщы су оның сұлулығын одан әрі арттыра түсетін.

Энки мен Нинхурсаг Варвара ауданына есі кете қызығатын, олар өздеріне арналған ғибадатхананы осы жерден соғуды ұйғарады. Іргесі қаланғанына мың жыл болған бұл ғибадатхана әлі күнге дейін бар деседі. Ол тас ғасырында Дилмун жеріне табан тигізіп, қола дәуірінің басталуына себепкер болған қос құдайды еске түсіретін ескерткіш іспеттес.

Ғибадатхана маңына олар қоныс-жайлар тұрғызып, онда адамдар мен жануарлар өмір сүрген, бұл жерде өнер-кәсіптің сан алуан түрі, оның ішінде тігіншілік пен қыш өнері өркен жайған. Мұнда ауылдар қалыптасып, оның периметрі бойынша тас үйлер тұрғызылған. Энки мен Нинхурсагтың басқаруымен мұнда дамыған қоғам орнаған.

Мөртаңба мен таразының күрделі жүйесі әзірленген, сондай-ақ үндістер және месопотамиялық мәдениет өкілдерімен сауда байланысы нығая бастаған. Дилмун жұрты молшылықта, әдемі табиғат аясында тату-тәтті өмір сүріпті, ал бұл мекенде өсетін өсімдіктер мен жануарлар олардың негізгі азық көзі болған.



БАНЬ ГИАЙ МЕН БАНЬ ЧЫНГ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Бань Гиай мен Бань Чынг – вьетнамдықтар арасында аса танымал екі жеңсік ас. Бань Гиайды көбіне карнавалдар мен әртүрлі салтанатты іс-шараларда пісіреді. Бұл – бір қарағанда жұмсақ әрі жабысқақ ақ қамырға ұқсайтын, непс күрішінен әзірленетін домалақ шелпек. Оның күмбез тәріздес жоғарғы бөлігі аспанды еске түс реді. Ал Бань Чынгты әдетте күнтізбедегі бірінші айдың алғашқы үш күніне сәйкес келетін вьетнам жаңа жылында дайындайды. Бұл – банан жапырақтарына оралып, жұмсақ бамбук талшықтарынан иірілген жіппен байланатын шаршы пішінді қаусырма бәліш. Оның дәмі тіл үйіреді әрі құнары да мол; ішінде бұршақ пастасынан жасалған салмасы бар, оған майлы және майсыз доңыз етінің шағын тілімдерін қосуға да болады. Дәмдеуіштер молынан қосылған осы салманы жабысқақ непс күрішінің қабаттары арасына жайып шығады. Бәліштің шаршы пішіні жылдың төрт мезгілінде де аста-төк азығын беретін Жер-Анаға деген вьетнам халқының алғысын білдіреді. Сіздерге Бань Гиай мен Бань Чынг деп аталатын осы тағам түрлерінің қалай пайда болғаны жайлы хикаяны баяндап берейік.

VI Хунг патша ұзақ та мәнді ғұмыр кешіпті. Ан шапқыншылығына тойтарыс беріп, өз патшалығында бейбітшілік орнатқаннан кейін ол тақ пен билікті мұрагеріне қалдырып, егде жасында жаны тыныш өмір сүргісі келеді.

Патшаның жиырма екі ұлы болыпты, олардың бәрі де ел билеуге әбден лайықты ханзадалар екен. Хунг ұлдарының



арасынан мұрагері мен орынбасарын таңдап алмақ болады. Бұл өте қиын шаруа еді, патша қай ұлында нағыз билеушіге тән қасиеттер барын білмейтін. Патша көп ойланып, ақырында қызық бір шешімге келеді. Әлем аралап жүріп біраз дүниені үйренуге болатындықтан, ол ұлдарын сапарға аттандыруды ұйғарады.

Патша жиырма екі ханзаданы шақырып алып, былай деп бұйырады:

«Жердің ең алыс бұрыштарына аттаныңдар да, маған бұрын-соңды дәмін татып көрмеген, сөзсіз ұнайтын азықты тауып әкеліңдер. Ең дәмді ас-ауқат ұсынған ұлыма осы патшалықты мұраға қалдырамын».

Ханзадалар ә дегеннен-ақ алыс сапарға дайындала бастайды. Жиырма бір ханзада патша ұнататын тағам түрлерін іздеп, қашықтағы елдерге аттанады. Біреуі солтүстіктегі сұп-суық әрі қонақжайлықтан жұрдай өлкелерге сапарлап кетсе, енді бірі оңтүстікке, шығысқа және батысқа қарай жолға шығады. Ал бір ханзада патша сарайында қалады. Ол патшаның Ланг Лью есімді он алтыншы ұлы еді. Кішкентай кезінде шешесінен айырылып, өзге бауырларына қарағанда ана махаббатын білмей өскен. Оны күтуші әйел бағып-қаққан екен.

Ханзада Ланг Лью түкке түсінбей, патшаға арналған жаңа тағамды қайдан іздеу керегін білмей, әбден басы қатады. Оған кеңес беретін де ешкім болмай, ақыры сарайда қалып, терең мұңға батады.

Бір күні ханзадаға түсінде жын келіп былай дейді:

«Уа, ханзада, сенің өрімдей кезіңнен жалғыздықтың жапа шегіп жүргеніңнен хабардармын және сенің үрей-қорқынышыңды да түсінемін. Әкеңнің көңілін табуға көмектесу үшін саған мені жіберді. Сондықтан, қане, басыңды көтер, мұңайма. Адам күрішсіз өмір сүре алмайды, бұл – оның негізгі азығы. Табиғаттың заңы солай. Әуелі аздап жабысқақ күріш, аздап бұршақ, аздап майлы және майсыз доңыз еті мен дәмдеуіштер ал. Бірнеше банан жапырағын жұлып, жарылған бамбуктың жұмсақ талшықтарын бөліп ал. Есіңде болсын, бұл азықтың бәрі Жер-Ананың аста-төк молшылығын білдіреді. Күрішке таза су құйып,

бір қайнат. Күріш піскен соң оны езіп, күмбезге ұқсайтын жіңішке шеңбер етіп жай. Енді бұршақ пастасы мен доңыз етінің бірнеше тілімінен салмасын дайында. Оны жаңағы жабысқақ непс күріші қабаттарының ортасына сал. Бәрін банан жапырақтарына орап, пішінін шаршы тәріздес етіп жаса. Содан соң бағанағы жұмсақ бамбук талшықтарымен байла. Бұл бәлішті қажет күні пісірсең, бірден жеуге дайын болады».

Осыны айтты да, жын көзден ғайып болды. Ханзада оянса, төсегінде жатыр екен, ол біразға дейін төбеден көзін алмай, түсінде естіген сөздерін күбірлеп қайталайды. Бұл түс оған аян болды ма екен сонда?! Таңертең ол түсін күтуші әйелге айтып, екеуі бірге қажетті азық-түлік әкеліп, бәлішті тұп-тура жын айтқандай етіп пісіреді.

Шабдалы ағаштары гүлдеп біткен шақта ханзадалар сапардан оралады. Ерекше ас іздеп, әбден шаршап-шалдықса да, әрқайсысы жеңімпаз болудан үмітті еді. Олар сапардан әкелген таңғажайып азық-түліктерді қосып, түрлі-түрлі ас әзірлейді. Әр ханзада дәл өзінің дайындаған тағамы ең дәмді болып шығатынына сенімді еді.

Келісілген күні ханзадалар барлық ас-ауқатты патшаның алдына апарады. Патша жиырма бір астың дәмін татып, жиырма бір мәрте басын шайқайды. Содан соң ханзада Ланг Лью елеусіз ғана өзінің екі түрлі асын патшаға әкеледі. Оның бірі – аспан тәріздес дөп-дөңгелек шелпек болса, екіншісі – буы бұрқыраған, жер тәріздес шаршы пішінді, банан жапырақтарына оралып, жұмсақ бамбук талшықтарымен байланған бәліш. Ханзада жапырақтарды ашып, жұп-жұмсақ әрі жабысқақ жасыл бәлішті бамбук пышақпен кеседі. Бәліштің іші ақ және лимон түстес сары екен, ара-арасында ағараңдап доңыздың майы мен қоңырқай еті көрінеді.

Патша шаршы бәліштен аздап кесіп алып, дәмін татады. Одан соң екінші тілімін, сосын үшінші тілімін жеп, ақыр соңында бәлішті толықтай тауысып қояды. Кейін ол дөңгелек шелпекті қомағайлана соғып алады.

«Тағы бар ма?» – дейді ол тамсанып. Көзі жайнап кеткен.

«Мұны қалай пісірдің?» – деді бір кезде таңғалып.

Ханзада Ланг Лью оған түсінде жын келіп, осы тағамды қалай пісіруді үйреткені жайлы тәптіштеп баяндап береді. Патша сарайындағылар оның әңгімесін ұйып тыңдайды.

Патша бұл хикаяға таң-тамаша қалады – құдды бір құдайлардан аян етілген таңғажайыптың нышаны іспеттес еді. Ол жас ханзаданың мемлекетті басқаруда құдайлардың қолдауына сүйене алатынын ұғады. Әлбетте, патша Ланг Льюді жеңімпаз деп танып, өзінің мұрагері әрі орынбасары етеді. Сондай-ақ ол дөңгелек шелпекті – Бань Гиай, ал шаршы пішінді бәлішті Бань Чынг деп атап, министрлеріне оның дайындау әдісін бүкіл вьетнам халқына таратуды бұйырады.

ЖҮЗ ЖҰМЫРТҚА ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Ерте ерте ертеде, аспан мен жер жаратылғаннан кейін біраз жыл өткенде, Солтүстік Вьетнамдағы Хонгха өзенінің жағасына бір ел қоныс теуіпті. Олар балық аулап, күріш егіп күнелткен екен, балық пен егіннің түсімі өзен суының көтерілуі мен қайтуына байланысты болыпты.

Бір күні Лак Вьет елінде (қазіргі Вьетнам) Лак Лонг Куан атты құдай пайда болады. Аңыз-әпсаналарға сүйенсек, Лак Лонг Куан – Нгу Линь тауының солтүстігін мекендеген Тан Нонг құдайдың ұрпағы. Оның әжесі – Нуи Нгу Линь әйел-құдай, оның екінші аты – Ву Тиен. Оның әкесі Кинь Дунг Вуонг – тау құдайы әрі Сич Куи патшалығының әміршісі болған, ол су құдайы Хо Донг Диньге үйленеді. Тау құдайы мен су құдайының некесінен Лак Лонг Куан өмірге келеді. Оның анасы су айдаһары еді, сондықтан Лак Лонг Куанға анасының қасиеттері дарыған екен. Лак Лонг Куан – оның лақап аты, ал шын есімі – Сунг Лам.

Кинь Дунг Вуонг ұлы Лак Лонг Куанға Лак Вьет елін басқаруға береді. Кинь Зыонг Выонгтан солтүстікке қарай – Сич Куи патшалығы мен әйгілі Донг Динь (Хо Нам) көлі, оңтүстікке қарай Хо Тон (Чампа) мемлекеті, батысында Ба Тху (Ту Сюйен), ал шығысында Нам Хай мұхитымен шектесіп жататын.

Ұлы император Лак Лонг Куан өзінің сарайын көл түбіне салдырады. Бірақ суасты сарайынан бөлек, таудың ұшар шыңында да оның үйі бар еді, оған Лонг Транг деген атау берген. Зәулім қақпаның ар жағы самсаған ағашқа толы бақ болатын. Алайда Лак Лонг Куан өзінің негізгі

мекені ретінде суасты императорлық сарайын таңдаған-ды. Ол өз жұртына: «Әгәрәки мені іздесеңдер, көлге жақындап, «Уа, әкей!» десеңдер болғаны, сол заматта-ақ пайда болам» дейтін.

Бірде Де Лай құдай Лак Вьет еліне бармақшы болып, өзімен бірге жұбайын (кейбіреулердің айтуынша, өз қызын) ертіп алады. Де Лай құдай да Тан Нонгтың ұрпағы болған, яғни Лак Лонг Куануға туыс болып келетін. Де Лай елге келгенде Лак Лонг Куан суасты сарайында еді. Ол әйелі Ау Коны қонақүйде қалдырып, өзі сарбаздарымен бірге ел аралап, ауылдардың біріне барады. Де Лай әскері ауыл тұрғындарына қысым көрсетті ме, ол жағы белгісіз, қонақтар жергілікті халықтың шамына тисе керек, олар Лак Лонг Куанды көмекке шақырады.

Лак Лонг Куан құрлыққа шығып, қонақүйге барса, онда Ау Коны көреді. Қыз үріп ауызға салардай сұлу екен, император оған бір көргеннен ғашық болады. Лак Лонг Куан сол мезетте сұңғақ бойлы, сымбатты жас жігітке айналады да, қолына лира ұстап, махаббат балладасын әндете жөнеледі. Ау Ко да оны көріп, мұншалықты сұлулығына есі кетеді. Олар үйленіп, Лак Лонг Куан оны құз басындағы Лонг Транг сарайына алып кетеді.

Де Лай оралып, Ау Коның жоғалып кеткенін білгенде, ашуға булығып, сарбаздарына тез арада оны тауып әкелуді бұйырады. Бұл уақытта Лак Лонг Куанның құлағына ауыл тұрғындарының шағымы жеткен еді, ол әп-сәтте айдаһар, жылан, піл, жолбарыс және басқа да жыртқыш жаратылыстарға айналып, жолды бөгеуге тырысады. Де Лайдың әскері қорқып, әміршілеріне кері шегінуге кеңес береді. Алайда оны тыңдайтын Де Лай бар ма?! Ау Коны іздеп тапқанша сонда қалуды ұйғарады. Лак Лонг Куан мен Де Лай арасында не болғанын әлі күнге дейін ешкім білмейді, бірақ түптің түбінде Де Лай өз әскерін солтүстікке шегіндіруге мәжбүр болады.

Лак Лонг Куанмен бір жыл бойғы отбасылық өмірінде Ау Ко жүз жұмыртқа басып, одан жүз адам пайда болады. Бұл балаларды бағып-қағудың да, тәрбиелеудің де

қажеті жоқ еді. Олар секунд санап өсіп, дені сау ересек адамдарға айналады.

Су астында өмір сүруге дағдыланған Лак Лонг Куан суасты сарайына кетеді, ал Ау Ко құрлықта қалады. Күйеуінен тым жырақта өмір сүрген келіншек Отанын сағынып жүреді. Бір күні ол жүз баласымен бірге туған жеріне қонаққа аттанады.

Де Лай бұл уақытта Хонг Де әскерінің қолынан қаза тапқан болатын. Ау Коның жүз ер адаммен бірге келе жатқанын естіген Хонг Де асып-сасып, мың адамға оларды ел шекарасында бөгеуді бұйырады. Ау Ко мұншалықты көп әскерді көріп, амалсыздан кері бұрылып, еліне қайтуға мәжбүр болады. Ол дұшпандардың Лак Вьет еліне шабуыл жасауынан сескеніп, күйеуінен көмек сұрайды. Олардың ақырғы кездесуі Донг Конда болған еді.

Ау Ко күйеуінің ұзақ уақыт жырақта болғанына кейіп, содан соң солтүстік аймақтағы оқиғаға қатысты оны айыптайды. Алайда Лак Лонг Куан жұбайы мен балаларына шешімінің шынайы себебін түсіндіреді: «Мен табиғатымнан айдаһарға жақынмын, ал сен перизат тәріздісің. Біздің әдет-дәстүріміз әртүрлі, бір-бірімізден жырақ өмір сүреміз. Біз біршама уақыт бірге болдық. Енді елу баламыз менімен бірге суасты сарайына аттанады, қалған елуі құрлықта анасымен бірге қалады. Қай-қайсымыз қиындыққа ұшырасақ, басқамыз ештеңеге қарамастан көмекке ұмтылуымыз керек».

Жүз бала әкелерінің ойын ұғып, өзара екіге бөлінеді. Елу бала анасына еріп, тауға кетсе, қалған елуі әкесінің ізімен су астына түседі. Вьетнам халқы осылай пайда болған. Ау Ко мен оның елу баласы Хунг Вуонг деп аталатын лауазымға ие билеушілерге айналады. Вьетнамдықтар өздерін айдаһар мен перизаттың немерелері деп санайтыны сондықтан.

ПІЛДІҢ АЛҒЫСЫ

Бағзы бір заманда, Брахмадатта патша Бенаресті басқарып тұрған шақта қалаға таяу маңда бір ауыл болыпты, онда бес жүз ағаш шебері өмір сүреді. Олар қайыққа мініп, өзен бойымен орманға жетеді де, бір-екі қабатты үйдің қабырғасын көтеріп, негізгі бағаннан бастап әр бөлігін нөмірлеп кетеді екен. Одан соң бәрі өзен жағасына түсіп, ағаштарды кемеге тиеп, ағыс бойымен кері қайтады. Өте тиянақты әрі епті шеберлер ауылындағы тапсырыс берушілердің қалауынша үй тұрғызып, нәпақа табатын. Бір ісі біткен соң олар орманға қайта барып, басқа да тапсырыстарға қажет құрал-жабдықтарды дайындайды екен.

Бір күні ұсталар ағаш жонып жатқан жерде бір пілдің табанына акацияның жаңқасы кіріп, аяғы күп боп ісіп, іріңдеп кетеді. Ауру шыдатпай, піл қатты қиналады. Өмір мен өлім арасында жанталасып жатқан сәтте кенет ол ағаш шауып жатқандардың даусын естіп қалады. «Олар маған көмектесіп қалар» деген оймен піл ақсаңдап, үш аяғымен әлгі адамдардың жанына жетіп жығылады. Ұсталар өткір пышақпен тікен кірген тұстың айналасын кесіп, жіңішке арқанға тікенді байлап, шығарып алады. Одан соң ұсталар шипалы шөп жинайды, тікен кірген жерді жылы сумен жуып, жараның үстіне әлгі шөпті танған соң, жара да тез жазылады.

Піл құлан-таза айығып, бұл көмегі үшін ұсталарға дән риза болады. «Өмірімді құтқарған адамдарға қызмет етуім керек» деп түйеді. Сөйтіп піл ағаштарды жерден жұлып беріп, ұсталар жонған бөренелерді домалатуға көмектесіп жүреді. Ол ұсталардың барлық құрал-сайманын көзінің

қарашығындай қорғайтын еді. Әр ұста бір-бір табақ ас әкеліп, пілді тамақтандыратын. Сөйтіп піл әр ретте бес жүз табақ ас жейтін.

Көп ұзамай пілдің сүп-сүйкімді аппақ төлі дүниеге келеді. Піл өзінің қартайғанын, демалуға уақыт таяғанын сезіп, төлін ұсталарға қызмет етуге үйретіп жүреді. Бір күні ұсталарға лəм-мим деместен орманға барып, төлін ертіп келеді. «Бұл – менің ұлым. Бір кездері өміріме араша болып, аяққа тұрғызғандарың үшін баламды бермекпін, ол сендерге қызмет етеді», – дейді əке-піл. Баласына бар үйреткенін тағы бір түсіндіріп, ұлын ұсталармен бірге қалдырады да, өзі орманға беттейді. Сөйтіп жас піл ұсталарға ынты-шынтысымен қызмет етіп, олар мұны əкесі секілді тамақтандырып, əр ретте бес жүз табақ ас əкеліп жүреді.

Піл жұмысын бітірген соң өзенге барып ойнап, қайта оралатын. Ұсталардың балалары оның тұмсығынан тартып, суда да, құрлықта да бірге асыр салатын. Саналы жаратылыс, мейлі ол піл болсын, жылқы болсын, адам болсын ешқашан суда дəрет сындырмайды. Жас піл де ондай жаман қылықтан ада болып, жағаға шыққанша шыдап бағатын. Бір күні нөсер жаңбыр жауып, өзен суы көтеріледі де, бүкіл ас-ауқат пен əлі қатып үлгермеген тезектерді шайып кетеді. Олар өзен ағысымен Бенарес жаққа жетіп, бір бұтаға ілініп қалады. Дəл сол мезетте патшаның қызметшілері бес жүз пілді шомылдыруға жағаға əкелген еді. Бірақ пілдер əлдебір саналы мақұлықтың тезегінің иісін сезіп қалады да, ешқайсысы суға кірмей, құйрықтарын көтеріп, қаша жөнеледі. Қызметшілер бұл оқиға жайында піл үйретушілерге айтқанда, олар: «Бəлкім, су таза емес болуы мүмкін», – деп жауап береді. Расында, суды тазартып жатқанда тезектер табылады. «Міне, бəлекет қайда жатыр!» – деп айғайлайды адамдар. Олар үлкен құмыраға су толтырып, ішіне бір ұнтақ салып, сол қоспаны пілдердің үстіне шашады. Пілдердің денесі сол сəтте-ақ жабысқақ болып, ақыры олар өзенге түсіп, шомылады. Піл үйретушілер бұл туралы патшаға баяндап береді. Патша жүзіп отырып, ағыс бойымен өзеннің жоғары тұсына – ұсталар

қоныстанған жерге жетеді. Бұл кезде жас піл алаңсыз ойнап жүрген еді. Дабылдың даусын естіген ол жағаға шығып, патшамен сәлемдесуге жиналған ұсталардың жанына тоқтайды.

– Тақсыр, сізге бөрене-тақта қажет болса, бұл жаққа келіп бекер әуре болдыңыз. Неге біреуді жұмсамадыңыз? Сізге бәрін жеткізіп берер едік, – дейді ұсталар.

– Жо-жоқ, достарым, – деп жауап қатады патша. – Мен ағаш емес, мына пілді алып кетуге келдім.

– Піл онда сіздікі, тақсыр!

Бірақ Піл орнынан қозғалмайды.

– Менің не істегенімді қалайсың, қырсық піл? – деп сұрайды патша.

– Уа, әмірші, ұсталардың маған жұмсаған шығынын өтеп беруді бұйыр.

– Айтқаның болсын.

Сөйтіп патша пілдің тұмсығы, құйрығы және төрт аяғының әрбірінің жанына жүз мың тиыннан қоюды бұйырады. Бірақ Пілге бұл да аз болып, орнынан жылжымай қояды. Бағанағы ақшаға қоса, ұсталардың әрқайсысына киім, ал әйелдеріне әдемі көйлек беріледі. Сондай-ақ піл өзі күнде бірге ойнап жүрген балаларға да молынан сый-сыяпат беруді сұрайды. Ақыры ұсталарға, олардың әйелдері мен балаларына ақырғы мәрте көз қиығын салып, патшаға еріп кетеді.

Патша оны ел астанасына әкеледі; бұл қала да, ондағы піл қора да айнадай жарқырап тұр еді. Патша пілге бүкіл қаланы аралатып, сосын оны керемет етіп безендірілген қонысқа апарады. Онда салтанатты түрде оған су шашып, өзінің ғана мінісіне тағайындайды; оған досындай қарап, патшалығының жартысын беріп, қамқорлық танытады. Піл келгеннен кейін патша Үндістанды түгел билейді.

Уақыт өте келе патшаның әйелі Бодхисаттваға жүкті болады, алайда оның ай-күні таяғанда патша дүниеден өтеді. Оның өлімін пілге естіртуге ешкімнің жүрегі дауаламайды, қайғылы хабар пілге сөзсіз ауыр тиер еді; сондықтан



бәрі де әліптің артын бағып, жақ ашпайды. Бір күні көрші патшалықтың билеушісі Косалы патшаның қайтыс болғанын естіп: «Енді бұл жер менің қол астыма өтеді» деп шешеді, жер қайысқан әскерімен қаланы қоршауға алады. Дәл сол мезетте қаланың қақпасы жабылып, Косалы патшаға хабар жетеді: «Біздің патшайымның айы-күні жетіп отыр. Астрологтардың айтуынша, жеті күннен соң ұл бала дүниеге келеді. Сол рас болса, патшалықты сенің қолыңа бермейміз және жетінші күні саған тойтарыс береміз. Оған дейін күте тұрсаң екен!». Косалы бұған келіседі.

Жеті күн дегенше патшайым шекесі торсықтай ұл туады. Ханзаданың есімін Уинхарт деп қояды, өйткені ол адамдардың жүрегін жаулау үшін туған деп сенеді. Нәресте өмірге келген күні қала тұрғындары Косалы патшамен шайқасқа шығады. Алайда қолбасшылары болмағандықтан, әскер қанша көп болса да, шегінуге тура келеді. Сарай қызметшілері бұл туралы патшайымға хабарлайды: «Біздің әскер шайқаста кері шегініп барады, жеңіліс табуымыз мүмкін. Әміршіміздің ең жақын досы – піл оның дүние салғанына, ұлы өмірге келгенінен, Косалы патшаның бізбен шайқасып жатқанынан бейхабар. Пілге бәрін айтқанымыз дұрыс».

Патшайым бұған келіседі, ұлын киіндіріп, зығыр матаға орайды да, барлық қызметшімен бірге сарайдан шығып, піл қораға кіреді.

Кірген бетте нәрестені Пілдің аяқ тұсына қойып:

«Уа, әмірші, сенің патша досың қайтыс болды, бұл қайғылы хабар саған аса ауыр тиерін біліп, естіртуге қорықтық. Бұл – сенің досыңның ұлы. Косалы патша әскерімен қалаға кіріп, билеушіңнің ұлымен жауласуда, біздің әскер кері шегініп барады. Не әміршіңнің ұлын өзің өлтір, не оған патшалықты қайтарып бер!», – дейді.

Піл тұмсығымен нәрестені аялай сипап, оны төбесіне шығарады, сосын күңіренген дауыспен әміршісін жоқтап, сәбиді қайтадан анасының қолына береді де:

«Мен Косалымен шайқасамын!», – деп асығып шығып кетеді.

Тез арада қызметшілер оған сауыт-сайманын кигізіп, жабуын жауып, қаланың қақпасын ашып, шайқас алаңына алып барады. Пілдің қаһарынан қорыққан жау әскері тым-тырақай қаша жөнеледі. Косалыны желкесіндегі айдарынан ұстап алып, піл оны кішкентай ханзаданың табанына тастайды. Бір адамдар патшаны өлтірмекке тап бергенде, піл оларды тоқтатады, тұтқындағы патшаны босатып, кеңес береді: «Болашақта өте сақ болғайсың және біздің ханзадамыз жас болғаны үшін өзіңе тым қатты сенімді болма!».

Осы оқиғадан соң бүкіл Үндістанның билігі ханзада Бодхисаттваның қолына өтеді, бірде-бір жау оған қарсы тұра алмайды. Жеті жасынан бастап Бодхисаттваны өзі өмірге келген күндегідей Уинхарт пат деп атап кетеді. Ал дәм-тұзы таусылып, өмірден өткенде, ол жұмақтық болады.

Панчатентра және Хитопадеша
хикаяларынан алынған

ШЕКТЕН ТЫС АШКӨЗДІКТІҢ СОҢЫ — АЗАП

Алпелобхин, Миталобхин, Атилобхин және Атиантхалобхин[1] – бұл төрт кедей жас брамин өзара жақын дос болыпты. Олар кедейліктің ащы дәмін әбден татқан екен. Бір күні олар жиналып, Атиантхалобхин былай деп сөз бастайды: «Достар, кедей болу ұят! Туыстың арасында кедей болып өмір сүргеннен орманға барып, жолбарыс, піл және басқа да жабайы жануарлар мекен ететін тікен-бұтаның арасында тіршілік етіп, ағаштың қабығынан киім киіп, шөп үстінде ұйықтаған жақсы. Кедей адамдар қанша адал қызмет етсе де, қожайыны бәрібір жақтырмайды, туған-туысының өзі олардың адал пейіліне қарамай арқасынан пышақ ұруға әзір. Кедей адамдар абыройдан жұрдай, оларды балалары кезі келген сәтте-ақ тастап кетеді, тіпті бір-екі бақыр тиынға ертелі-кеш еңбек етіп, үй шаруасымен айналысып жүрген адал әйелдерінің де махаббаты сөніп қалуы мүмкін.

Оларды достары да іздеп келмейді, өйткені үйінде дәмді тамақ та, шөл басар сусын да жоқ. Бұл өмірде адам табиғатынан батыл, сұлу, көңілді, шешен болып, қарудың да тілін тауып, ғылыммен де дос болғанымен, егер оның жиған дәулеті болмаса, алысқа бармайды, сый-құрметке де бөленбейді. Қызық, иә, адам үшін дәулеттің маңызы қандай үлкен! Бай адам бағана айтқан қасиеттердің бәрін дамытып, айналасына сыйлы, әйгілі бола алады. Ақшасыз адамның еш қабілеті шыңдалмайды, бойында бар таланты сөнеді. Алыс жаққа аттанып, бай адамдарға айналайықшы!».

[1] Бұл есімдер «сәл ашкөздеу», «белгілі бір деңгейде ашкөз», «өте ашкөз» және «шектен тыс ашкөз» деген мағынаны білдіреді

Қалған достары оның бұл сөзін қоштап, келіседі. Көп ұзамай олар туып-өскен жерін, туыстарын, жора-жолдастарын тастап, дәулетті өмірдің кілтін іздеп, жолға шығады. Адамдар былай деседі: «Адам сіңірі шыққан кедей болып, тым болмағанда, бүгін аш қалмайын деп жанұшыра тамақ іздеуіне тура келгенде, ол ақиқаттан бас тартып, туыстары мен достарынан баз кешіп, ата-анасы мен туған жерін тастап, басқа елге оп-оңай кете алады».

Бірнеше күннен кейін төрт дос Аванти[2] еліне жетеді. Қасиетті Сипри[3] өзеніне шомылып, оның жағасында әйгілі Махакала[4] ғибадатханасында құлшылық жасайды. Ғибадатханадан шыға берісте олар Бхайравананда[5] есімді сиқыршыны кездестіреді. Төрт жігіт оған сәлем беріп, онымен бірге сиқыршының таяу маңдағы ғибадатханасына еріп барады.

– Сендер кімсіңдер? Қайдан келдіңдер? Қайда барасыңдар? Мақсаттарың не? – деп сұрайды сиқыршы олардан.

– Біз мал-дәулет іздеп, жолға шықтық: не бай боламыз, не байлық іздеу жолында ажал құшамыз деп шешкенбіз. Сиқырдың күшімен адам жасырылған қазынаны оп-оңай тауып, ойда-жоқта байып кетеді деп айтады жұрт[6]. Біз сондай сиқыршылардың бірін іздестіріп жүрміз. Шытырманнан қорықпайтын батыл, тәуекелге бел байлай алатын адамдарға қазыналы көмбе бұйырады емес пе?! Бір адам көктен кедей ортаға топ ете түсуі мүмкін, енді бірі тырмысып, сол тозақтан қалайда шығып, шетсіз-шексіз мұхиттың иесіне айналады. Мұндай қиындықтар мен мүмкіндіктер – тағдыр тартуы емес, адамның күш-жігерінің мықты не әлсіз болуынан. Біз қалаған игіліктің бәрі ауыр еңбектің арқасында келеді, ол жай ғана тағдыр сыйы болмаса керек. Біздің сәттілік дейтініміз – адамның

[2] Қазіргі Үндістандағы Малва өңірі; астанасы – Уиджайн
[3] Қазіргі Бетва өзені
[4] Уақыт құдайы – Шива
[5] Бұл есім «Шиваға адал» деген мағынаны білдіреді
[6] Үндістанда жасырылған көмбе көп. Батыс елдерінде суға қарап бал ашу іліміне жұрт қаншалықты сенсе, сопылар мен сиқыршылар жасаған сиқырлы білтенің күшімен әлгі қазыналарды табуға болатыны туралы аңыз әлі күнге дейін адамдар арасында кең тараған

ерік-жігері мен сәтті кездейсоқтықтың қосындысы. Авантюристер биліктегі адамдардан қорықпайды. Олардың өз өміріне түкіргені бар. Мұндай адамдардың көз сүйсінтер ессіздігі – шын мәнінде баға жетпес қасиет. Бұл өмірде ауыр әрі табанды еңбек етпей, бақытқа жете алмайсың. Тіпті әмірші Нараяна да мұхит суын қолымен араластырғаннан кейін ғана Лакшмиді[7] құшақтайды. Адам жұмыс істеуді тоқтатқанда, оның дәулеті азая бастайды. Егер патшаның қажыр-қайраты жеткіліксіз болса, ол дұшпанының патшалығын жаулай алмайды, тіпті өз халқын қорғауға да қауқарсыз болмақ. Күн сәулесі қаншама бұлтты жарып өтіп, жарқырайды, өйткені ол үшін еңсерілмейтін кедергі жоқ. Дәл сол секілді, адам да барлық қиындықты жеңгенде еңсесі тіктеліп, жүзі жайнайды, сол кезде ешкімнің одан оза алмайтынын өзі де сезеді. Бізге тез баюдың қандай да бір жолын үйрет. Байлық жер астында жатып, оны залым жыландар күзетіп тұрса да, мейлі оны қолға түсіру үшін пері әйелдердің көңілін жұмсарту қажет болса да, мейлі араны ашылған жын-перілердің алдына адам мәйіттерін апару үшін өлік өртеген мекенді кезу керек болса да, мейлі сөнгенде құпия қазыналардың үстіне құлайтын сиқырлы білтенің иесі атану шарт болса да, бізге айтшы. Бәріне көнуге дайынбыз және адамнан табылмайтын ерекше қабілетіңді бойыңнан байқап та отырмыз. Бізге қол ұшын созуың керек. Ұлы іс ұлы адамдардың ғана қолынан келеді деседі. Лапылдап, дес бермей жанып жатқан отқа теңізден басқа кім шыдас береді?[8] – дейді олар.

Бхайрава нанда олардың сөзін қош көріп, мүсәпірлерге төрт сиқырлы білте жасап береді.

– Гималайға барыңдар. Білте тұтанып, жерге түскен сәтте сол тұсты қазыңдар, міндетті түрде көмбе табасыңдар. Кедейліктен құтылуға жеткілікті байлық жиғанда,

[7] Лакшми – Вишнудың жұбайы; құдайлар мен перілер мәңгі өмірдің сусынын жасап шыққысы келіп, мұхит суын қолымен араластырғанда, осы Лакшми пайда болады. Сол сәтте істің басы-қасында жүрген Вишну шаршаған қолымен оны құшақтай алады

[8] Мұхит ортасында тұтанатын ең қауіпті мифологиялық от

үйлеріңе қайтыңдар, Құдайдың заңына қарсы келмеңдер, – деп шығарып салады сиқыршы.

Төрт дос дәруішке алғысын жаудырып, Гималайға аттанады. Бір төбені басып өткенде Алпелобхиннің қолындағы білте тұтанып, жерге түседі. Ол тура сол тұсты қазып, мыс тиындардың көмбесін тауып алады[9]. Ол мәз болып, достарына:

– Көтере алғанымызша алып, үйімізге қайтайық, – деп ұсынады.

– Ой, ақымақ, мына түкке тұрғысыз мыспен қай жыртығыңды жамайсың? Бұдан біздің байып кетеріміз шамалы. Қане, тұр, ары қарай жүрейік, – дейді басқалары.

– Сендер жүре беріңдер. Ары қарай бармаймын, осы мысқа да қанағат қыламын, – дейді Алпелобхин. Ол үш мың мыс тиынды қалтасына салады да, үйіне қайтады.

Қалғандары ары қарай жолға шығады. Ертеңіне Миталобхиннің білтесі тұтанып, жерге түседі. Ол сол тұсты қазып, күміс тиындар салынған қазына тауып алады. Қуанғанынан айқайлап:

– Осы күмістен сыйғанынша алып, үйге қайтайықшы! Ары қарай жүрудің мәні жоқ! – дейді.

– Біз әуелі мыс тиындар, енді міне, күміс тиындар таптық; келесі білтенің құлайтын тұсынан алтын табамыз. Күміс бізді кедейліктен мәңгіге құтқара алмайды, ары қарай жүрелік, – дейді екі досы.

– Маған осы күміс те жетеді, ары қарай бармаймын, – дейді Миталобхин. Сөйтіп ол бес мың күміс тиын алып, тапқан олжасына риза болып, үйіне қайтады.

Қалған екі дос сапарын жалғастырады. Бір күннен соң Атилобхиннің қолындағы білте лап етіп, жерге түседі. Ол жалма-жан сол тұсты қазып, алтын тиындар көмбесін тауып алады. Қуаныштан жүрегі жарылардай болған ол жолдасына айғайлап:

– Көтере алғанымызша алып, үйге қайтайық! Ары қарай жүрудің мәні жоқ, алтыннан бағалы не бар дейсің?! – дейді.

[9] Барлық тиын, оның ішінде мыс тиындар да бағзы уақытта аса құнды болған

– Әй, ақымақ досым-ай, сенің надандығыңа қайран қалам. Әуелі – мыс, кейін – күміс, ақырында алтын таптық. Ендігі табар қазынамыз ғауһартасқа, лағылға және басқа да қымбат тастарға толы көмбе болатын шығар. Олардың тіпті бір түйірінің өзі кедейліктің уысынан біржола суырып алуға жеткілікті. Егер тұтас бір көмбені тапсақ, онда барлық патшалықты сатып алып, әлемдегі ең бай адам атанамыз. Сенің әнеу бір алтының ғауһартас пен лағылдың біріне де тұрмайды. Қайдағы жоқ пайдасыз алтынды алып, ауылға қайтып кетпекшісің бе? Өйтіп ақымақ болма. Тұр, қане, жүреміз! – деді Атиантхалобхин.

– Достым, – дейді Атилобхин. – Мен осы алтынға да разымын, барымен базар. Біз бүкіл патшалықты сатып алу немесе әлемдегі ең бай адам атану үшін емес, кедейліктен біржола құтылу үшін осы саяхатқа шыққан едік. Бұрын-соңды ешқашан уысымызда ұстап көрмеген алтынды пайдасыз деймісің?! Мен үшін ол құнды. Кедейліктен құтылуыма осы алтын жетеді. Бұдан артықтың маған қажеті шамалы. Тым қатты ашкөз болу да дұрыс емес.

– Төһ! – деп, досы да қайтпайды. – Неғұрлым ашкөз болсаң, соғұрлым бай боласың, сенің бұған қалайда көзіңді жеткізем. Сондықтан анау қоқысыңды таста, кеттік!

– Жоқ, ары қарай жүргім келмейді, осы алтынға қанағат. Сені осы жерде күтейін, батырым. Үйге бірге қайтайық, – дейді Атилобхин.

Ары қарай Атиантхалобхин жолға жалғыз шығады. Таулар биіктеп, айнала қараңғылана түсті. Ол тоқтаусыз үш күн жүреді, қолындағы білтенің тұтанатын да, жерге құлайтын да түрі жоқ. Сосын ол бір тамшы суы жоқ аңғарға бұрылады. Жаздың аптап ыстық кезі болатын, күн сәулесі жолаушының апшысын қуырып барады. Ол шөлден әбден қаталап, ары-бері қарап еді, су көрінер емес. Мұнда бірде-бір тіршілік иесін – не құсты, не аңды, не адамды да кездестірмеді. Бірақ ғауһартас толы қазынаны тауып алғысы келгені сонша, бөгелмей, алға жүре берді. Жол бірте-бірте айналасына тікенек қаулай өскен айқыш-ұйқыш сүрлеулерге ұласты. Санасын ашкөздік жаулаған

ол қайтадан Атилобхинге оралып, алтынды қанағат тұтқысы келмеді. «Неғұрлым көп қиындықты еңсерген сайын, соғұрлым гауһартастар да ірі, мөлдір әрі қымбат болар» деп өзін іштей сендіріп қояды. Біраз жүргеннен кейін ол жанжағы таумен қоршалған аңғарда әлдебір адамды көзі шалды. Әлгі адамның басында айналмалы дөңгелек бар еді: ол адамның қанын судай шашып, оны бетіне, денесіне және айналасына ағызып тұрған болатын. Атиантхалобхин оған жақын келіп жөн сұрады:

– Сен кімсің? Мұнда не үшін тұрсың? Басыңдағы айналмалы дөңгелек не? Бағалы тастарға толы жасырылған қазынаға қол жеткізу үшін қандай да бір періге бергелі жатқан садақаң ба? Жақын маңда су бар ма?

Осыны айтқаны сол еді, дөңгелек әлгі адамның басынан жұлынып кетті де, Атиантхалобхиннің басына киіле қалды. Ол түк түсінбей, аңырап:

– Достым, бұл не? Ойбай-ай, жанымды көзіме көрсетіп бара жатыр! – деді.

– Бұл – қарғыс дөңгелегі, – деді бейтаныс. – Менің басымда да тура сендегідей айналып тұратын еді. Ауыртқанда, жаныңды көзіңе көрсетеді.

– Бұл дөңгелектен қашан босайтынымды айтшы, – деді Атиантхалобхин. – Айналып, қанымды судай шашқанда, қоярға жанымды жер таба алар емеспін.

– Дәл сен сияқты, қолында атақты сиқыршы жасап берген сиқырлы білтесі бар адам келіп, сенімен тілдескенде, дөңгелек сенің басыңнан шығып, оның басына қонақтайды, – дейді әлгі адам.

– Сен мұнда басыңа дөңгелек киген күйі қанша уақыт тұрдың? – деп сұрайды Атиантхалобхин.

Бейтаныс сәл ойланып, бұған өзіне қарсы сұрақ қояды:

– Қазіргі патша кім?

– Вина Ватесраджа[10] – дейді Атиантхалобхин. Сонда әлгі кісі:

[10] Удсяна, винада (музыкалық аспап) ойнап, даңқы шыққан патша

– Мен ол дөңгелекпен қанша жүргенімді нақты білмеймін. Бірақ Рама[11] патша болып тұрған шақта кедейліктің азабына шыдамай, тура сенің қолыңдағыдай сиқырлы білтемен осында келген едім. Мен де шектен шыққан ашкөз болдым, үнемі достарымнан асып түссем деп ойлайтынмын. Бір кездері бүкіл өмірімді құтқаруға жететін малдәулеттің өзі маған аздық етті. Мен осы айналмалы дөңгелекті басына киіп, жан ұшыра өзі де айналып, айналасына қаны судай атқылаған бір адамды көрдім. Одан мұнда қайдан келгенін және жақын маңда су бар-жоғын сұрағаным сол еді, дөңгелек оның басынан шықты да, менің басыма киілді. Осылайша жан төзгісіз азаппен қаншама ғасыр бойы жүрмін, өйткені мұнда келер жан баласы аз. Енді Құдайдың бұйрығымен, қолыңа сиқырлы білтені ұстап сен келдің, менімен сөйлестің, сөйтіп мына азаптан құтқардың, – дейді бейтаныс адам.

– Достым, бұл азап ақыры менің маңдайыма жазылса, онда ас-суды қалай ішемін? Бірнеше күннен кейін зорығып өлім құшамын ғой, сөйтіп осы азаптан да құтылатын шығармын? – деп сұрайды Атиантхалобхин.

– Жоқ, – дейді әлгі адам. – Бағалы тастарға толы қазынасын ұры-қарыдан қорғау үшін дәулет құдайы осы істің бәрін жоспарлап қойған. Осылайша барлық сиқыршы мен олардың шәкірттерінің жүрегіне қорқыныш салып қоймақшы. Сондықтан бұл жолды еңсеретіндер де некен-саяқ. Егер қазына іздеп, қолына білте ұстаған біреу-міреу келсе, ол басында айналмалы дөңгелегі бар адамды көріп, сөйлеспей кетпейді. Ешкім ешқашан мұншалықты азапты көрініске куә болмаған, сол себепті оның не екенін сұрап-білуге кім-кімде құмар. Қаншама жыл бойы азап шеккен соң, өзге адамды көру бақыты бірден онымен сөйлесуге итермелейді. Егер бұл екі себеп жеткіліксіз болса, одан бөлек, нәпсінің қалауы бар: қатты шөл қысқан жан міндетті түрде жақын маңда су бар-жоғын білгісі келеді. Басына айналмалы дөңгелек киген жанмен тілдескен адамға әлгі

[11] Үнді аңызы бойынша, Рама елді Ватесраджиден жүздеген мың жыл бұрын басқарған

дөңгелек ауады. Сөйтіп қолына білте ұстаған тағы біреу келіп, тіл қатпайынша, адам азаптала береді. Айналмалы дөңгелек әлгі адамның қанын шашыратып жатқанда адам шөлді де, аштықты да сезбейді, қартаймайды және өлмейді. Бірақ әркез жан төзгісіз азабына шыдауға мәжбүр болады. Енді мен жүрейін, үйіме барайын.

– Жүз мыңдаған жыл өтіп кетсе, үйіңді қалай таппақсың? Әйелің, балаларың, бүкіл отбасың баяғыда бұл дүниеден өтіп кетсе, қайда бармақсың? – деп сұрайды Атиантхалобхин.

– Солай екен-ау, ол туралы ойламаппын, – дейді әлгі кісі. – Бәрібір өмір өз ағысымен жылжи береді. Қанша ғасыр өтіп, қанша адам дүниеден қайтса да, өмір бәрібір тәтті. Кез келген сәтте өмірді жаңадан бастауға болады. Сау бол!

Осыны айтты да, ол кете барды.

Атилобхин алтын толы қазынасының жанында Атиантхалобхинді ұзақ күтеді. Ақыры досы келмеген соң, бес мың алтын тиынды алады да, оны іздеуге аттанады. Әйтеуір бірнеше күн дегенде шөл далада басына айналмалы дөңгелек киген досын кездестіреді. Оның қаны айналасына судай шашырап тұрған еді. Қорыққанынан денесі мұздай болып сала берді. Досының тағдыр тәлкегіне ұшырағанын көріп, жанарынан жас тоқтар емес.

– Досым-ау, бұл не?

– Бұл – тағдырдың бұйрығы, – деп жауап берді Атиантхалобхин.

– Мұндай азапқа қалай душар болдың? – деп сұрайды Атилобхин.

Сол кезде досы бүкіл хикаяны баяндап береді. Бәрін үнсіз тыңдап болған соң Атилобхин:

– Досым, мұның бәрі сенің шектен тыс ашкөздігіңнен және ақылымды тыңдамағаныңнан болған екен. Сен алтынды қанағат тұтпай, лағыл мен гауһартасқа құмарттың. Ақырында басыңа киген мына дөңгелек сенің қаныңның лағылдай қып-қызыл тамшыларын шашып жатыр, ал жанарыңнан бір кездері өзің құмартқан гауһартастай көз шағылыстырар жас саулап тұр. Достым, бұл өмірде гауһартас алтынға қарағанда құнды екенін білу

жеткіліксіз. Сенде қиындықты, оның салдарын көретін ақыл-парасат та болуы керек. Әйтпесе ғұлама ғалымның өзі сәтсіздікке ұшырайды. Білімнен гөрі ақыл-парасат қымбат. Ақыл-парасаттан ада адамдар Арыстанды қайта тірілткен ғалымдар тәрізді жер жастанады.

– Бұл қандай хикая? – деп сұрайды Атиантхалобхин. Атилобхин оған Арыстанның қайта тірілуі[12] туралы әңгімені баяндап береді.

– Бір лотос көлді лотос айдынына айналдыра алмайтыны сияқты, бір әңгіме де ешқандай ақиқатты дәлелдемейді, – дейді досы, әңгімені тыңдап болған соң.

– Мұндай хикаялар өте көп, – дейді де, Атилобхин ақымақ ғалымдар[13] туралы тағы бір әңгімені айтып береді.

– Сенің сөздеріңнің жаны бар, – дейді кезекті хикаяны тыңдап болған Атиантхалобхин. – Бірақ егер менің пікірімді білгің келсе, адамның табысқа жетуі немесе сәтсіздікке ұшырауы оның біліміне де, ақыл-парасатына да байланысты емес. Ең әлсіздер мен қорғансыздарды көбіне Құдай қорғайды да, олар көп кедергіден аман-сау өтеді. Ал мықты әрі өз-өзіне қорған бола алатындар кенеттен тағдыр тәлкегіне ұшырап, жеңіліс табады. Тіпті ешқандай қараусыз қалған ну орманда өлгелі жатқан адамның өзі, егер оған Құдай разы болса, аман қалады. Ал Құдайдың жазғаны сол болса, күтімі мықты адам үйінде де өлім құшады. Сондықтан Данышпан, Ақылгөй, Жарымес жайлы хикаяда[14] ең қабілетсіз Жарымес қана аман қалып, білімі асып-тасыған қалған екеуі қаза табады. Бұған не дейсің? Менің пікірім мынау: Жер бетіндегі өмірімізге Құдай мен тағдыр ғана әмір жүргізеді. Ашкөздіктің де, ақыл-парасаттың аздығының да бұған еш қатысы жоқ. Солай емес пе?

– Олай емес, – деді Атилобхин оны мұқият тыңдап болған соң. – Жарыместің аман қалу себебі – онда басқа екеуінде

[12] XXXVIII хикая
[13] XXXIX хикая
[14] XL хикая

жоқ пайым бар еді. Бұдан бөлек, маймылдың кегі туралы хикаяда[15] да ашкөздіктің тигізер кесірі баяндалады.

Сөйтіп сол хикаяны әңгімелеп береді. Оның тыңдап болған соң Атиантхалобхин:

– Сенімен келісемін. Ашкөздікке ұрынған барлық адам түптің түбінде не сәтсіздікке ұшырайды, не мазаққа айналады. Ең сорақысы, олар тым кеш қалғанын ешқашан түсінбейді, – дейді.

– Достым, саған уақытында ескерткен едім, – дейді Атилобхин. – Сен сонда да әнші есек сияқты қырсығып, дегеніңнен қайтпай қойдың.

Бұдан соң ол әнші есек[16] туралы хикаяны баяндап береді.

– Иә, иә, расымен солай, – деп келіседі Атиантхалобхин. – Енді оны өзім де түсініп отырмын. Ақыл-парасаттан жұрдай адам досының кеңесіне құлақ асып, тым болмағанда әлгі парасаттың бір тамшысын болса да табуға ұмтылуы тиіс. Әйтпесе ол бәлекетке ұшырайды. Өкінішке қарай, көп жағдайда адамдар мен секілді бұл сезімнен мақұрым, олар тек бас пайдасын ойлап, қолда бардың қадірін білмейді. Дүниеқоңыздық пен ашкөздік туралы зәулім қамалдар[17] жайлы хикаяда да айтылады емес пе?

– Ол қандай хикая еді? – деп сұрады Атилобхин. Атиантхалобхин сол әңгімені айтып берді.

– Қап, әлгі брамин да күмәнданып, қолында барынан айырылып қалыпты ғой, – деді Атилобхин әңгімені тыңдап болған соң.

– Иә, – дейді досы. – Ол күріш ұны мен саз құмырасынан ғана айырылып, күріш ұнына көміліп қалады, өзіне титтей де зияны тимейді. Мен болсам қаншама алтынымды жоғалтып, қан-жоса болдым. Бұл жайында неғұрлым көп ойланған сайын адамның сәттілігі оның жақсы ісі мен күнәсіне емес, тағдыр төлкегіне байланысты екеніне көзім жетеді. Тағдыр жарылқап еді, соқыр да, бүкір де, үшомы-

[15] XLI хикая
[16] XLII хикая
[17] XLIII хикая

раулы ханшайым да өлімге душар қылған дертінен құлан-таза айығып шыға келді, – дейді Атиантхалобхин.

Атилобхин бұл хикая туралы естігісі келіп, ақырында Атиантхалобхин үшомыраулы ханшайым[18] жайындағы аңызды баяндап берді. Оны мұқият тыңдап болған соң Атилобхин:

– Кейде тағдыр әділетсіздеу тұста да бақыт сыйлай салуы мүмкін, ол рас. Адам ешқашан ашкөздік жолын таңдамауы, тағдырына налымауы керек. Саған жаным ашып тұр, бірақ үйге қайтуым керек. Өтінем, ренжи көрме, – дейді.

– Достым, достар мен дәулетің азапты күндерде көмекке келеді дейді емес пе? Мені мынадай шарасыз халде қалай тастап барасың? Халық даналығын есіңе алшы, досын қиын шақта тастап кеткен адам – нағыз қатыгез кәззап және ол бұл күнәсі үшін тозаққа барады демей ме?!

– Иә, дәл солай. Бірақ сенің азабыңды мен сияқты қарапайым адамдар жеңілдете алмайды. Менің де, басқа біреудің де сені босатып алуға күшіміз келмейді. Сенің жаныңды еш пайдам жоқ әрі сенің қиналғаныңды көргім келмейді. Түсінемісің?! Басыңдағы айналмалы дөңгелек саған неғұрлым қиындық келтірген сайын, соғұрлым тезірек бұл жерден қашып кеткім келеді. Менің басыма да осындай азап келе ме деп қорқамын. Өтінем, маған кетуге мұрсат бер, – деп жалынады Атилобхин.

– Жарайды, үйіңе бар да, тыныш өмір сүр. Халыққа менің қиын тағдырым жайында айтып берерсің, – деді Атиантхалобхин досымен қоштасып.

Атилобхин қолына алтынып ұстап, үйіне аман-есен жетеді. «Шектен шыққан ашкөздік азапқа душар етеді», – деді ол таулардан асып бара жатып күбірлеп.

[18] XLIV хикая

Хадиджа Мохмуд Мазари

АҚЫЛДЫ ҚЫЗ

Бір шаһарда Раме атты бай көпес өмір сүріпті. Оның қол астындағы иеліктер мен бау-бақшасы бірнешеу, ал дәулеті мыңдаған динар екен. Оның Мәшһүр есімді ұлы болыпты. Ұлым нашар адамдармен араласып, сатқын достар таба ма деп саудагер қатты алаңдайтын. Бірде ол ұлына түзу жол сілтегісі келіп, өсиетін айтады. Ұлы да оны аса құрметпен тыңдайды. Әкесі қайтыс болар алдында баласына:

«Егер шарап ішкің келсе, тек түн соңына қарай іш. Егер құмар ойын ойнағың келсе, ойынның қыр-сырын меңгерген жасамыс ер адамдармен ғана ойна. Бұл ойын қалада сол адамдардың арқасында пайда болған. Ал үйленгің келсе, қалыңмалы қанша қымбат болса да, ақылды қыз таңда», – дейді.

Көп ұзамай көпес қайтыс болып, Мәшһүр әкесінің өсиетін тексеріп көруді жөн санап, түннің соңына қарай қалалық шарапханаға барады. Сол жерде маскүнемдердің шарасыз қылығын көріп, шарап ішуден бас тартады әрі шарап ішетін адамдарды жек көріп кетеді.

Бір аптадан кейін ол әкесінің екінші өсиетін тексеріп көрмекке ұйғарып, шаһарға алғаш құмар ойынын әкелген адам жайлы сұрастырады. Сөйтіп, онымен кездесуге барады, әңгімесінен кейін әлгі адам оған былай деді:

«Менің мына сықпытыма қарашы: үстімде ескі-құсқы киім, аузымда арзан темекі, қалтамда бақыр тиын да жоқ. Бір кездері осы шаһардағы ең бай адамның бірі едім, құмар ойынның пайда болуына себепкер болған да өзім. Ол кезде өте шебер ойнайтын едім, «Өзіңнен зор шықса,

екі көзің сонда шығады» демекші, бір күні менен де шебер ойыншыны кездестіріп, барлық жиған-тергенімнен айырылдым, енді өмірім басқаларға тәуелді болып қалды».

Мәшһүр әлгі жерден шыққанда, бойында құмар ойын мен ойыншыларға жиіркеніш сезімі туады. Ол үйлену туралы ойды басынан шығара алмады. Достарынан ақылды қыз табуын өтініп, оған ұсыныс жасамақ болады. Екі аптаға созылған іздеуден кейін бір досы оған Салем көпестің Афаф деген қызы барын айтады. Бір аптадай уақыт өткен соң, Мәшһүр саудагер Салемнің үйіне барып, оның қызы Афафтың қолын сұрайды.

– Менің қызымның қалыңмалы қымбат, – дейді Салем.

– Қанша болады? – деп сұрайды Мәшһүр.

– Он мың алтын динар, – деп жауап береді көпес.

Мәшһүр келіседі, ол әкесінің өсиетін есіне алып, көпеске сегіз мың динар ұстатады. Қалған екі мыңын келер жылы төлеуге уәде етеді. Көпес сегіз мың динарды қабыл алады, ол Раме қаласындағы қыздардың әдеттегі қалыңмалы үш мың динар екенін жақсы білетін.

Бір аптадан соң екі жас үйленеді. Мәшһүр мен Афаф бірін-бірі қатты сүйіп, бақытты ғұмыр кешіп жатады. Бірақ қайынжұртына қарыз екі мың динар Мәшһүрге маза бермейтін, сөйтіп ол мүлкінің бір бөлігін сатып, өзі Сирор қаласына жұмыс істеуге кетеді. Қырсық шалғанда, ол жақта ұры-қары көп еді, олар өзара келісіп, Мәшһүрді алдап соғады да, бүкіл тауарын талап кетіп, көпестердің алдында келеке қылады. Бұл хабар әйелінің құлағына да жетеді. Афаф достарынан қарызға ақша алып, оған өз жиғанын қосып, ер адамша киініп, тауар сатып алады да, керуендердің бірімен Хасан көпес болып сапарға аттанады.

Ол күйеуі тоқтаған жерде өмір сүреді, алып келген тауарын сатып, жақсы пайдаға кенеледі. Мәшһүрдің ақшасы мен тауарын тартып алғандар Хасан көпес жайлы ести бастайды. Олардың бірі саудагермен етене танысу үшін әдейілеп іздеп барады.

Ол Хасанға бәстесуді ұсынады: «Біз үш мысық алып келеміз, олардың әрқайсысында бір-бір шырағданнан

болады. Егер мысық шырағданды алып келе жатқанда, ол жанып таусылса, бәсте біз ұтқан боламыз. Ал егер мысықтың үстіндегі шырағдан құлап қалса, онда сен жеңдің. Бәстің сомасы екі мың динар болсын». Мәшһүр мен басқа саудагерлер Хасанға бұл бәстен бас тарту қажеттігін айтады, әйткенмен ол бәске келіседі. Бәс кезінде шаһар әкімі, соты және полиция бастығы осында болсын деген жалғыз шарт қояды. Сөйтіп бәстің күні белгіленеді.

Хасан көшедегі балалардың біріне бес мың динар беріп, бәс болатын күні осында бірнеше тышқан ала келуді және өзі белгі берген уақытта әлгі тышқандарды босатуды сұрайды. Балақай бірден келіседі, соншама көп ақшаның астында қалатынына өзі мәз еді.

Белгіленген күні алаяқтар мысықтары мен шырағдандарын алып, алаңға келеді. Шаһар әкімі, соты, полиция бастығы да осында еді, ойынды тамашалауға біраз бұқара жиналады. Шырағдандарды тұтатып, мысықтар оны алақанына салып, ортаға шығады. Адамдар демін ішіне алып, тым-тырыс бақылап отырады – шырағдандар жанып, ортасына дейін жетті, ал мысықтар оны мықтап ұстап алған, құлататын түрі жоқ. Хасан көпес белгі бергенде, манағы балақай ешкімге білдірместен тышқандарды босатып жібереді. Мысықтар тышқандарды көргені сол еді, шырағдандарын тастай сала, әлгілерді тырқырата қуа жөнеледі. Жиналған жұртшылық ду қол шапалақтайды. Хасан көпес бәсті ұтып, ал алаяқтар арам пиғылын іске асыра алмастан, бүкіл ақшадан айырылады.

Сөйтіп Хасан көпес өзінің байлығын еселеп, керуенмен бірге Раме қаласына қайтпақшы болады. Ол Мәшһүрге бірге қайтуды ұсынады, бірақ Мәшһүр көз жасына ерік беріп, кешірім сұрай беріпті. Хасан көпестің жүрегі тым жұмсақ еді, ол Мәшһүрге қалаға қайтқанында жүрегіне қуаныш сыйлайтын әлдебір дүниені табарына уәде етеді. Мәшһүр Раме қаласына оралуға келіседі. Керуен қалаға кіргенде, Хасан көпес Мәшһүрге ақша беріп: «Моншаға бар, өзіңе жаңа киіп сатып ал, әйеліңе қымбат сыйлық алуды да ұмытпа», – дейді. Мәшһүр Хасанның айтқанының бәрін

орындап, күн батпай тұрып өз үйіне келеді. Келсе, аласында көпестің тауарлары толып тұр екен. Әйелі оны жылы жүзбен құшақ жая қарсы алады. Әлгі тауарлардың қайдан келгені жайлы ой оған тыныштық бермей, ақырында әйелінен сұрап білмек болады.

«Аландайтын дәнеңе жоқ, қымбаттым. Бәрінің аузын аштырып, табысқа жеткен Хасан көпес мен едім», – дейді әйелі жымиып.

Мұны естіген Мәшһүр өз құлағына өзі сенбей, қуаныштан секіре жөнеледі.

Арада бірнеше күн өткенде Афаф қалыңмал жайлы сөйлеспек болып қалалық сотқа барады да, бір күнге сот болуға рұқсатын алады. Сот оның өтінішін орындауға келіседі. Жиынға қатысқан әкесі қалыңмал ісін қозғайды. Чадрасын шешкені сол еді, бәрі Афафты көріп, таң-тамаша болады. Сөйтіп ол күйеуін құтқарып, қалыңмалдың қалған бөлігін қайтарып алады.

Ахмед Рашид Әл Омари

ШАХМАТ ОЙЫНЫ

Ауылда бір отбасы – әкесі, анасы және үш ағайынды баласы өмір сүріпті. Соңғы екі жылда қатты қуаңшылық болып, әлгі отбасы әбден азап шегеді. Ақырында Саид есімді тұңғыш ұл шалғай аймақтарға барып, нәпақа тауып келмекке ұйғарады. Ол бұл ойын ата-анасына айтып, жұмыс тауып, отбасына көмектескісі келетін ниетін жеткізеді. Ата-анасы қанша қарсы болса да, Саид өзі ойлаған мақсатына қол жеткізбекке әбден бекінген еді.

Қалған екі баласы ағасын жақтап, оның сөзін сөйлейді. Ата-анасы келісімін беріп, тұңғышын бағын сынап көрмекке аттандырмақ болады.

Әкесі:

– Ұлым, саған қанша уақыт қажет?

– Маған үш ай керек. Егер сол уақытта оралмасам, тағы үш ай күте тұрыңдар – дейді Саид.

Анасы ұлына жолға азық-түлігі мен сусынын дайындап береді де, келесі күні таңертең ол отбасымен қоштасып, сапарға шығады. Шығысты бетке алған Саид бірнеше күннен кейін алыстан жарқыраған отты көріп, соған қарай жүре береді. Саид мұның әдемі қала екенін түсінеді, үлкен қаланы ғұмырында алғаш рет көргені еді. Ол қала қақпасының алдына жетіп, ұйықтап қалады. Қақпаны әдетте таңертең ашатын. Күзетшілер Саидты көріп, жанына келіп жөн сұрайды. Ол асығып-аптығып:

– Мен жай ғана жұмыс іздеп жүрген мүсәпір жолаушымын, – деп түсіндіреді мән-жайды.

Күзетшілер оны жылы қабақпен қарсы алып, алдына ас ұсынып, біраздан соң:

– Саған біздің ханшайымға бару керек, – дейді.

– Қандай ханшайым? – деп сұрайды Саид.

Күзет басшысы:

– Ол осы қаланың билеушісі әрі біздің марқұм патшаның қызы, – деп жауап береді.

– Менің оған қандай қатысым бар? – дейді Саид.

– Әкесінің қойған бір шарты бар еді: ханшайыммен шахмат ойнап, жеңген адам оны әйелдікке алып, қаланың әміршісі болады, – дейді күзет басшысы.

Күзетші Саидты сарайға ертіп апарады. Ол сарайдың зәулім құрылысы мен ішіндегі көз қарықтырар сұлулығына қайран қалады. Ұзақ жүргеннен кейін үлкен залға кіргенде, тақтың жиегіне сүйеніп, қаннен-қаперсіз отырған қызды көреді. Күзет басшысы тиісті құрметпен иіліп ханшайымға сәлем береді. Ханшайым да оның сәлемін қабыл алады.

– Бұл жігітті қала қақпасының алдынан таптық, – дейді күзет басшысы.

Ханшайым жігіттің сәлемін алып, отыруға рұқсат береді. Ал қызметшілеріне қонаққа алма шырынын әкелуді бұйырады.

– Біздің елге не мақсатпен келдіңіз? – деп сұрайды жігіттен.

– Жұмыс іздеп жүрмін. Біздің жерімізге екі жыл бойы бір тамшы жаңбыр жаумай, әбден жұтап қалды, – деп жауап берді Саид. Сәл үнсіздіктен соң ханшайым:

– Шахмат ойнау білесің бе? – деді.

– Иә, білемін, – деді Саид таңданып.

– Кел, шахмат ойнайық. Егер жеңсең, онда ханзада атанып, маған үйленесің. Ал жеңіс менің жағымда болса, сені екі жылға түрмеге қамаймын, – деді ханшайым.

Саид басын салбыратып, ойға шомып кетті: «Егер оны жеңсем, онда ханзада атанып, отбасымды аштық пен кедейшіліктен құтқарамын. Ал ханшайым жеңіп кетсе, онда Алла Тағала маған екі жыл бойы түрмеде отырғанымда назарын салар». Сосын ол басын көтеріп:

– Шартыңмен келісем, ханшайым! – дейді.

Ханшайым күзетшілерінің біріне шахмат тақтасып әкелуді бұйырады да, олар ойынды бастап кетеді. Ханшайым Саидтың шахматты өте шебер ойнайтынын байқайды. Бірақ Саид ханшайымның сұлулығына, әдемі киіміне, таққан әшекейлеріне есі кетіп, жүрісінен жаңылыса береді. Сондықтан ханшайым оны жеңіп кетеді. Ол Саидқа қарап күлімдеп:

– Ал енді түрмеге барасың, – дейді.

Күзетшілер оны жан-жағынан қаумалап, зынданға тастайды. Жолы болмаған Саид көз жасына ерік береді.

Арада төрт ай өтеді, Саид үйге оралмаған соң, оның інісі Хамед сапарға аттанып, ағасын тауып алмаққа оқталады. Әкесі мен анасы оны алған бетінен қайтармақ болып қанша тырысқанымен, ол ағасын тауып әкелмекке әбден бекінген еді. Ақырында анасы оның ас-суын әзірлеп берген соң, ол да ағасы Саид кеткен жолмен сапарға аттанады. Хамед те дәл сол қалаға жетіп, күзет басшысы оны ханшайым сарайына алып барады. Содан соң ханшайым оған шахмат ойнауды ұсынады. Жеңіске жетуге барын салғанымен, бәрібір ханшайымнан ұтылады. Ол масайрай күліп, күзетшілеріне Хамедті, бастапқыда келіскендей, түрмеге апаруды бұйырады.

Арада тағы төрт ай өтіп, Хамедтен хабар-ошар болмаған соң, үйдің кенжесі Әли ағаларын іздеп табу үшін жолға шықпақ болады. Бірақ сапарға аттанбас бұрын тігіншіге барып, әдеттегі киім-кешектен ерекшелеу шекпен тігіп беруін сұрайды. Тігінші оның өтінішін орындайды. Көшеде келе жатқан оған ары-бері өткен жолаушылардың бәрінің назары ауады – бірі келеке етіп күлсе, енді бірі тамсанып кетеді. Әли үйіне оралғанда, оның үстіндегі көзге оғаштау шекпенін көріп, ата-анасы да таң-тамаша қалады. Олар кенже ұлдарын райынан қайтаруға қанша тырысқанымен, ол да айтқанында тұрып, ақыры ертеңіне екі ағасы – Саид пен Хамид кеткен жолмен сапарға шығады. Жүріп отырып, таныс қақпаға тіреледі. Тапа-тал түс уақыты болатын, күзетшілер көзге оғаштау көрінетін киімі бар жолаушыны көріп, біресе күліп, біресе таңдай қағысады.

Ханшайымның алдына апарғанда, ол да күлкісін әрең тежейді. Қонаққа отыруға рұқсат бергенде, Әли:

– Аштықтан ішегім бұратылып барады, – дейді.

Ханшайым дереу оған ас-ауқат пен сусын әкелуді бұйырады. Ол ішіп-жеп, әбден тойып алып, Алла Тағалаға шүкіршілік айтады. Бір кезде ханшайым:

– Сен шахмат ойнай аласың ба? – деп сұрайды.

– Иә, – деп жауап береді ол.



Сөйтіп ханшайым Әлиге шахмат ойнауды ұсынады. Ойынның шарты дәл сол бұрынғыша болатын. Кенже ұл бұл шартқа келісіп, екеуі ала тақтадағы айқасты бастайды. Әли бір кезде шахмат ойнауды үйреткен тәлімгерінің: «Тек ойын туралы ойлап, басқа ештеңеге алаңдамауың тиіс», – деген сөзін есіне алады. Өзі де дәл солай істейді. Ал ханшайым болса оның киіміне қайта-қайта көз салып, күлуін тоқтатпайды. Әлидің бар ойы – ойында болатын, сондықтан айқас та ұзаққа созылады. Ақыр аяғында ол ханшайымды тас-талқан етіп жеңеді. Ойынды бастан-аяқ қаланың ақсақалдары да тамашалап отырған еді, олар нәтижеге көңілі көншімесе де, болары болып, бояуы сіңгендіктен, өзара көп ақылдасып, арасындағы ең үлкені ханшайымға:

– Ойын шарты әу баста қалай келісілсе, солай орындалуға тиіс. Бірақ біздің ханзада болғалы тұрған мына жігітке қояр өз шартымыз бар, – дейді.

– Ол қандай шарт? – деп сұрайды ханшайым.

– Біз оны сынап, ақыл-парасаты мен тапқырлығын тексеру үшін бірнеше сұрақ қояйық, – дейді данагөй ақсақал.

– Иә, мұныңыз жөн екен. Сонда бәрі әділетті болады, – деп ханшайым да келісе кетеді.

Қала ақсақалдары кезек-кезек Әлиге әртүрлі сұрақты қарша боратады, ол бәріне еш мүдірместен, байсалды түрде жауап береді. Оған риза болған ханшайым:

– Мен осы жігітке тұрмысқа шығатынымды бәрі білсін. Бүгіннен бастап бұл жігіт ханзада лауазымына ие, – дейді жар салып.

Қаланың барша тұрғыны балаша қуанып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, екі жасты үйлендіреді. Көп өтпей, Әли өзінің екі ағасы осы қаладағы түрмеде жатқанын біліп, оларды жолы болмаған өзге де жігіттермен бірге бостандыққа шығарады. Ал ата-анасын қалаға алдырып, бақытты, тату-тәтті ғұмыр кешеді.

Сағдидың «Гүлстан» кітабынан

ДҰШПАНЫҢМЕН ТАТУ БОЛ

Зузан патшаның Хаджа есімді мейірбан әрі парасатты министрі болыпты. Дос-жарандары жанында болсын-болмасын оның бәріне қарым-қатынасы түзу екен. Бір күні министр ғайыптан тайып, әлдебір ағаттық жасап қояды, мұнысына қатты ашуланған билеуші айыппұл салып, оны тұтқындайды. Сарай қызметшілері Хаджаның адамгершілігі мен игі істерін ұмытпай, тұтқында жатса да, оған мейіріммен қарап, өзгелердің оны қорлауына жол бермейді, өйткені министрдің жақсылығын көрген адамдар аз емес еді.

Дұшпанмен тату болғың келсе,
Қатеңді айтып жатса да, мақта.
Аузынан ащы сөз шықпас үшін
Тәтті сөз айтып, жауыңды жақта.

Көп өтпей, Хаджа тағылған айыптың біразынан ақталып, кейбір істері үшін түрмеде қалады.

Көрші мемлекеттің билеушісі болса, оған жасырын түрде жаушы жіберіп, министрді масқаралаған адамдарды қаралап, қадіріне жетпегенін айтады. Жаушы әкелген хатта әгәрәки ол көрші патшалықтың билеушісіне қызмет қылып, көңілінен шығуға бар күш-жігерін жұмсаса, сарайда ерекше құрметке ие болатыны әрі Хаджаның жауабын тағатсыздана күтетіні жазылған еді.

Билеушінің хатын алған Хаджа қанша қауіпті болса да, хаттың келесі бетіне қысқа да нұсқа жауабын жазып, кері жолдайды. Бұл жайтты Зузан патшаның бір қызметшісі біліп қойып, дереу патшаға жеткізеді. Ол ашуға булығып, істің мән-жайын анықтауды тапсырады. Сол-ақ екен,

жендеттер жаушыны қолға түсіріп, әлгі хатты тартып алады. Хатты оқыса, Хаджа былай деп жауап берген екен: «Күштілер саған оң қабақ танытса, олардан да қатты иілуің керек. Басқа ел саған көмектесуге әзір екен деп, патшамның жақсылығын ұмытуға болмайды, билеушіме құрметсіздігім болар еді. Оның ойы әп-сәтте өзгеруі мүмкін: әлдекім жақсылық көрсетсе, бір кездері ренжіткен болса да кешіруің керек».

Хатты оқыған патша Хаджаның адамгершілігіне көзі жетіп, үстіне шапан жауып, сый-сыяпатын беріп, «Менен қателік кеткен екен» деп кешірім сұрайды. Хаджа оған: «Уа, патшам, бақытсыздыққа ұшырауым Құдайдың жазғаны болған шығар, сенің қолыңмен жасалғаны үшін бақыттымын, өйткені маған бір кездері мейірім-шапағатыңды көрсетіп, үміт артқан да өзің едің. Егер әлдебіреулер жаныңды жаралағысы келсе, сабыр қыл. Өйткені тыныштық та, қайғы да адамның өз әрекетінен туады. Дос пен дұшпанның айырмасын Құдай шешеді, өйткені екеуінің де жүрегі Құдайдың қолында. Жебе садақтан ұшқанымен, данагөйлер садаққа емес, садақшыға қарайды», – деп жауап қатады.

Фирдоусидің «Шахнама» дастанынан

ЗАЛЬ МЕН СИМУРГТЫҢ ДОСТЫҒЫ

Сам патшаның Заль есімді ұлы дүниеге келіпті, шашы қардай аппақ екен. Мұны көрген Сам сәбиді не шал, не шайтан деп ойлап, оны Альборз тауына апарып, бейнебір асыл тастар тәрізді жарқырап жатқан шыңның етегіне тастауды бұйырады.

Тау етегінде жатқан нәрестені қауырсыны қызыл және алтын түстес самұрыққа ұқсайтын сиқырлы құс Симург тауып алады. Оның ұясы таудың сонар құзар шыңында еді. Симург сәбиді ұясына апарып, балапандарымен бірге тамақтандырады.

Арада бірнеше жыл өткенде, Сам патшаның түсіне ұлы кіреді. Аз уақыттан соң перзентін тағы да түсінде көреді. Сам баласының обалына қалғанын түсінеді. Ар-ұяты қинап, ұлының тірі не өлі екенін білмек болып ол бір күні Альборз тауына аттанады.

Сол күні Сам тағы да түс көреді. Түсінде ұлы әлі тірі екен, бұл оны іздеп жолға шығады да, көп өтпей перзентін табады: Заль құстың мықты тәрбиесін көріп, сымбатты жігіт болып ержетіпті. Ол Симург құспен қоштасқысы келмейді, бірақ құс оған өзінің қауырсынын ұстатып, қандай да бір қиындыққа ұшыраған сәтінде осыны тұтатса, сол замат-та-ақ ұшып жетерін айтады. Сөйтіп Заль өз Отанына қайтады, Симург оның тілеуін тілеп қалады.

Әлдебір уақыттан соң Зальдің жұбайы Рудабе жүкті болып, айы-күні жеткенде толғатып, қатты қиналады. Зальдің есіне Симургтің қауырсыны түседі. Оны тұтатқаны сол екен, сиқырлы құс пайда бола кетеді. Симург дереу іске кірісіп, адамзат тарихындағы алғашқы кесір тілігін жасап,

келіншекке шипалы шөптер беріп, қауырсынымен басынан сипайды. Рудабе аман-есен босанып, Руслан есімді шекесі торсықтай ұлын өмірге әкеледі.



АЮ МЕН МАСА

Бірде аю орманда қоянды ұстап алып, қызық үшін құлағын тарта бастайды. Ауырсынғаннан қоян шыңғырып жылап жібереді, ал аюға күлкі керек – құлағын одан әрі тарта түседі. Ақыры ойыны қанған маймақ қоянды еркіне қоя беріп, ары қарай жөніне кетеді.

Бұтаның түбіне тығылған қоян қорыққанынан тісі-тісіне тимей қалшылдап, бір қолымен көзінің жасын сүртеді.

– Бұл не деген қорлық?! – дейді ол әлден уақытта дауыстап. – Әйтеуір, аман қалғаныма шүкір, құлағым да жазылар, жылағаным да басылар. Кімге барып шағым айтам: осы орманда аюдан күшті кім бар дейсің?! Қасқыр мен түлкі – оның айнымас достары. Неткен байғұс едім: кіп-кішкентаймын, әлсізбін, қорғайтын күшті досым да жоқ.

– Мен сені қорғаймын, – деген дауысты естиді кенет қамыс арасынан.

Қоян дауыс шыққан жаққа қараса, маса екен. Сол-ақ екен, жылағанын дереу тоқтатып, көңілденіп сала береді.

– Сен бе мені қорғайтын? – дейді қоян күлкісін әрең тежеп. – Әй, шіркей-ау, әліңді білсеңші. Аю сені қайтсін?! Мақтаншағын қарай гөр өзінің!

– Мен аюдан күштімін, – деп жауап береді оған маса байсалды дауыспен. – Оны жылағанша қинау қолымнан келеді – ұйқы бермей қойсам болды. Ертең көзіңді жеткізем.

Сөйтті де, маса аюдың артынан ұша жөнеледі.

Күн тымырсық еді, әбден қаталап, ыстықтаған аю қайда барарын білмей, дал болып келе жатқан-ды. Қалың ағаштың көлеңкесіне тоқтап, жантая кетеді. Көзін жұмғаны сол еді, дәл құлағынан түбінен «З-з-з-з!» деген дауысты естиді.



«Қап, мына масаны ма?!» деп бұрқылдаған аю оның мұрнына қонғанын күтеді.

Маса аюдың үстінен айналып ұшып-ұшып, ақыры маймақтың мұрнына кеп қонады. Аю көп ойланып тұрмастан, мұрнын салып қалады! Масаны аңқау деп кім айтты, аюдың шапалағына дейін-ақ әлгі жерден ұшып үлгерген-ді. Көз алдындағы қызыққа мәз болған ол аюға тыныштық бермей, одан әрі мазасын алады.

Аю екінші бүйіріне аунап түсіп, енді ғана көзін ілгені сол еді, қайтадан «З-з-з-!» деген дауысты естиді.

«Мына бәле енді қайда қонар екен?» – деп аю өтірік ұйықтағансып, үнсіз күтеді.

Масаның ызыңы естілмеген соң, аю оны ұшып кеткен болар деп ойлайды. Бірақ масаның ондай ойы да жоқ еді. Ол маймақтың құлағына ақырын кіреді де, бар күшімен тістеп алады. Аю баж ете қалып, орнынан атып тұрып, сол тұрған орнында айналады да, ба-а-ар күшімен өз құлағын салып қалады – соққының қатты болғаны сонша, көзінің оты жарқ етеді: аюды тістеген қандай боларын маса біліп жүрсін! Құлағын қасып-қасып жіберіп, аю жайланып жатады, шамасы, енді еш уайымсыз ұйықтай беруге болады. Бірақ оған қояр маса бар ма?! Аю көзін жұмғаны сол еді, тағы да таныс ызыңды естиді.

«Қап, бәлем! Итжандысын қарай гөр! – деп күбірлеген аю орнынан тұрып, ұйықтауға басқа жер іздеп кетеді. Маймақ бұта-бұтаны аралап, үсті-басын қасып, барлық орман естітіндей есінеп, алға жүрсе, маза да «З-з-з-з» деп оның соңынан қалмай қояды.

Аю жүгіре жөнеледі. Біраздан кейін өкпесі өшіп, бір ағаш түбіне құлай кетеді. Жатып, құлағын түреді. Айналасы тып-тыныш. Барлық аң мен құс әлдеқашан шырт ұйқыда. Көзге түртсе көргісіз қараңғы.

«Масаның даусы естілмейді, Құдайға шүкір, енді жақсылап ұйықтайтын шығармын!» деген аю жайланып жатады. Көзін жұмып, мүлгіп кеткен екен. Түсінде аралардың бал толы ұясын тауып алыпты. Қолын ұяға сала

бергені сол еді, құлағының түбінен: «З-з-з-з!» деген дауыс қайта шығады.

«Жертартқыр мына маса тағы да мені тауып алған ба?!».

Аю ашуланып, басын көтереді де, кенет ықылық ата бастайды: ық, ық. Ал маса болса әлі айналып ұшып жүр – ызыңы біресе қатты, енді біресе ақырын естіледі де, сәлден соң біржола жоғалады.

Ары отырып, бері отырып, аю қайтадан ұйқыға жатады. Көзі іліне бергенде, баяғы ызыңды қайтадан естиді.

Ағаштың түбінен атып шыққан аю алаңқайға отырып, ызадан жылап жібереді:

– Оңбаған неме, менен қалмай қойдың ғой! Енді өз обалың өзіңе: таңға дейін көз ілмесем де, сені аңдып, өлтіремін!»

Бірақ аю қанша тырысқанымен, масаны өлтіре алмады. Маймақ өзінің үсті-басын сабап, сау-тамтығы қалмайды. Ал масаның мұрты да қисаймады.

Таң атты. Барлық аң мен құс оянды. Бәрі де жаңа күнге қуанып, мәре-сәре болады. Аю ғана ашулы. Үйпа-тұйпасы шыққан, үстіндегі жүні жұлынып-жұлынып түк қалмаған, қабағынан қар жауған күйде долданып жүріп келеді, ал құлағының түбіндегі масаның ызыңы әлі басылған жоқ.

Қоян аюдың бейшара халін көріп, қуанғанынан секіре жөнеледі.

– Ай, масатай, ерледің! – дейді қоян көзінен жасы аққанша күліп.

– Аюды көрдің бе? – дейді маса масаттанып.

– Көрдім, көрдім! – дейді ішек-сілесі қатқан қоян ішін басып. – Сабазды сабасына түсіріпсің! Рахмет, достым! Құйтақандай мына түріңмен еңгезердей аюға қалай әлің келді, айтшы, қане!

– Оп-оңай, – дейді маса. – Біз, масалар қауымы, ешқашан сендер, яғни қояндар секілді жалғызілік өмір сүрмейміз. Оның үстіне қорқақ та емеспіз.

Мұны естіген қоян ойланып қалады, ал маса маймақ аюдың ізінен қуып кете барады.

ЕКІ ЛАҚ

Алаңқайда екі лақ асыр салып ойнап жүр: бірі ақ, бірі қара түсті екен. Кенет екеуі басын көтеріп, айналасына қарайды: бір жағында – қалың орман, екінші жағында – қалың құрай. Бірде-бір ешкі де, қой да көрінбейді.

– Ақ лақ, ақымақ! Мені орманға ертіп әкелдің, енді, міне, адастық. Тез арада отарымызды қайта тап! – деп жыламсыраған қара лақ ақ лақты бүйірінен түйгіштеп-түйгіштеп жібереді.

Ақ лақ ауырсынып, баж ете қалады. Қара лақтың одан сәл үлкендігі бар еді. Мүйізімен төбелес ашуға дайын, мінезі шәлкестеу ол ақ лақ өзінің бауыры екенін ұмытып кете береді. Сәл қателессе болды, «Ақ лақ, ақымақ!» деп мазақтайды. Ал ашуланса, бүйірден сүзеді. Шын мәнінде, ақ лақты орманға әкеліп: «Бә-ә-ә, мына жердегі шөптің шүйгінін-ай!» деген де өзі болатын. Енді бар кінәні бауырына аудара салмақшы.

– Ақ лақ, ақымақ! Қане, жылдам алға түс! – деп бұйыра сөйледі ол інісіне.

Байғұс ақ лақ қай жолмен жүргендерін есіне түсіре алмай дал.

– Отарымызды қайта таба алар ма екенбіз?! Кім біледі, бәлкім, олар әлдеқашан тау асып өтіп, қазір жайлауда қаннен-қаперсіз жайылып жүрген болар?! Ал бізге жайлау тұрмақ, жолды табу мұң болып тұр. Амал нешік, бәрібір жүруге тура келеді. Мен алға түсейін. Жол табамын. Бірақ саған қояр екі шартым бар: ешкіммен сөзге келіп ұрсыспайсың және менің айтқанымды тыңдайсың. Бұл шарттарды орындамасаң, біз адасамыз да, өлеміз, – дейді ақ лақ.

«Өлеміз» деген сөзді естіген қара лақтың зәре-құты қалмады. Ақ лақтың айтқанынан шықпаймын деп ант-су ішті.

Ақ лақ алға түсті. Ол шүйгін шөпті жапырып, жолды аршып келеді. Жолай арық кездессе аттап, тас кездессе секіріп, әйтеуір, екі лақ бір таудың етегіне жетеді. Құлаққа ұрған танадай мүлгіген тыныштық. Айналада ешкім көрінбейді. Кенет қайдан шыққаны белгісіз, Түлкі пайда бола кетеді. Айлакер аң құйрығын олай бір, бұлай бір бұлғаңдатып:

– Құдай-ау, мына аппақ лақтың әдемісін-ай, тұп-тура қылғытып жібергің-ақ келеді екен. Бауырың да сүйкімді. Екеуің шаршаған шығарсыңдар. Жүріңдер менің үйіме, тынығып, өзек жалғап алыңдар. Менің сендермен қатар екі тәтті күшігім бар, бірге ойнайсыңдар, – дейді Түлкі.

Ал өзі ішінен: «Ақ лақ әлі кішкентай екен. Әуелі соны жеу керек. Бірақ бауыры көріп қалса, қашып кетуі мүмкін» деп ойлады.

Ақ лақ не деп жауап берерін ойластырып қойған еді:

– Түлкі-еке, әнеу бір қара жартастың жанындағы шыңда бізді Қасқыр күтіп тұр. Оған қонаққа бара жатырмыз. Қасеке біздің сізбен кеткенімізді білсе, ашуланады. Ал Қасекеңнің ашуын бәріміз білеміз. Егер сенбесеңіз, бізбен бірге жүріңіз.

– Жарайды, онда жолдарың болсын, – дейді Түлкі. Лақтар ары қарай кетеді, ал Түлкі олардың ізін аңдиды.

Қанша жүргені белгісіз, кенет алдарынан биіктігі бұзаудай Қасқыр шығады. Түлкі қорқып кетеді.

– Кездескеніміз мұнша жақсы болар ма?! Қарным шұрылдап тұр еді, – деп мәз болады Қасқыр.

Ақ лақ жалынышты үнмен:

– Аса мәртебелі Қасеке, әнеу бір қара жартастың жанындағы шыңда бізді Жолбарыс күтіп тұр. Ол кеше осы мекендегі барлық аң-құс атаулының патшасы болу үшін келген. Таңғы асқа – екі бұзау, түскі асқа – екі лақ, ал кешкі асқа екі қозы жейді екен. Мына ісіңізді білсе, ашуланады, онда сіздің де күніңіз қараң болмақ, – дейді.

– Бә-ә-ә! Әй, Қасқыр, қара, Жолбарыс келе жатыр, ол бізді шақырып жатыр! – деп айғайға басады кенет қара лақ.

Мұны естіген Қасқырдың манағы батыр кейпінен түк қалмай, қорыққанынан қалш-қалш дірілдеп кетеді де, қалың бұтаның арасына кіріп жоқ болады.

– Қой, бәлесінен аулақ! Тірі тұрғандарыңда табандарыңды жалтыратыңдар! – дейді қашып бара жатып.

Екі лақ тағы да жолға түседі. Әупірімдеп тау етегіне жеткенде, ат үстіндегі шопан шалды кезіктіреді. Мәз болған лақтар отарға қарай жүгіріп, қой-ешкілермен араласып кетеді. Шопан шал бірінші болып жүгіріп жеткен ақ лақты көтеріп ап:

– Қарай гөр өздерін! Жолды тауып келгендерін айтсаңшы! Жарайсың, ақ лақ! Енді сені ешкім «Ақ лақ ақымақ!» деп мазақтамайды! – деп, оны құшағына басады.

КІМ ПАТША БОЛАДЫ?

Ерте, ерте, ертеде жер бетінде ешқандай билеуші болмапты. Кейінірек адамдар жиналыс жасап, Преа Саммат Рич патшаны сайламақ болады. Ол адамдарға билік жүргізіп, басқаруы керек еді.

Бұл жаңалықты естіген жабайы аңдар мен құстар таңтамаша болады. Сосын олар да өздеріне бір билеуші қажет екенін мәлімдеп, көмек сұрайды. Көп өтпей, адамдар тағы жиналып, жануарлар әлемінің патшасын сайламақ болады. Өзі алып, өзі күшті, өзі дана әрі сабырлы Арыстан аң патшасы болып сайланады. Жабайы аңдар бұл шешімге разы болады. Ал ең үлкен балық Анонды балықтар патшасы етіп сайлайды, балықтарға да бұл шешім аса ұнайды.

Құстар әлеміне келсек, билеуші тағына үміткер екі құс – қарға мен үкі шығады. Екі үміткердің әрқайсысының жақтаушылары көп еді. Екіге бөлінген құстар тобы бір-бірлерін төмендетіп, қызу айтыса бастайды.

– Үкіні патша сайлағысы келгендер, сәл ойланса нетті! Тостағандай көздерімен ол патша болса, айналадағы құстардың бәрін қырып салады. Егер маған нанбасаңдар, оның көздеріне қараңдар, сонда нағыз жыртқыш екенін көресіңдер! – дейді қарға қарқылдап.

Оған жауап ретінде үкі:

– Әй, қарға, қарға, сыртың ғана емес, ішің де қап-қара екен ғой! Қауырсының, қанатың, тұла бойың қандай қара болса, ойың да дәл сондай. Егер әлдебіреулер оны патша сайласа, ол болмашы ағаттықтарың үшін бірде-біріңді қалдырмай жазалап, өзінің шексіз билігін орнатады. Бұл қара пиғылды жаратылыс ешқашан адал жолмен





нан таппайды. Ол бөтеннің асын ұрлап күнелтуге үйренген. Қарғаның өз жемтігін қалай аулайтынын көрсеңдер, оның болмысын да түсінесіңдер! – дейді.

Қарға мен үкінің жақтастары бір-біріне қарсы жауласқаны сонша, екі үлкен топқа бөлініп, қырық-пышақ болады да қалады. Ақыр аяғында, екі тарапқа қосылудан тыс қалған құстар аққуды патша сайлайды.

Содан бері қарға мен үкі бір-біріне дұшпан деседі. Құстардың күндізгі және түнгі жыртқыш болып бөліну дәстүрі де олардың дау-дамайы тереңдеп кетпес үшін пайда болған екен.



АХ КВАК АХ КВЕН
(СОҚЫР МЕН САЛ)

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде екі дос болыпты: оның бірі – Ах Квак соқыр, енді бірі – Ах Квен сал екен. Олар екі түрлі қожайында жұмыс істегенімен, бір-бірімен өте жақын жолдас болады. Бір-бірінің көмегінсіз әрі жетегінсіз ешқайда аттап баспайды екен. Қожайындары бұл екеуінің еңбегін қаннен-қаперсіз қанап, жұмысқа жегіп қояды.

Бір күні екі дос өздерін бақытсыз сезініп, мұңайып отырған сәтте Ах Квен өзінің жолдасына:

– Біз әбден арып-ашып қажыдық, қожайындарға бұдан әрі қызмет қыла алмаймыз. Біздің қолымыздан жалғыз келетіні – бұл жерден қашып кету, – дейді.

Ах Квак болса:

– Қалай қашамыз? Не істесек болады? – дейді таңырқап.

– Мен айлақта қожайындардың қайығын көргенмін. Соған отырып қашу керек.

Сөйтіп екеуі қашпаққа бел буып, түн ауғанда бірін-бірі жетектеп, айлаққа келеді. Қожайынның қайығының бірі тұмсық жағына, бірі оған қарама-қарсы отырады. Екеулеп жүріп қайықты алып қашармыз деп ойлайды. Ах Квак ештеңе көрмейтін, ал Ах Квен ескекті ұстай алмайтын.

Қараңғы түн еді, екеуі қайық тез жылжып келе жатыр деп ойлайды. Өкінішке қарай, қайық орнында айналып тұрған болатын. Сәлден соң екі достың бірі құзғынның даусын естиді, сол кезде Ах Квак: «Шамасы, шатқалға жеткен болуымыз керек», – дейді.

Ескекті бар күшімен ескен олардың құлағына әлден уақытта әтештің шақырған даусы келеді. «Шамасы, көрші ауылға жақындап қалған сияқтымыз. Қожайындарымыз қуып жетпей тұрғанда, жылдамдатуымыз керек», – деп ойлайды екеуі. Ах Квак пен Ах Квен әлі келгенше жылдамдатып есе бастайды. Осылайша екеуі жанығып жатқанда Ах Квак құстардың даусын естіп: «Тұп-тура үйіміздегідей дауыс шығып жатыр», – дейді. Таң атып, қожайыны айлаққа келсе, қайықта бір-біріне қарама-қарсы отырған екі жігітті көреді. Ол екеуінің қашып кетпек ойы болғанын бірден ұғып, бірақ лəм-мим демейді. Қожайын екеуін жазалаудың орнына үйіне қайтуға рұқсат береді.

Ах Квак пен Ах Квеннің басынан қашу жайлы ой кетпей қояды. Сол кезде Ах Квен:

– Енді қашсақ, олар бізді қуып жете алмайды. Бұл жолы қайықпен емес, жаяу қашамыз, – дейді досына.

Ах Кван басын шайқап:

– Мен соқыр, сен салсың. Қалай жаяу қашпақшысың? – дейді.

– Оған бас қатырма, мені иығыңа отырғызып алсаң болғаны, мен саған жол көрсетіп отырамын, – дейді Ах Квен.

Екеуі əбден жоспар құрып, ақылдасып, түн батқанда Ах Квак Ах Квенді иығына отырғызып, жолға шығады. Таң атқанда қожайындары екеуінің жоқ екенін байқайды. Олардың қашпақ болып жоспар құрғанын бірден сезеді. Сонда да олардың алысқа кетеріне күмəнданып, оншалықты бас ауырта қоймайды. Екеуін іздеуді де жөн деп таппайды.

Арада бірнеше күн өтеді, Ах Квак пен Ах Квен қас қарайғанда жұртта қалған ауылға келіп тоқтайды, бұл маңда айбарлы жолбарыстан басқа ешкім мекендемейтін еді.

– Мына ауылда қалай күн көреміз? Қолымызда бірде-бір құрал жоқ, өгізіміз де жоқ, мына түрімізбен қалай егін егеміз? Енді бізді егістікте жұмыс істеуге кім жалдайды? Тек ұрлық-қарлықпен ғана күнелте аламыз, – дейді Ах Квак.

Ах Квен əуелі жергілікті тұрғындарды табу керегін айтады. Ұзақ жолда кездескен адамдардың бəрі оларға

жұртта қалған ауылды мекен ететін қатыгез жолбарыс жайлы әңгімелеп, одан абай болу қажеттігін ескерткен-ді. Мұны естіген екеуі жолбарыстан қорықпайтынын айтқан еді.

Көп өтпей, Ах Квен сиырқораны көріп: «Қораға кіріп, сиыр ұрлап шық, сені осында күтемін», – деп айғай салды. Ах Квак Ах Квенді жерге түсіріп, сиырқораға қарай беттеді. Онда жолбарыспен бетпе-бет ұшырасып, қорыққанынан сілейіп, бір орнында қатты да қалды. Ах Квак болса, жолбарысты өгіз екен деп ойлап, аяңдап, жанына барды. Одан соң мүйізі бар-жоғын тексермек болып, басын ұстайды. Аздан соң қуанып кетіп Ах Квенге: «Мына өгіздің мүйізі бар екен, шамасы семіз болса керек», – дейді де, жолбарысты ұстап, досына апарады. Жолбарыс «біткен жерім осы екен ғой» деп ойлап, амалсыз Ах Квактың дегеніне көніп, әліптің артын бағады. Жолдасының әкелген олжасын көріп Ах Квен: «Әй, мынауың өгіз емес, жолбарыс қой» дейді. Ах Квак болса оған: «Егер сен өгізді ауыздықтамағаным үшін одан қорқып тұрсаң, оның қазір-ақ мұрнын тесіп, ауыздық тағамын», – дейді де, еш ойланбастан арқан өткізетін ілмекті жолбарыстың мұрнына қадайды. Жаны көзіне көрінген жолбарыс баж ете қалып, зым-зия жоқ болады. Ах Квен шамасы жетпесін біліп, оның соңынан қумайды. Ах Квак соқыр досын мойнына отырғызып алып, жолбарыстың артынан қуа жөнеледі.

Біраздан соң олар бір лашыққа тап болып, ол жақтан себет пен тасбақа көреді. Ах Квен әлгілерге қарап тұрып досына: «Біз лашыққа келдік. Әнеу бір жерде тасбақа мен үлкен себет жатыр», – дейді. Ах Квак: «Бірде-бір затты қалдырмай бәрін алу керек», – деп жауап береді. Ах Квен болса: «Ештеңе де алма, ауыр болады», – дейді. Сонда Ах Квак: «Салмақ түссе, маған түседі, сондықтан ала бер», – дейді. Екі жігіт лашықтан аларын алып, орманға кетеді. Онда араның ұясынан бал жинап жүрген омарташыны кезіктіреді. Оны көрген Ах Квен соқыр досына аралардың ұясын жинап жүрген омарташы барын айтады. Ах Квак жас жігітті шақырып алып: «Әй, мыңболғыр жігітім,

бізге мына араның ұяларынан бөліп берші», – дейді қиылып. Сонда жігіт: «Мұның ішінен балын ғана аламын, ал араның ұяларын сіздерге қалдырайын», – дейді. Сөйтеді де, бамбук түтікшеге нәжісін салып, оны Ах Квакқа табыстайды.

Ұзақ жол жүргеннен кейін әбден қажып шаршаған екеуі жүрек жалғап алмаққа тоқтайды. Ах Квак иығындағы жолдасын жерге түсіріп, бал араларының ұясы екен деп ойлап бамбук түтікшені шығарады. Сол-ақ екен, мүңкіген сасық иіс бұрқ ете қалады. «Мына жер сасық екен, одан да басқа орынға барайық» деп екеуі қайтадан жолға шығады. Сәлден соң екі жігіттің тағы да қарны ашып, ауқаттанып алмаққа бір жерге аялдайды. Бамбук түтікшені шығарып, аузын ашқаны сол еді, тағы да жағымсыз иіс қолқаны қабады. Осылайша олар бірнеше рет орын ауыстырады. Әлден уақытта Ах Квак түтікшенің қақпағын ашып, ішіне қолын салады да, қолын иіскейді. Сөйтсе ыдыстың іші толған нәжіс екен. Ах Квен мұның бәрін жолдасына айтып береді. Олар ашуланып, өздерін алдаған омарташының көзін құртпақ болады. Тамақтанып алған соң, екі дос омарташыны іздеп жүріп, орманда адасып қалады. Омарташыны таппаған соң, Ах Квак пен Ах Квен әлдебір патшалыққа тап болады. Олар келгенде, мұнда жұрт улап-шулап, бейберекетсіздік орнап жатқан еді. Қатыгез дәу патшаға кенже қызы Пов ханшайымды жеймін деп доқ көрсетіп жатыр екен. Патша келіспесе, ол корольді де, басқа бұқараны да қырып салмақшы. Пов ханшайым әкесін де, улап-шулаған халықты да аяп кетіп, алып дәудің құрбандығы болуға келісімін береді. Ол өлер уақытын сарайда күтіп отырады. Болып жатқан жайттан бейхабар екі дос демалып алмаққа сол сарайға кеп тоқтайды. Екеуінің өзара әңгімесін естіген ханшайым:

– Сіздер қайдан келдіңіздер? Мұнда қалай кірдіңіздер? Бұл патшалықта адамдар алып дәудің құрбандығына айналады. Қазір маған кезек келді, бұл арадан тезірек кетіңіздер, әйтпесе сіздерді де алып дәу жеп қояды, – дейді көзі жасаурап.

Ах Квак туғалы соқыр болса да, ештеңеден қорықпайтын. Ханшайымның сөзін естіп:

– Біз неге одан қорқуымыз керек? Керек болса, оның парша-паршасын шығарамын. Бейқам отыра бер. Ммаған жүрек жалғайтын ас-ауқат пен өткір қылыш әкеліп берші, дәудің жанын жәһаннамға жіберейін, – дейді.

Ах Квактың сөзін естіген ханшайым мәз болып, егер алып дәудің көзін құртса, барлық байлығын беруге уәде етеді. Ханшайымға берген уәдесі үшін Ах Квактың бойын мақтаныш кернейді. Бірақ өзі іштей алып дәуден өлердей қорқып тұр еді. Ауқаттанып алған соң, Ах Квак сарайдың есік-терезесін жауып, алып дәудің келуін қараңғыда күтіп отырады. Расымен де, әлден уақытта гүрс-гүрс етіп, алып дәудің адымдары естіледі.

Ах Квен қорыққаны сонша, тісі-тісіне тимей қалтырап кетеді. Пов ханшайым есінен танып құлайды. Алып дәудің келе жатқанын сезген Ах Квак оны есік алдында күтеді.

Алып дәу есіктің жабық екенін көріп: «Кім менің есігімді жауып қойды?» деп ақырады. Ах Квак бар батылын жиып, сабырлы үнмен: «Мен жаптым және сенен қорықпаймын», – дейді.

– Сен қайдан келдің? Сенің бауырың қаншалықты үлкен? Мен оны өз көзіммен көргім келеді, – дейді дәу.

Соқыр Ах Квак оған үлкен себетті лақтырады. Дәу алдындағы себетті көріп ішінен: «Егер бауыры осыншалықты үлкен болса, менен де дәу болғаны ғой», – деп ойлайды. Сөйтеді де дауыстап:

– Бауырыңның өзі осыншалықты үлкен болса, биттерің қандай болғаны? – деп сұрайды.

Ах Квак оған бағанағы тасбақаны лақтырады. Алып дәу оны бит екен деп ойлап ішінен: «Мәссаған, мынадай үлкен битті алғаш көруім!» дейді таңғалып. Аздан соң дауыстап:

– Сенің аяғыңдағы жүнің қаншалықты қалың? – дейді.

Ах Квак алып дәуге өгіздің мұрнын тесетін сымды лақтырады. Зәре-құты қалмай қорыққан дәу қаша жөнеледі.

– Мына дәу қашып кетті. Басқа да дәулер бар ма? – дейді Ах Квак ханшайымға.

Ханшайым есін жиып, оған:

– Түнде ол қайта келуге тиіс, – дейді.

Мұны естіген Ах Квак досынан өткір қылыш алып келуін сұрайды. Ах Квен жолдасының өтінішін орындамақ болып, қылыш таңдауға шығады. Түн ортасы ауғанда сарайға бағанағы алып дәу қайта оралады. Соқыр оның есік ашқанын естіген болатын, қылышын ұстап, есік жақта күтіп тұрады. Алып дәу табалдырықтан аттағанда басын шауып түсіреді. Алып дәудің өлгеніне көзі жеткен соң Ах Квак пен Ах Квенді патша алтынмен аптап, күміспен күптеп, сый-сыяпатпен аттандырады.

Таң атады. Ах Квен соқыр досына ағаш түбіне барып, қазынаны теңдей бөліп алуды ұсынады. Байлықтың жартысын бермей тұрып Ах Квак одан:

– Сен өз алдыңда жатқанды аласың ба, әлде менің алдымда жатқанды аласың ба? – деп сұрайды.

Ах Квак ішінен жолдасы оның алдына қазынаның аз бөлігін қойған екен деп ойлап:

– Сенің алдыңда жатқан үлесті аламын, – дейді.

Ах Квен оның көбірек үлес алып жатқанын көріп:

– Қане, тағы да бөл. Бастапқыда келіскендей болмады, – дейді.

Сөйтіп тағы да досынан:

– Енді сен кімнің алдындағы қапты аласың, Ах Квак? – деп сұрайды.

Соқыр досы болса ішінен: «Бұл жолы Ах Квен жақсырақ заттарды менің алдыма қойған болуы керек», – деп ойлайды да:

– Өз алдымдағы заттарды аламын, – дейді.

Ах Квен қымбат сыйлықтардың бәрін досы алғалы жатқанын көріп:

– Жо-жоқ, тоқтай тұр, тағы да дұрыс емес. Қайта бөлейік, – дейді.

Ах Квак досының ұсынысымен келіспей, екеуі дауласа жөнеледі. Дәл сол кезде Ах Квактың басына ағаш жемісі құлап түседі. Мұны ол досының соққысы екен деп ойлап:

– Сен неге мені ұрдың? – дейді.

Сол сәтте Ах Квак орнынан атып тұрып, Ах Квенді тебе бастағаны сонша, әлден уақытта ол аяқ-қолдарын сезіп, орнынан тұрады. Ах Квен атып тұрып, досының көзінен төмпештей береді, сәлден соң көзі шайдай ашылады. Екеуі де бақыттан бастары айналып, қазынаны қылдай тең бөліп алады. Сөйтіп сапарын жалғастырады.

Ал Пов ханшайымға келсек, таңертең адамдар сарайға келіп, оған не болғанын көрмек болады. Ханшайым дінаман екен. Алып дәу оны жемепті, ал дәудің денесі есік жақта серейіп жатыр. Мұндай жаңалыққа есі кете қуанған патша қызынан не болғанын тәптіштеп сұрайды. Ханшайым оған айна-қатесіз бәрін баяндап береді. Сөйтіп патша алып дәуді өлтіріп, қызын құтқарған адамды іздеуге кіріседі. Ол ханшайымды сол жігітке тұрмысқа беруге және әлгі жігіттің өзін патша қылуға уәде береді. Бұл жаңалықты естіген Ах Квак пен Ах Квен дереу сарайға барады. Олар алып дәуді өлтіргендеріне патшаның көзін жеткізеді. Ханшайым да екі жігітті жазбай таниды, бірақ енді олар соқыр мен сал адамға ұқсамайтын.

Ах Квак Пов ханшайымға үйленіп, таққа отырады. Жолдасын орынбасары етіп тағайындайды. Сөйтіп бәрі тату-тәтті әрі ұзақ өмір сүрген екен.

Мұхаммад Талиб Салман Әл-Дуейк

АДАЛ ДОСТЫҚ

Ерте, ерте, ертеде бір бала өмір сүріпті, оны анасы қатты жақсы көреді екен. Бір күні анасы оған:

– Балам, әлденеге алаңдап жүрген сияқтысың. Үйден ерте кетіп, кеш қайтатынды шығардың, – дейді.

– Анашым, менің жақын досым бар. Сол жолдасыммен көп уақытымды өткіземін, – дейді ұлы.

– Байқа, балам, адал дос па, амал дос па – әуелі соны біліп ал. Досыңды бір сынап көрейін. Оны ертең түскі асқа шақыр, кешікпей келсін деп ескертерсің.

– Жақсы, анашым, – деп бас изейді ұлы.

Ол досына барып, анасының түскі асқа шақырып жатқанын айтады.

– Үйіңде не бар? – дейді досы.

– Анам тауық етінен дәмді ас әзірлемекші.

– Жақсы, барайын, – деп келіседі досы.

Анасы ертесіне тауықтан дәмді түскі ас әзірлейді. Ұлының жолдасы келісілген уақытта үйге келеді, анасы оларды дастархан басына шақырады. Үстелге тәрелке, ірімшік және сары май қояды. Дастархан жайып болғаны сол еді, бала досына: «Менің әлдебір шаруам болып тұр. Сен тамағыңды ішіп, тынығып ал. Әбден тойып ал», – дейді де шығып кетеді. Шын мәнінде, оның ешқандай шаруасы жоқ еді, ол жай ғана досын сынамақ болады. Анасының бөлмесіне барып, анасы екеуі әліптің артын бағады.

Досы тауықтың санын, кеудесін және бірнеше қанатын алып, оған құрма, дәмдеуіштер мен май қосып, бәрін араластырады да, тыңқиып тойып алады. Одан соң үстелді ысырып, демалуға отырады. Бала бөлмеге кіріп:

– Ауқаттанып алдың ба? – деп сұрайды.

– Иә, – деп жауап береді жолдасы.

– Кофе іштің бе?

– Иә, Алла разы болсын!

Осыны айтады да, досы үйіне кетеді. Анасы бөлмесінен шығып ұлына:

– Бұл бала саған адал дос емес, ұлым. Онымен тағы кездесетін болсаң, мені ренжітесің. Достарың көп болғаны маған да жақсы, бірақ нашар адамдармен жолдас болма. Адал, нағыз дос сені ешқашан шарасыздықта қалдырмайды, сен үшін бәрін құрбан етуге дайын тұрады, – дейді.

– Жарайды, анашым. Айтқаның болсын, уайымдама, – дейді ұлы.

– Мен саған тек жақсылық ойлаймын, – деді анасы.

Арада күндер өтеді. Ұлы тағы бір жолдасы жайлы анасына әңгімелеп береді.

– Анашым, менің жан жолдасым пайда болды. Ол өте жақсы адам. Бір айдан бері танимын. Оны өзің үйреткендей күн сайын сынаймын, барлық сынағымнан сүрінбей өтті. Құдай қаласа, саған да ұнайтынына сенімдімін, – дейді жүзі бал-бұл жанып.

– Ендеше оны ертең үйге шақыр, – дейді анасы.

– Жарайды, – дейді ұлы. – Түскі асқа шақырайын, бұйырса, бәрі жақсы болады.

Жолдасына келіп:

– Ертең біздің үйге түскі асқа келесің бе? – дейді.

– Қандай да бір уақиғаның құрметіне ме? – деп сұрайды досы.

– Біздің әтешіміз бар еді, анам оны сойып, етінен дәмді ас әзірлеп, достарымды түскі асқа шақырмақшы. Менің сенен жақын досым жоқ.

– Жарайды, барайын. Қай уақытта?

– Бесін намазынан соң келе бер, – дейді бала.

Екеуі құлшылығын жасаған соң, оның үйіне барады. Бала үстелді әртүрлі дәмді тамаққа толтырады: дастарханға тауық, шелпек, пияз, дәмі тіл үйіретін май қояды. Түстенуге енді кірісе бергенде ол досына:



– Достым, анам маған бір шаруа тапсырып еді, соны істеуді ұмытып кетіппін. Қазір соған барайын, көп ұзамай келемін. Ал сен тамаққа тойып ал. Еш қысылмай, қалаған дүниеңді жей бер, – дейді.

– Жақсы, – деп қала береді досы.

Ол алдындағы тамақты ысырып, бетін майлықпен жауып, досы үйге оралғанша күтеді. Оған дейін терезеден сыртқа көз салып, әрлі-берлі өткен адамдарды бақылап отырады. Арада жарты сағат өткенде бала үйге оралып досынан:

– Түстеніп алдың ба? – деп сұрайды.

– Жоқ. Сенсіз тамағымнан ас өтпейді. Сенің оралғаныңды күттім, – депті жолдасы.

Сөйтіп екеуі дастарханға жайғасып, тамақтанып, арқа-жарқа әңгімелесіп, ойнап-күліп, әдемі уақыт өткізеді. Түстеніп болған соң ол анасына барып:

– Анашым, не айтасың? – деп сұрайды. Сонда анасы:

– Бұл жолғы досың шынымен адал дос екен, балам. Достықтарың ұзағынан болсын, – деп батасын беріпті.

«Танымал дәстүрлер» кітабынан

ТЕРІ ИЛЕУШІ

Баяғыда бір тері илеуші өмір сүріпті. Оның аяғы ауыр әйелі болыпты. Ол тапқан табысының бір бөлігін Меккеге барып қажылық жасау үшін жинап жүреді. Тері илеушінің үйіне көршілес балалары бар жесір әйел тұрады екен. Әлгі әйел табысы болмағандықтан, оған балаларын бағу қиынға соғыпты. Бірде балаларының қарны аш болғаны соншалық, ұйықтай алмай, түні бойы жылап шығады. Әйел оларды әрең дегенде ұйықтатқанымен, көп өтпей оянып кетіп, қайта жылап, тамақ сұрай береді. Сонда әйел көшеге шығып, қоқыс төгетін жерге барады да, сол маңнан өлген аң тауып алады. Ол үйіне келіп, балаларын ұйықтатады да, талғажау етерлік ас әкелемін деп қайта шығады. Қолына пышақ алып, манағы қоқыс төгетін жерге келеді де, өлген жануар етінің бір бөлігін кесіп алып, балаларына оралады. Қуырылған еттің иісінен тері илеушінің жұбайы оянып кетіп, дереу әлгі етке жерік болады.

– Көрші әйелдің үйіне барып, маған қуырылған еттен аздап салып әкеліңізші, – деп қиылады жұбайы.

– Қой, мұнымыз ыңғайсыз болар. Басқа бірдеңе сұра, – дейді күйеуі.

– Жоқ, тұп-тура сөйтіңізші. Мына қуырылған етті жегім келіп, құмарым ауып отыр, – дейді жұбайы.

Ақыры ол көніп, көрші әйелдің үйіне барып, есігін қағады. Әйел шығып, бұдан не керек екенін сұрайды.

– Менің жұбайымның аяғы ауыр еді. Сіз қуырып жатқан еттің иісін сезіп қойыпты. Маған сол еттен аздап бере аласыз ба? – дейді өтініп.

Көрші келіншек сасқалақтап, содан кейін:

– Мен Алладан қорқамын және сізден ештеңені жасырғым келмейді. Негізінде бұл өлген малдың еті еді. Мен оны қоқыстан тауып алдым, балалардың қарны шұрылдап кеткен соң амалсыз қуырып бергелі жатырмын, – дейді.

Тері илеуші оның әңгімесін тыңдап, әйелдің ауыр тұрмысына жаны ашиды.

– Менің балаларым жетім қалды. Қарындары ашқанда жылап, айғайға басады, оны естіп шарасыз халге түсемін. Сол себепті қоқыс төгетін орынға барғанмын, онда өлген жануардың серейген денесін тауып алдым. Оның етінің бір бөлігін кесіп алып, балаларым жыламас үшін қуырып берейін дегенмін, – дейді әйел ағынан ақтарылып.

Тері илеуші салы суға кеткен күйі үйіне келіп, көрші әйелдің хикаясын келіншегіне баяндап береді. Соны айта отырып іштей: «Мына әйел мен оның жетім балалары аштан бұратылып өлгелі жатқанда, менің қажылыққа аттанғаным дұрыс болар ма екен?!» деп ойлайды.

Расул (Алланың оған сәлемі болсын) оған көрші келіншекке көмектесуге кеңес береді.

Одан соң ол Аллаға құлшылық етіп: «Е, Аллам, сенің разылығың үшін жасайтын қажылығымның қаражатын балаларын тамақтандырсын деп көрші әйелге беруге ниет қылдым», – дейді.

Тері илеуші қажылық үшін жинаған қаражатын жинап, көрші келіншекке ұстатады да:

– Бұл сіздің несібеңіз, мұны сізге Құдай қайырлы етті. Осыны алыңыз да, балаларыңызды тамақтандырыңыз, – дейді күлімсіреп.

Көрші келіншек қатты қуанып, көршісі үшін Аллаға дұға қылды да, ақшаны алып, балаларына тамақ сатып алуға үйден шықты. Ал тері илеуші болса, енді қажылыққа бара алмайтын еді.

Меккеде қажылық кезінде қажылар періштелердің «Құдай тері илеушінің қажылығын қабыл етті» деген даусын естиді. Бұл дауысты естігендердің ішінде тері илеушіні танитын адам да бар еді. Ол қажылықтан орала сала тері илеушіге келіп:

– Сен қажылық жасадың ба? – деп сұрайды.

– Жоқ, – деп жауап береді тері илеуші.

Әлгі кісі таңғалып:

– Қалай сонда? Сен қажылыққа барған жоқ па едің?! – дейді қайталап.

– Бұл жолы қажылықтың маған сәті түспеді, – дейді тері илеуші.

– Мен және менің жолдастарым періштелердің: «Шын мәнінде, Алла Тағала тері илеушінің қажылығын қабыл етті» деген дауысын естідік. Бұл қалай болғаны сонда?

Тері илеуші лəм-мим демеді. Бірақ әлгі кісі қыс-қыстап қоймаған соң, жетім балалар жайлы хикаяны баяндап береді. Әңгімені мұқият тыңдаған ол тері илеушіге келер жылы қажылық жасауы үшін ақша жинап, сыйға тартады. Үлкен қажылықтың уақыты келгенде тері илеуші бақытты һəм риза күйде Қағбаға қарай жол тартады.

Цао Вэньсюань
Алғаш рет 2015 жылы Қытайда
«21 ғасыр» баспасында басып шығарылған

ЖАЗ

Жаздың тамылжыған ыстық күні. Кішкентай құс көлеңке іздеп, жапырақтың астына сүңгіп кетті. Шегірткелер құрақтың арғы тұсына қарай жылжыды. Құрбақа су бетіндегі лотостың жапырағына кеп қонжиды. Арқасында бейнебір қолшатыр тәрізді лотос жапырақтары жабысып қалған. Бір топ үйрек басын қанатының астына тығып, ақырын жүзген күйі үлкен көпірдің көлеңкесінде қалғып келеді. Орам шөптердің көлеңкесін саялаған балапандар ұйқыға кеткен. Қауын жинауға келген фермер жаппаның астында желпуішін желпіп қойып, дамылдап жатыр. Телеграф бағанасынан түскен көлеңкеде торғайлардың тобы үймелеп қалыпты. Суқұзғындар қонақтаған шағын балықшы қайығы жағадағы талдардың саясында қаңтарулы тұр.

Саваннадағы аңдардың үйірі шыжыған күннен қорған болар жер іздеп, безіп кетті. Олардың қатты жүгіргені соншалық, іздерінен шаңды бұлт көтерілді.

«Әне, әне жерде!» – деді сығыркөз шибөрі ентігіп.

Аңдар бар күшімен әлгі ағашқа қарай жүгірді, көп өтпей араларында тартыс басталды.

– Мен ағашқа бірінші жеттім!

– Жоқ, мен жеттім!

– Бірінші болып мұнда мен келдім!

– Мен келдім!

Бәрі арасындағы ең кішкентай аң – сұртышқанды шетке ығыстырып тастаған еді, ол көзі мөлтілдеп, әне-міне жылап жіберуге шақ тұр: «Ағашқа бірінші болып келген мен едім!».

Ал ағаш әбден жалаңаштанып, жұтап қалған-ды: бірен-саран бұтақта ғана сарғайған жапырақтар көрінеді. Басқа бұтақтардың бәрі тып-типыл болған. Ағаш бір қарағанда жабыны жоқ қолшатырға ұқсайтын.

Сәлден соң ұрыстың соңы төбелеске ұласты. Сұртышқан қорқып кеткені соншалық, шетке қарай кетіп, «Төбелесті тоқтатыңдар! Тоқтатыңдар!» деп шиқылдай бастады.

Әрине, ақырында піл жеңіп шықты. Барлық аң пілге тап беріп, «Әй, біз мұнда бірінші болып жеттік! Піл, бұл жерден табаныңды жалтырат!» деп айғайлауға көшті.

Піл ашуға булығып, әлден уақытта: «Кетіңдер!» деп барқ етті де, тұмсығымен жерден бір уыс топырақты алып, тобырға бағыттап тұрып әлгі топырақты шашып жіберді.

«Тым ыстық болып кетті! Бәрің шулап, миымды ашытып жібердіңдер. Менің жыныма тимеңдер».

Амал нешік, басқалары ақырын артқа жылыстай бастады.

Олар пілге ара-тұра көз тастап, өзара күңкілдесіп қояды. Сәлден соң ішек-сілесі қата күле жөнелді: ағаш түбіндегі пілдің жағдайы да бұлардікі секілді мәз емес еді! Піл болса жалаңаш ағашқа мұқият қарап тұрды да, бір кезде өзі де күліп жіберді. Барлық аң ду етіп қосыла күліп жатқан-ды, кенет бәрінің күлкісі сап тыйылды. Олар болмыстың ғажап бір көрінісіне куә болған еді: жазық далада әкесі мен ұлы келе жатты. Ұзын бойлы, алпамсадай денелі әкенің алып көлеңкесінде кішкентай ұлы осы бір шыжыған ыстықты елемей, қаннен-қаперсіз жүріп келеді. Әкелі-балалы екеу көрер көзді сүйсінтіп, өз жолымен кетіп барады.

Барлық аң оларға үн-түнсіз қарап қалыпты. Әлгі екеу көкжиекке қарай бағыт алған. Әлден уақытта тек әкесінің сұлбасы ғана көрініп, сәлден соң біржола көзден ғайып болды.

Шетсіз-шексіз шөл далада жануарлар ендігі жолды бірге еңсере алмайтындарын түсініп, жан-жаққа тарауды шешті. Сілеусін жанындағы сұртышқанға: «Кел, сен менің көлеңкемді саяла», – деді. Осылайша, сұртышқан сілеусіннің көлеңкесінде томпаңдап жолға шықты.

Мұны көрген жабайы ит сілеусінге жақындады. Ал леопард болса, итке таянды. Леопардтың қатарына қоңыр аю қосылды. Мүйізтұмсық қоңыр аюды саялады. Піл үлкен құлақтарын қағып-қағып жіберіп, мүйізтұмсықтың қатарына тұрды. Қоңыз жүгіріп келіп, сұртышқанның жанына жантая кетті.

Күн ысыған үстіне ыси түсті. Аспаннан бір шөкім бұлт ұшып өтті. Сәлден соң әлгі бұлт қайта оралып, дәл аңдардың үстіне келіп тоқтады.

Ши Нань
Қытай балалар әдебиеті баспасы

ТАУ ҚОПАРҒАН ЮЙ ГУНЬ

Жауласқан патшалықтар кезеңінде Ли-Цзы атты данагөй өмір сүріпті, ол бізге дейін жеткен көптеген аңыз-әңгіменің авторы, солардың ішіндегі ең танымалы – «Юй Гунь және Шань» (тікелей аударғанда «Тауды жылжытқан ақымақ шал» деген мағынаны білдіреді). Бұл әпсанада 90 жасқа келсе де ақылынан алжаспаған қарт Юй Гунь жайлы баяндалады. Оның бала-шағасы мен немерелері көп болыпты, қарттың әулетіндегі ер адамдар фермада жұмыс істесе, әйелдер үй шаруашылығымен айналысады екен, бәрі де молшылықта тұрмыс кешіпті.

Алайда Юй Гуньге жатса да, тұрса да бір ой маза бермейді. Оның арғы ата-бабасынан бастап олардың әулеті тауда өмір сүреді, дәл үйлерінің алдынан екі ұлы тау – Тайхан мен Ванву созылып жатыр, сондықтан үйден әр кез шығарда олар тауды асып өтуге мәжбүр еді, бұл қолайсыз болатын.

Бір күні Юй Гунь ойланып отырып: «Мен, әрине, қартайдым, бірақ менің ұрпағым тауда өмір сүре береді. Сондықтан тауды жылжытуға әрекет жасап көру керек», – дейді. Сөйтіп ол бұл мәселе жайлы кеңеспек болып әулетін жинайды, отбасының барлық мүшесі өз келісімін береді. тек Юй Гуньнің әйелінде «Тастарды қайда қоямыз?» деген аздаған күмән бар еді. Юй Гунь оған: «Біз оларды Бохай теңізінің жағалауына апарсақ болады», – деп жауап қатты.

Ертеңіне отбасының барлық мүшесі сыртқа шығып, таудағы тастардың орнын жылжытуды бастап кетеді. Олар үйдей тастарды біртіндеп көтеріп, өгіздермен тасып,



Иллюстрация от Яна Юнцина

алыс аумаққа апарып төгеді. Әйелдер мен балалар ас-су жеткізіп тұру міндетін алады.

Көрші жесір келіншектің 6-7 жас шамасындағы кіп-кішкентай баласына дейін томпаңдап, еңбек етіп жатқан адамдарға көмектесіп жүреді.

Таудағы жол кедір-бұдыр, ал тастарды апарып төгетін жерге дейінгі арақашықтық ұзақ болатын, сондықтан Юй Гунь мен оның көмекшілері бір рет барып келгеннің өзінде бірнеше жыл мезгілі ауысып үлгеретін.

Сол уақыттарда өзеннің бұрылысында Чжи Су есімді данышпан өмір сүретін. Ол көз алдындағы осынау көріністің бәрін мұқият бақылап, іштей мұны ессіздік деп санайтын, сол себепті бір күні Юй Гуньнің отбасын райынан қайтаруға тырыспақ болады.

Ол Юй Гуньге келіп:

– Сен әбден қартайып, алжыған екенсің, мына бастамаң – барып тұрған ақымақтық. Сенің жасыңда тіпті таудағы шөптің өзін жұлу қиын, екі үлкен таудың тастарын қалай көтеріп тасымақшысың? – дейді.

Юй Гунь оның бұл сөзін үнсіз тыңдап, қыж-қыж қайнап жатқан жұмысты нұсқайды да:

– Сенің бірбеткейлігің соншалық, көз алдыңдағы ап-айқын дүниенің өзін көрмейсің. Өзің білесің, егер өлсем, артымда балаларым қалады, олардың да артында бала-шағасы мен немерелері қалады... Осылай-осылай жалғасып кете береді. Таулар биіктеп жатқан жоқ, аласарып жатыр, бір күні олар тып-типыл болып, жазық далаға айналары анық, – деп жауап береді.

Чжи Су оның бұл сөзіне дәнеңе айта алмай, күмілжіп қалады. Бар болғаны, басын шайқайды да, терең күрсініп, кетіп қалады.

Юй Гуньнің отбасы тау тастарын қазуды тоқтатпайды. Шаршаған шақтарында жол жиегіне отырып, аз-маз тынығып алады да, жұмыстарын қайта жалғастырады. Тегіс жол ұзарып жатқанын байқаған олар шаттанып, мәз болады.

Таулар құдайы өзінің саяхатында Юй Гуньнің тау қопарып жатқанын естігенде, Тайхан мен Ванву таулары-ның бір кездері жазыққа айналып жоқ боларына ашуланып, бұны Аспан әміршісіне тездетіп жеткізуге асығады.

Юй Гуньнің өз арманына адалдығына тәнті болған Аспан әміршісі Куа'э әулетінің екі алыбын оларға көмектесуге жұмсайды. Екі алыптың бірі тауды арқасына салып, енді бірі қолына көтеріп, алыстау жерге көшіреді.

Сол заманнан бері Юй Гунь өмір сүрген мекенде таулы аймақ кездеспейді, ал ондағы барлық бағытқа бастар жолдар тегістелген деседі. Енді мұнда тұратын халық қолайлы тұрмыс кешетін болыпты.

ТАТУ БАУЫРЛАР

Бағзы бір өткен заманда тау бөктеріндегі бір ауылда ағалы-інілі екі жігіт пен олардың жесір анасы өмір сүріпті. Олар бір-бірімен өте тату екен, фермаларын бірге баптайтын еді. Бауырлар бірін-бірі тастамай, қандай қиындықты да қасқайып бірге қарсы алатын. Олардың бұл ауызбіршілігіне риза болған ауыл халқы сырттай сүйсінетін.

Уақыт өте үлкен бауыры үйленіп, ұлы мен қызы өмірге келеді. Көп өтпей, кіші бауыры да өз сүйіктісін кезіктіріп, шаңырақ құрады. Біршама уақыттан соң аналары қайтыс болып, бауырлар бөлек тұруға мәжбүр болады.

– Аға, сен үйдің үлкенісің, мұраның көп бөлігін сен ал, өйткені сенің отбасың менікіне қарағанда үлкенірек, – дейді інісі.

– Жоқ, бауырым. Саған әлі аяққа тұруың керек, үйіңе көп жаңа зат сатып алу қажет, сондықтан сен ала ғой, – дейді ағасы.

Бауырлардың әрқайсысы аналарынан қалған мұраның көп бөлігін иеленуге өздерін лайықсыз көреді, бірақ түптің түбінде олар мұраны қылдай екіге бөліп алуға ұйғарады.

Ағалы-інілі екеу өздерінің қарақан басын емес, үнемі бірін-бірі ойлап тұратын. Күн сайын олар бірге егістікке барып, сілесі қатқанша жұмыс істейтін. Көктемде екеуі бірге күріш егеді, ал жазда арамшөп жұлады. Олардың тиянақты еңбегінің және ұқыптылығының арқасында күріш тез бой көтереді. Ақыры, күз келіп, бауырлардың егіні бітік шығады.

Ағалы-інілі екеудің жүзі қуаныштан бал-бұл жанды. Осы кезде күріштің аз бөлігін кім алатынын ақылдасады:

– Сенің екі балаң бар, ағатай. Күріштің көп бөлігін сен алуың керек, – дейді інісі.

– Жоқ, бауырым, сенің үйленгенің кеше ғана. Саған көбірек күріш қажет, – дейді ағасы.

Ақыр аяғында екеуі күрішті теңдей бөліп алуға уағдаласады.

Кешқұрым үйіне оралған ағасы іштей: «Бауырымның отбасы әлі жас, шығыны да көп болады әлі», – деп ойлайды. Қас қарайған шақта ол өзінің үлесінен бір қап күріш салып алып, оны інісінің үлесіне апарып қосып қояды. Ал інісі болса, ағасының балалары барын, оларды асырауы керегін ойлап, түн ортасында өзінің үлесінен бір қап күріш алып, ағасының үлесіне апарып қосады. Бұл жайттың бәрін күлімсіреген күйі Ай бақылап тұрған-ды.

Ертеңіне ағасы өзінің үлесін көріп, өз көзіне өзі сенбейді. Ол өз үлесінен бір қапшық күріш алып, інісінің үлесіне апарып қосса да, оның үлесі азаймағанын, әлі бұрынғыша болып тұрғанын көреді.

«Қызық, мұнда бір гәп бар секілді», – деп ойлайды ол. «Бір қапшық күрішті менің алып кеткенім айдан анық, ендеше мына жердегі күріштің көлемі неге өзгермеген, әлі бұрынғы қалпы тұр? Бүгін кешке інімнің үлесіне тағы бір қапшығын қосып қоярмын».

Інісі де бұл кезде астықтың өзіне тиесілі үлесіне таңғала қарап тұрған-ды.

Сол түні ағасы тағы бір қапшыққа күріш толтырып, оны інісінің үлесіне апарып төгеді, інісі де тура солай жасайды. Ал таңертең ағалы-інілі екеу өздерінің үлесі еш азаймағанын көріп, таң-тамаша қалады. Бұл не деген ғажайып?!

Үшінші түні бауырлар ақыры не болғанын түсінеді. Олар түн ортасында астықтың маңында ұшырасып қалады.

– Мұнда кім бар? О-о-о, ағатай, бұл сенбісің? Рахмет саған!», – дейді інісі таңданып.

– Саған да рахмет, бауырым! – дейді ағасы да күмілжіп.

Екеуі де сол сәт не болғанын ұққан еді. Олар бірін-бірі құшақтап, қуаныштан көз жасына ерік береді. Сол күннен бастап бауырлар не нәрсені де қылдай қақ бөліп, тату-тәтті әрі бақытты ғұмыр кешкен деседі.

АҒАЛЫ-ІНІЛІ ХЫНБУ МЕН НОЛЬБУДЫҢ ХИКАЯСЫ

Ерте, ерте, ертеде Кореяда ағалы-інілі бауырлар – Хынбу мен Нольбу өмір сүріпті. Нольбу кішкентайынан қырсық болып өсіпті, әркез інісі Хынбуды ыңғайсыз жағдайға қалдырып жүргенді ұнатады екен.

Әулеттің отағасы қайтыс бола салысымен Нольбу қара шаңырақтан Хынбудың отбасын қуып шығады. Амалсыз Хынбу әйелі мен шүпірлеген балаларын алып, ауылдан шалғай жердегі, шатыры қамыстан жасалған жұпыны үйге көшуге тура келеді.

Қалталарында көк тиыны болмай, көп өтпей Хынбу мен оның отбасының талғажау етер тамағы таусылады. Шарасыздықтан Хынбу ағасы Нольбуға көмекке жүгінеді. Бірақ Нольбу әркез оның бетін қайтара береді. Алайда Хынбудың жүрегінде сараң ағасына деген бір түйір жеккөрініш те, ашу-ыза да жоқ еді.

Қақаған қыстың суығы қайтып, көктем шығады. Қарлығаштар Хынбудың шатырына ұя салып, жұмыртқа басады. Хынбу құстардың қалай өсіп келе жатқанын қызыға тамашалап жүреді.

Бірде ол қарлығаштың балапаны жерге құлап қалғанын көреді. Ол дереу оны көтеріп, сынған қанатын емдеп жазады. Осылайша тағы бір қыс өтіп, көктем келеді. Аналық қарлығаш асқабақтың дәнін алып келіп, балапанына көрсеткен мейірімі үшін Хынбуға береді.

Хынбу әлгі дәнді егіп, көп күттірмей тегенедей үлкен асқабақтар өсіп шығады. Күзде Хынбу мен оның отбасы

асқабақтардың бірін жарып жемек болады. Асқабақ «тырс» етіп жарылады.

Бірінші асқабақтың іші толы есепсіз қазына екен. Екінші асқабақтың ішінен үй салып, киім-кешек тігетін жұмысшылар шығады, ал үшін асқабақта күрішке толы сиқырлы сандық жасырулы жатады, әлгі сандықтан қанша күріш алсаң да ортаймай, қайта толып тұратын.

Сөйтіп Хынбудың отбасы бір-ақ күнде байып шыға келеді. Мұны естіген Нольбу ағасын қызғанып, түні бойы дөңбекшіп ұйықтай алмайтын. Сөйтіп Нольбу әлгі қарлығаштың ұясын бұзып тастамақ болады. Ұяны қозғай бергенде қарлығаштың кішкентай балапаны жерге құлап, қанатын сындырып алады. Нольбу балапанды жібек матаға орап, көрсеткен қамқорлығы үшін оған да сый-сыяпат болар деп дәмеленіп қалады.

Келер жылғы көктемде қарлығаш Нольбуға асқабақтың дәнін әкеліп береді. Нольбу оны егіп, әбден күтіп-баптайды.



Ақырында үлкен-үлкен асқабақтар өсіп, оны жинайтын кез келеді. Нольбу мен оның әйелі асқабақтардың іші қазынаға толы болар деп қатты күткен еді. Бірақ «тырс» етіп жарылған асқабақтың ішінен алтын-күміс емес, Доккебис атты адам-жегіш дәулер атып шығады. Доккебистер Нольбу мен оның әйеліне тап беріп, олар әрең қашып құтылады, ал үйлері жермен-жексен болып қирайды.

Бұл жаңалықты естіген Хынбу таң-тамаша болады. Сары уайымға батқан ол ағасының үйіне жүгіріп барып: «Ағатай, біздің үйге көшіп кел, бәріміз бірге тұрамыз», – дейді.

Нольбу өзінің қатесін түсініп, істеген қылықтары үшін қатты өкінеді. Хынбуға мейірімді жүрегі үшін өмір-бақи разы болып өткен екен.



Алымбаева Бермет Бекешқызы

ЛӘЙЛЕК

– Ата, ата, бүгін өзен жағасында аппақ ләйлек көрдім. Оның аяғы ұзын, ал өзі үлкен әрі әдемі екен, суда олай бір, бұлай бір жүзіп, оңай қозғалды. Ата, ләйлектің аяғы суық суда тоңбай ма сонда? – деді аузы бір сәт тыным таппайтын немересі Жасмина.

– Бұл қасиетті құс әрбірімізге бала кезден жақсы таныс. Қырғызша біз оны «илегилек» деп атаймыз. Мұны есіңе сақтап ал, ботам, – деді атасы.

– Ата, сізден бірнәрсе сұрасам бола ма?

– Сұрай ғой, айналайын, сұрай ғой.

– Неге үлкендер ләйлек балаларды тұмсығына тістеп әкеледі деп айтады? Олар сәбилерді ұрлап ала ма? Әлде бөпе шығаратын зауыт бар ма? Жақында бір мультфильм көрдім, сәби сүйгісі келетіндер хат жазады, ал оларға сәбиді ләйлек әкеліп береді. Ата, мен де хат жазармын, бізге де үйге кішкентай сүйкімді ұл бала әкеліп берсе ғой.

Атасы немересінің сөзіне рақаттанып күліп алды.

– Жоқ, ботам, ләйлектер бала ұрламайды, сен айтқан бөпе шығаратын зауыт та жоқ.

– Онда ләйлектер балаларды қайдан алады? Ләйлек туралы айтып беріңізші.

Атасы ойланып отырып, бір кездері өз балаларына айтып беретін ертегілерді есіне түсірді.

– Інің мен сіңлілеріңді шақыр, сендерге сиқырлы ләйлек жайлы ертегі айтып берейін.

Жасмина далаға жүгіріп шығып Нұрел, Аделина және Аруузатты шақырып келді. Олар атасының айналасына ыңғайланып отырды.

– Шырақтарым, жақсылап тыңдаңдар, сендерге қызық ертегі айтамын. Ерте, ерте, ертеде аппақ сиқырлы ләйлек өмір сүріпті. Ол құстардың арасындағы ең әдемі ләйлек болыпты. Ақ ләйлек ұясын адамдардың мекеніне жақын жерде, көл жанындағы биік шыршаға салыпты. Адамдар бұған еш қабақ шытпай, керісінше, егер ләйлек ұясын үй жанына салса, жақсылықтың нышаны десіп, қуанады. Бұл киелі құстарды адамдар қатты жақсы көреді және олар сәттілік әкеледі деп сенеді.

Ләйлектер көртышқанмен, егеуқұйрықпен және басқа да тышқантұқымдас кемірушілермен, сондай-ақ бақа, балық, су қоңызы және шылаушынмен қоректенеді, сонымен қоса, тауық пен үйректің балапандарын, көжектерді және аққіс-терді аулайды.

– Ата, ал ләйлектердің даусы қандай? – дейді Нұрел.

– Олар дауыс шығармайды, дауыс шығаратын бұлшық-еттері мен мүшелері жоқ. Мысалы, ақ ләйлек айқайлаудың орнына тұмсығын сақылдатады немесе ысқырады. Ал қара ләйлек тұмсығын сирек сақылдатады, оның даусы жөтелге не саңқылға ұқсайды. Ләйлектің балапандары бақа құсап бақылдай алады, шегіртке құсап шырылдай алады, тіпті ысқырып, айғайлай да алады.

Алтындарым, сол сиқырлы ләйлек күн сайын кешкісін барлық үйлерді аралап, терезесіне көз тастайды. Үйінде жайлылық орнаған, ата-аналары өзара сүйіспеншілік пен үйлесімде өмір сүретін, ал балалары еңбекқор шаңырақтан әрдайым жағымды, нұрлы сәуле тарайтын. Сонда ләйлек әлгі сәулені алып, сонымен бірге ұшып кетеді. Ол кішкентай сәулені күтіп-бағып, сәбиге айналғанша өсіріп береді. Содан соң нәрестені бағанағы сәуле шашқан үйге әкеліп береді.

Ләйлек белгіленген мекенжайға алғаш рет сәби әкелген сәтін есіне түсірді. Ол құндақты әдемілеп алып, тұмсығына ілді де, ұша жөнелді. Үйге таяп келген соң тұмсығымен терезені тоқылдатты. Ер мен әйел адам жүгіріп келіп, терезені ашты да, құндақтаулы сәбиге қол созды. Әйел сәбиін қуана бауырына басып, үстелге қойды да, құндағын шешті.

– Құдай-ау, кіп-кішкентайын қарашы! Менің балапаным, тентегім, – деп емеурінді әйел күйеуіне қарап. Неткен бақыт десеңші! Олар қуанып, нәрестені барлық туысына көрсетіп, оның құрметіне ұлан-асыр той жасады.

Бақытты ата-ананың көзіне қарап, жас ләйлек өзінің өте пайдалы іспен айналысып жүргеніне көзі жетті. Осыдан соң ол адамдарға нәрестені қуана-қуана жеткізіп беретін болды.

– Ата, әпкем Жасмина екеуміз ләйлекті көрдік. Демек, бір-бірімізді тыңдап, бір-бірімізді ренжітпесек, еңбекқор болсақ, ләйлек біздің үйге де нәресте әкеліп береді ғой, иә? – деді Нұрел күлімсіреп.

– Әрине, қошақаным. Егер үлкендердің айтқан тілін алып, әпкеңе кішкентай сіңлілеріңді қарауға көмектессең, онда ләйлек міндетті түрде үйлеріңе кішкентай сәби әкеледі.

– Жарайды, ата, енді әкемнің, анамның, әпкемнің айтқан тілін аламын. Шіркін-ай, ләйлек бізге ұл бала әкеп берсе екен, онымен ойнар едім. Әкем маған велосипед сатып әперем деп уәде берді, велосипедімді іниммен бөлісер едім.

– Ботам сол, барлық арманың орындалсын. Менің балапандарым, ұрпағымды жалғаушыларым, – деді атасы мейірленіп.

– Әрі қарай тыңдаңдар. Сонымен ләйлек күн сайын ұшып, сәби армандаған үйлерге құндақтаулы бала жеткізіп беріп жүреді. Ол тұмсығындағы жүгін абайлап таситын. Құндақты белгіленген жерге дейін ең жайлы жолмен, ешқайда соқтықпай, сәби суықтап қалмайтындай және түсіріп алмай дін-аман жеткізу қажет.

– Ата, ләйлектер балаларды қайдан алады, олар сондай көп пе? – деп қайталап сұрады Нұрел.

– Асықпа, құлыным. Мен бәрін баяндап беремін. Ләйлек түнде өзі сәби әкеліп берген үйдің терезесіне үңіліп, баланың қалай өсіп жатқанын, тәп-тәтті болып ұйықтап жатқанын, аяқ-қолын ербеңдетіп жатқанын бақылап тұрады. Баласын қатты жақсы көретін ата-аналарды көріп, ләйлек те

солармен бірге қуанса, баласына нашар қараған ата-аналардан сәбиді қайта алып кетеді.

– Демек, ата, ата-анамызды тыңдап, оларға көмектесіп жүрсек, онда ләйлек бізге тұмсығына қыстырып сәби әкеліп береді. Оған жақсы қарасақ, күтіп-бақсақ, ләйлек қайта алып кетпейді, солай ма?

– Солай, қарақтарым, егер үлкенді тыңдасаңдар, арман-дарың міндетті түрде орындалады.

– Онда ата-анамызға үнемі қолғабыс жасаймыз, – деді Жасмина тақ-тақ етіп.

Мәз болған балалар бөлмелерін жинап, бірі ыдыс-аяқ жуып, енді бірі аула сыпырып кетті. Томпаңдап жүрген елгезек неремелерін көріп Сыдық ата мейірлене жымиды.

Келесі жылы әулетте ұл бала өмірге келді. Сонда Сыдық атаның немерелері қалай қуанғанын көрсеңдер ғой!

– Ата, көрдіңіз бе, ләйлек бізге бөпе әкеліп берді, демек біз жыл бойы жұмыс істеп, жақсы бала болғанбыз, бір-бірімізді тыңдап, ренжіспегенбіз, – дейді кішкентай Аруузат.

– Иә, жарайсыңдар, алтындарым, – деп күлімсіреді Сыдық ата.

ҚАРЛЫҒАШ

– Ата, тыңдаңызшы! – деп Аделина қуана жүгіріп келді. – Біздің сарайдың шатырына қарлығаш ұя салып жатыр. Көргіңіз келе ме?

– Жарайды, барып көрейік, – деп атасы немересімен бірге сарайға қарай бет алды.

– Міне, ата, міне! – деп немересі алға жүгіріп, қарлығаштарды көрсетті. – Қараңызшы, олардың ұясы біздің үйіміз сияқты балшықтан жасалған. Неліктен олар басқа құстар сияқты ұяларын бұтақтардан емес, балшықтан салады?

– Қарлығаштар өз ұясының жылы әрі мықты болғанын қалайды, жарығым. Балшық жел өткізбейді, сондықтан ішінде балапандарына жайлы болады. Қарашы, ботам, олар таңнан кешке дейін тынымсыз еңбек етіп жүр. Шатырдың астына сілекейімен араласқан балшық кесектерін, үлпілдек мамықтарды, жіңішке қылшықтарды тасып, ұя салып жатыр.

– Ата, олар сондай кішкентай тұмсығымен қалай балшық тасып, ұя сала алады? – деп таңдана сұрады Байәмір.

– Олар өте еңбекқор құстар, құлыным. Сондықтан адамдар қарлығашты еңбекқорлығы мен мейірімділігі үшін жақсы көреді.

Қарлығаш – жақсылықтың, бақыттың, үміттің, отбасы берекесінің жаршысы. Оған халық әрдайым ерекше ықыласпен, жылылықпен қарайды. Ол – көктемнің, күннің қайта оралуының белгісі. Қарлығаштар үйдің жанына ұя салса, бұл жақсы ырым саналады. Олар тек татулық орнаған үйлерге ғана қонады деп айтады. Біздің үйімізде де бақыт пен береке болмақ.

– Мен де өте жақсы бала боламын! Сонда менің де үйімде қарлығаштар ұя салады! – деді Байәмір.

– Мен де, мен де жақсы қыз боламын! Көресіздер! – деп қуана секіріп, сөзге Аделина араласты. – Менің ауламда қарлығаштар ұя салады! Міне, осыншама! – деп кішкентай саусақтарымен санап көрсетті.

Атасы немерелеріне мейірлене қарап, екеуін де басынан сипап:

– Әрине, менің алтындарым, сендердің армандарың міндетті түрде орындалады, – деді.

Бір сәтке үнсіздік орнады. Одан кейін атасы әңгімесін жалғады:

– Ежелгі наным-сенім бойынша адамдар өрмекшіден тоқуды, ал қарлығаштан үй салуды үйренген. Қарлығаштың ұясын бұзу – үлкен күнә. Оны ешқашан бұзушы болмаңдар!

– Жақсы, ата, бұзбаймыз! — деді екі бала жарыса.

– Қарлығаш пен көгершін – Құдайдың сүйікті құстары. Көп халық қарлығаштың ұясы үйді найзағай мен өрттен қорғайды деп сенеді. Сондықтан бұл құс адам баласы үшін қасиетті саналады. Қарлығаш – күндіз ұшатын құс. Ол таң атысымен көкке көтеріліп, күні бойы тыным таппай жем іздейді. Қарлығаштар – тамаша акробаттар, олардың әуеде жасайтын қимылдарын көрсеңдер. Қарлығашқа ауада ұшып жүріп, ұсақ жәндіктерді қағып алу түкке тұрмайды. Қарлығаштар – торғайтәрізділердің ең көп тараған түрлерінің бірі. Олар өмірінің көп бөлігін аспанда өткізіп, жерге сирек қонады. Қызығы, қарлығаштар ұшып жүріп тамақтанып қана қоймай, су да ішеді.

– Ұшып жүріп су іше ме? — деп таңдана сұрады Мөлдір. – Сонда қалай, ата?

– Өте оңай! Қарлығаш суға жақындап, тұмсығымен суды іліп алып, оны ұшып бара жатып жұтып үлгереді. Тіпті кейде олар аспанда ұйықтайды. Ал жерде жүргенде ебедейсіз, баяу қозғалады. Қарлығаш – жыл құсы. Жылына екі рет ол алыс жолға шығып, жылы жаққа ұшып кетеді де, көктем келісімен қайта оралады.

– Ата, қарлығаштар туралы тағы да айтып беріңізші! – деп немерелері өтінді.

– Онда бәрің тыныш отырып тыңдаңдар, сендерге қарлығаш туралы бір ертегі айтып берейін.

Ертеде бір ауылда екі ағайынды өмір сүріпті. Үлкенінің аты – Жомарт. Ол өте мейірімді, ақкөңіл жан екен. Жомарттың үйі кедей болғанымен, оның ең үлкен байлығы – бала-шағасы болатын. Шағын ғана қарашаңырақта әрең сыйып отырса да, кейде талғажау етер тамақ табылмай қалса да, олардың үйлерінде әрдайым жылылық пен береке орнап тұратын. Жомарттың отбасы еңбекқор, ауызбіршілігі мықты еді. Олар күндіз-түні тыным таппай жұмыс істейтін, ал кешке тапқандарын тең бөлісетін.

Ал оның кіші інісі Бітірбек мүлде басқа еді. Ол бай тұратын, бірақ сараң, қатыгез болатын. Бітірбек ешкімге көмектеспейтін, жақындарына да қол ұшын созбайтын.

Қыс өтіп, жер бусанып, көктем келді. Жерге дән себетін уақыт та жетті. Бірақ Жомарттың себетін бір түйір де бидайы жоқ еді. Ол амалсыздан інісіне барып, тұқым сұрауға бел буды.

Жомарт інісінің есігін қаққанда, Бітірбек оны суық қабылдады. Ол ағасының не үшін келгенін бірден түсініп:

– Саған ұят емес пе?! Өз ініңе қол жаюға қалай ғана дәтің барады?! Менде артық бидай жоқ! Саған бір түйір дән де бермеймін! – деп айқай салды.

Жомарт үн-түнсіз басы салбырап кері қайтты. Ол ауыр күрсініп, үйіне келді. Әйелі оның құр қол оралғанын көріп, күлімсіреп:

– Уайымдама, Жаратқан иеміз бізге де береді. Біз де жақсы өмір сүретін боламыз, – деді.

Күндер өтіп жатты. Бір күні Жомарт үйінің алдында мұңайып отыр еді, кенет үстінде шыр-шыр еткен қарлығаштың айналып ұшып жүргенін көреді. Құс оның лашығының шатырына ұя салып жатыр екен. Қарлығаштар таң атқаннан күн батқанға дейін тынымсыз еңбек етіп, тұмсықтарымен лай тасып, ұя тұрғыза бастады.



– Неге менің аядай құжырама ұя саласың? Бұл шатыр суық желден сені қорғай алмайды, ал менің ауламнан тіпті нанның үгіндісін де таба алмайсың ғой, – деді Жомарт.

Бірақ қарлығаш ұясын салып, балапандарын басып шығарды. Балапандары күн санап өсіп, анасы оларды асырау үшін үздіксіз жем тасып, тоқтаусыз шырылдайтын.

Бір күні жылан балапандарды қылғытып салмақ болып ұяға қарай жылжи бастады. Оны байқап қалған қарлығаш шыр-шыр етіп, оған қарсы шабуылға шығып, жыланның басын шоқи бастады. Жылан басын қақшаңдатып, қарлығашты шап беруге тырысып еді, тап сол сәтте құс жалт беріп, ұшып кетті. Жыланның аузында оның құйрығының қауырсындары ғана қалды. Сол уақыттан бастап қарлығаштың құйрығы айыр екен.

Бұл шуды естіген Жомарт не болғанын білмекке ұяға қарай жүгірді. Ол қарлығаштың балапандарын қорғап жатқанын көріп, қолына таяқ алып, жыланды бар күшімен бір ұрды. Жылан қатты соққыдан бұралып, бұта арасына кіріп жоқ болды. Осылайша, Жомарт қарлығаштың балапандарын ажалдан арашалап қалды.

Оған риза болған қарлығаш көкке көтеріліп, Жомарттың үйінің төбесінен бірнеше айнала ұшты да, аспанға сіңіп кетті.

Қас қарайып қалған кез еді, кенет қайдан шыққаны белгісіз, қарлығаштар ұшып келіп, әрқайсысы шаттана шырылдап, Жомарттың алдына бір-бір заттан тастап ғайып болды.

Жомарт жерге қарап өз көзіне өзі сенбеді. Ол жерде бидай, асқабақ, бұршақ тұқымдары шашылып жатқан еді. Қатты қуанған ол тұқымдарды теріп алып, егістікке екті. Көктем мен жаз бойы оның отбасы аянбай еңбек етті. Олар жалқаулықты білмейтін еңбекқор жандар еді. Күзде олар жаз бойғы еңбегінің жемісін жеді, егін бітік шықты. Бидайдың жартысын олар келесі жылға сақтап қойды. Қыста дастарқандарынан ыстық нан үзілмеді. Енді ештеңеден мұқтаждық көрмеді. Жомарт қолында барымен бөлісіп, мұқтаж жандарға көмектесуден еш шаршамады.

Бұл жағдайды көрген інісі қызғаныштан әрі ашуызадан түнде ұйқыдан қалды. Оның айлакер әйелі Жомарттың әйелінен бұл байлықтың құпиясын білмек болып, сыр тартты.

– Қалай тез байып кеттіңдер? Сәттіліктің сыры неде? – деп сұрады ол.

Жомарттың жары ештеңеден секем алмай, қарлығаштардың қалай көмектескенін түп-түгел баяндап берді.

Мұны естіген әлгі келіншектің бірден ойы бұзылады. Олар қарлығаштарды өлтіріп, ұяларын бұзбақ болады. Жомарттың отбасын да қарғап-сілеп қояды.

Алайда халық арасында «Жүйесіз қарғыс иесін табады» деген сөз бар. Дәл солай болып шықты. Оның барлық қарғысы өздеріне қайтты. Көп ұзамай егістікте өрт шықты. Барлық астық күлге айналды. Бай да, оның қатыгез әйелі де көршіге де, ағайын-туысқа жақсылық жасамағандықтан, оларға көмектесетін жан болмады. Сараң бай мен оның мейірімсіз әйелі астықтарын сақтап қала алмады. Оларға өртті сөндіруге ешкім көмектеспеді. Барлық дән түгі қалмай жанып кетті. Сөйтіп олар жер сипап қалды.

– Көрдіңдер ме, алтындарым, – деді атасы. – Адамға тек жақсылық жасап, жәрдемдесу керек. Сонда жақсылық міндетті түрде өзіңе қайтып оралады. Өйткені әлемді мейірім құтқарады. Жомарттың отбасы адамдарға жақсылық жасап, аянбай еңбек еткенінің арқасында бақуатты өмір сүрді. Сендердің де еңбекқор, адал, жүректерің мейірімге толы жандар болғандарыңды қалаймын. Сонда ғана менің жаным жай тауып, сендер үшін алаңдамайтын боламын.

АҚ БИЕ МЕН АҚ ҚҰЛЫН

Заманында аты аңызға айналған ақ биенің аппақ құлыны болыпты. Ол үйірде құла айғырмен және басқа биелермен бірге өмір сүріпті.

Бір жылы жазда қатты қуаңшылық болып, жерден шөп шықпай қалады.

– Бұл жерде қалсақ, аштан қырыламыз, – дейді ақ бие құла айғырға.

Сөйтіп, үйір туған жайлауын тастап, азық іздеп жолға шығады.

Үш жыл бойы жылқылар кең даланы кезіп, құнарлы жайылым іздейді. Ақыры, көк майсасы белден келетін, суы мөп-мөлдір бір шұрайлы мекенге жетіп, сол жерге тұрақтап қалады.

Бір күні жылқылар өзен жағасында асыр салып жүріп, жеті қаздың жұмыртқасын байқамай езіп тастайды.

– Қап, енді қайттік?! – дейді ақ бие. – Біз бөтен жерге келіп, жұмыртқаларды жардық. Енді құстар бізден кек алады. Таң ата құстардың қаптаған легі ұшып келіп, бізді жоқ қылады. Жүріңдер, туған жерімізге қайтайық!

Бірақ өзге жылқылар ақ биенің сөзіне құлақ аспайды.

Ертеңінде күн шыға аспанды қара бұлттай жауып, құстар легі ұшып келеді де, бүкіл табынды шоқып өлтіреді. Тек ақ бие мен оның құлыны аман қалады. Өйткені құстардың шабуылы кезінде анасы құлынын денесімен жауып, қорғаштаумен болады.

– Балам, енді туған жерімізге қайтайық, – дейді ақ бие құлынына.

Олар бір жыл жүретін жолды бір айда, бір айда жететін жерді бір күнде бағындырады.

– Анашым, терің неге кедір-бұдыр болып кеткен? – деп сұрайды бір күні құлыны.

– Балам, біз асудан асып бара жатқанда, үстіме қызыл саз жабысқан, – дейді анасы.

– Анашым, ал аяқтарың неге дірілдей береді?

– Қатты шаршадым, балам. Көп жол жүрдім, өзен-көлден өттім.

Ақыры, анасы құлынын туған жайлауына аман-есен жеткізеді де, көп ұзамай мерт болады. Бірақ ақтық демі шықпай тұрып құлынына былай деп өсиет айтады:

– Балам, ешқашан солтүстік жаққа басыңды қойып ұйықтама, ол жақта боран соғып, қасқырлар торуылдайды. Оңтүстік жақта жат, онда тыныш. Киіз үйлерді айналып өт, әйтпесе балалар мен иттер мазаңды алады. Киіз үй тігілген



жерге жатпа – табаныңа ине қадалып қалуы мүмкін. Үйірде жүргеніңде шетте жүр, бірақ су ішуге алға шық. Үйірдің соңында қалмауға тырыс, әйтпесе, жылқышы сені таяққа жығады. Ортасында да жүрме, басқа аттар теуіп өлтіруі мүмкін. Үш жылдан соң менің басыма келіп, тағзым ет!

Бірақ құлыны анасының сөзін елемейді. Бірде солтүстік жақта ұйықтап, боранға ұрынып, үсіп қала жаздайды. Қасқырлардың арасына түсіп, әрең дегенде аман қалады. Сонда ғана анасының айтқаны есіне түсіп:

– Анам қандай ақылды еді! – деп оңтүстікте ұйықтай бастады, анасы айтқанындай, ол жақ тып-тыныш еді.

Анасының өсиеті есінен шығып кетіп, ол киіз үйлердің жанынан бірнеше мәрте өтіп жүргенде, бірде иттер талап, енді бірде балалар таяқпен ұрып қуалайды. Сонда құлын тағы да анасының сөздерін есіне алып, киіз үйлерді айналып өтуді үйренеді.

Анасы су ішуге үйірдің алды болып баруды үйреткен еді. Бірақ ол соңында жүріп, жылқышыдан талай таяқ жейді, кешігіп келіп, лай суды ішуге мәжбүр болады. Сонда барып, үйірдің шетінде жүретін болады. Енді оны ешкім соқпайды, жылқылар теуіп тастамайды, шөпті де еркін жейді.

Үш жыл өткен соң, құлыны анасының басына келіп тағзым етеді. Ол жерде қалың көк шөп өсіп шығыпты. Құлын шөпті жеп, басын шайқап, әрі қарай жолға шығады.

Жолда ол бір жігітті кездестіреді. Оның есімі Эрхий Мэршэнху екен.

– Менің тұлпарым боласың ба? – деп сұрайды жігіт.

– Иә, – дейді құлын. – Бірақ мен әуелі тұяғыммен тауды қопарып, топырағын далаға шашамын. Егер сен үстімде қалып қойсаң, мен сені қожайын деп санаймын!

Құлын тауды қопарып, топырақты желге ұшырады, бірақ Эрхий Мэршэнху ер үстінде нық отырады. Осылайша, жігіт өз тұлпарын, ал құлын өз иесін табады.

ГУНАН БАТЫР

Бағзы заманда бір хандықта кедей бақташы мен оның әйелі өмір сүріпті. Күндердің күнінде олардың шекесі торсықтай ұлы өмірге келіп, атын Гунан қойыпты.

Бір күн өтеді, сәбиді бір қойдың терісіне ораса, тарлық етіпті. Екі күн өтеді, енді екі тері де аздық қылады. Арада бес күн өтеді, нәрестеге бес қойдың терісі де жетпейді.

Балақай осындай алып батыр болып ер жетеді.

Әкесі Гунанға жирен тай сыйлап, оған арнайы ер-тоқым жасап береді. Қолына садақ пен жебе, жүген ұстатады. Гунан атқа қонып, аңға шыға бастайды. Әркез қанжығасы бос қайтпайтын. Бөрікке деп түлкінің терісін, ал ердің қасына қояндарды байлап әкелетін.

Күндердің бір күнінде бұл өлкеден ханның өзі өтіп бара жатып, халықтың гу-гу әңгімесін құлағы шалады:

– Неткен қайсар батыр өсіп келеді! Мұның хан боларын анық! Ал біздің ханымыз болса, қомағай ат секілді, қарны тойса болды, басқасымен ісі жоқ.

Хан бұған қатты ашуланып, Гунан батырдың көзін құртуды ойластыра бастайды. Ол қызметшілеріне қойшының ұлын алдына алып келуге әмір етеді. Жас жігітті әкелген соң, хан оған қарап:

– Сенен өткен ержүрек адам жоқ, ал сенің жирен тайыңнан асқан жүйрік жануар жоқ деп естідім. Ендеше уақыт жоғалтпай, оңтүстікке аттан, он басты айдаһар – мангусты тауып, менің ордамның алдына әкел, – деп бұйырады.

– Дегеніңіз болсын, – дейді Гунан. – Құбыжыққа арнап терең ор қазып қойыңдар!

Сөйтіп, Гунан батыр жирен атына құрық[1] салып, ұзындығы жүз құлаш арқанын иыққа асып, оңтүстікке қарай жолға шығады.

Басқалар бір жыл жүретін жолды ол бір айда жүріп өтеді. Оның жирен аты айшылық алыс жерді бір күнде артқа тастайтын. Гунан батыр кең далада желмен жарыса жүйткіп келеді – құлағында ысқырықтай гуілдеген желдің үні...

Кенеттен жирен ат жолдың қақ ортасында кілт тоқтап, кейін шегінді де, тік шапшып сала берді.

Гунан таңданып:

– Неге тоқтадың, жануарым? Неге жазық далада самғай жөнелмейсің? – деп сұрайды.

– Анау алыстағы жер мен көктің тоғысқан тұсындағы қара дақты көрдің бе? – дейді ат.

– Көрдім, – деді Гунан. – Үлкен тау ғой ол.

– Жоқ, ол тау емес. Ол өзінің тұлпарына мінген он басты адамжегіш құбыжық.

– Соған қарай жүйткі, қане! – деп айқайлайды Гунан, иығынан садағын жұлып алып.

– Жоқ, – деді жирен ат. – Құбыжық ат үстінде отырғанда, оны ешкім жеңе алмайды. Ол атынан түсуі керек. Тында мені. Жүз құлаштық арқанды алып, анау ағаштың басына жасырынып отыр.

Гунан тұлпарының айтқанын істеді. Ағашқа өрмелеп шығып, арқанды қолына алды да, әрі қарай не боларын күтіп отырады.

Ал құбыжық болса, жазық далада шауып жүрген жирен тайды көріп, өз атын тебініп қалғанда, оның тұлпары үш күндік жолды бір-ақ минутта шауып өтеді. Жирен тай ағаштың түбіне келіп тоқтайды да, тапжылмай тұрып қалады.

Құбыжық атынан түсіп, беліндегі ноқтаны шешіп, жирен тайға кигізбек болады. Дәл сол сәтте Гунан арқанды құбы-

[1] Жайылып жүрген жылқыларды немесе басқа да жануарларды ұстауға арналған, ұшына арқан немесе тұзақ байланған жеңіл сырық.

жыққа лақтырып, ағаштан секіріп түседі де, өз тайына қарғып мінеді. Сөйтіп шөл далада оқтай жүйтки жөнеледі.

Гунан батыр шауып келеді, артында құбыжық сүйретіліп келеді.

Көп өтпей ханның ордасында жер сілкінгендей гүрсіл естіліп, оның қорқынышты болғаны сонша, аттар тулап, сиырлар мөңіреп, қойлар маңырап қоя береді. Тіпті алыстағы таулар да үгітіле бастайды.

Хан үрейленіп, дірілдей түседі. Сол кезде оның қарт кеңесшісі оған қарап:

– О, хан ием, хандықта неге мұндай сұмдық гүрсіл болып жатқанын білесің бе? – деп сұрайды.

– Бұл – жер сілкінісі! – дейді хан. – Қарашы, таулар шайқалып тұр!

– Жоқ, – дейді кеңесші басын шайқап. – Бұл сенің ордаңа құбыжық жақындап келеді деген белгі!

Кеңесші сөзін аяқтамастан-ақ, орданың дәл алдында құбыжық сұлық құлап жатты.

Адамжегіш он басын бірдей бұлғап, ысылдап, жанталасып жатыр, бірақ қанша ұмтылса да босана алмайды – оны темір қолымен Гунан батыр ұстап тұрған еді.

Сөйтіп құбыжықты тереңдігі отыз құлаш орға тастайды. Ал хан Гунанға қарап:

– Сендей батыр ешбір ханда жоқ. Менің ордамда қал, саған нойон атағын беремін. Үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой, келе-келе түйе беремін. Қызымды да әйелдікке ал, – дейді.

Бірақ Гунан батыр ханға:

– Ханның ордасы жақсы, бірақ ата-анамның шаңырағы одан да артық. Байлық та жақсы, бірақ еркіндік бәрінен қымбат, – деп жауап береді.

Осыны айтты да, өзінің жирен тайына мініп, ата-анасының киіз үйіне қарай шауып кетеді.

Гунан ата-анасының ордасында бес күн тұрады. Алтыншы күні оны іздеп ханның жасауылдары жетеді:

– Хан сені шақырып жатыр, бізбен бірге тез жүр!

Гунан жирен тайына мініп, ханның ордасына барады. Хан оған:

– Менің патшалығымда сенен асқан батыр жоқ. Сенің жирен тайыңнан жүйрік жылқы жоқ. Ендеше, маған әйгілі Ирибсын ханның қызын әйелдікке алып кел. Сонда сені мұрагерім етемін. Егер алып келмесең, иттерге тастап, парша-паршаңды шығарамын! – дейді.

Гунан аттың басын бұрып, ұзақ сапарға кетпес бұрын әкесімен қоштасуға келеді.

Қарт бақташы оған былай дейді:

– Сен Ирибсын ханның еліне жете алмайсың, балам. Жолыңда өлі өзен кездеседі. Ол өзеннен адам да, ат та жүзіп өте алмайды. Егер оның суының бір тамшысы денеңе тисе, сол сәтте-ақ өліп кетесің. Өлі өзеннен өткен соң, қызыл теңіз жайылып жатыр. Ол теңіздің суы кімге тисе, сол адам тірідей өртеніп кетеді.

Бірақ Гунан ештеңеден қорыққан жоқ. Жирен тайына мініп, жолға шығады. Басқалар бір жылда жететін жерге ол бір айда жетеді, бір айлық жолды тайы бір күнде еңсереді.

Көп ұзамай Гунан өлі өзенге жетеді. Камыс үзіп алып, суға батырып көрген еді – сол сәтте-ақ камыс сарғайып, солып қалады.

– Әкең дұрыс айтты, – деді жирен тай. – Бұл өзеннен жүзіп өту мүмкін емес.

Гунан мұңайып қалады.

Оны тайы жұбатып:

– Уайымдама. Мен ағамды көмекке шақырамын. Ол бізге көмектеседі! – дейді.

– Сенің ағаң кім?

– Бұл сырды тірі жанға айтқан емеспін, саған айтайын: менің ағам – жазық даладағы жойқын жел.

Жирен тай басын шығысқа бұрып, жер тарпып, қатты кісінеп жібереді. Сол сәтте құйындай жүйткіген жел зуылдап келіп, Гунан мен жирен тайды көз ілеспес жылдамдықпен көтеріп алып, өзеннің арғы бетіне өткізіп жібереді.

Гунан сапарын әрі қарай жалғастырады. Басқалар бір жылда жететін жерге ол бір айда жетіп, бір айлық жолды тайы бір күнде басып өтеді. Көп ұзамай олар қызыл теңіздің жағасына тоқтайды.

Гунан тағы да бір тал қамыс үзіп, теңізге тастап еді – қамыс лезде лап ете қалып, күлге айналды.

– Әкең тағы да дұрыс айтты, – деді жирен тай бұл жолы да. – Бұл теңізден аман өту мүмкін емес.

Гунан тағы да ауыр ойға батады.

Жирен тай басын шығысқа бұрып, бұрынғыдан да қатты кісінеп жібереді. Бір сағат өтті, ағасынан хабар жоқ. Екі сағат өтті, көмек әлі келмеді. Кенет Гунан алыстан бір бұлттың пайда болғанын көреді. Бұлт Гунанға қарай баяу жылжып, көкжиекте үлкейе береді.

– Бұлтты бізге ағам айдап келеді, – деді жирен тай.

Расында да дәл солай болады. Қара бұлт Гунанға жеткенде, өзен жағасына қалықтап келіп, қалың киіздей төселе кетеді. Гунан мен жирен тай бұлттың үстіне қарғып мінеді де, сол сәтте жел оларды аспанға көтеріп, қызыл теңіздің үстінен алып өтеді.

Қызыл теңіз көзден ғайып болған кезде бұлт жерге түсіп, Гунан сапарын әрі қарай жалғастырады. Таң атқанша шауып отырып, Ирибсын ханның жеріне жетеді. Жыпырлаған киіз үй мен улап-шулаған халықты көрді.

– Бұл қандай той? Неге осынша көп адам жиналған? – деп сұрайды Гунан.

– Бүгін бізде ұлы мейрам! Екі батыр – Уамдағай мен Урту күш сынасып жатыр. Қайсысы жеңсе, Ирибсын ханның қызын соған береді! – деп жауап береді халық.

Гунан хан ордасына барып, Ирибсын ханның алдына кіреді.

– Не шаруамен келдің? – деп сұрайды хан ашулы дауыспен.

– Сенің батырларыңмен сайысқа түссем деймін, – деп жауап береді Гунан.

– Жарайды! – деп таң-тамаша қалады хан. – Онда жарысқа қатыс!

Түс ауа сайыс басталады. Алдымен батырлардың мергендігі сыналады. Шарт бойынша, емен түбіріне темір ине қадап, одан бір айлық жерге алыстап, сол инені ату керек.

Бірінші болып Уамдағай нысанаға көздеді. Садағын екі күн бойы керіп, үшінші күннің таңында жебесін атады. Жебесі нысанаға бір саусақ қашықтық жетпей, түбіне құлап түседі. Ашудан Уамдағай айқай салып, садағын тізесіне қойып, морт сындырады.

Уртуға кезек келеді. Ол төрт күн бойы садағын керіп, бесінші күннің таңында жебесін атады. Оның жебесі нысанадан бір саусақ қашықтыққа артық ұшып, емен түбіне құлайды. Ашуға булыққан Урту да садағын тізесімен қақ бөледі.

Сонда Гунан әкесінің садағын алып шығады. Үш күн бойы садағын керіп, төртінші күннің таңында жебесін атады. Жебе тұп-тура иненің көзіне дәл қадалады.

Одан кейін келесі күні күрес басталады. Үш күн бойы Уамдағай мен Урту бір-бірін жыға алмай айқасады. Ақырында, Уамдағай Уртуны жерге жыққанда, сол жерде тереңдігі бес құлаш ор пайда болады.

Уамдағай орды айналып жүріп:

– Менен мықты батыр жоқ! Хан қызын маған беруге мәжбүр! – деп мақтана бастайды.

Сонда Гунан оған қарап:

– Күш сынасайық, шынымен бәрінен басым түсіп тұрсың ба, көрейік! – дейді.

Күреске түскен екеуі бес күн бойы бірін-бірі жыға алмай тіреседі. Ақыры Гунан аяқпен жерді бір тепкенде, жер қақ айырылады. Уамдағай әлгі орға құлап бара жатқан жерінен адамдар оны шашынан ұстап, әрең дегенде тартып алады.

Енді соңғы сайыстың уақыты келеді.

Таңертең Уамдағай, Урту және Гунан аттарына мініп, жазық далаға шығады. Уамдағайдың астында көзінен ұшқын шашқан құла ат. Уртуның астында танауынан жалын шашқан көкшулан ат. Ал Гунанның астында жуас жирен тай.

Халық Гунанды мазақтап, «Мұндай атпен қой қайыруға ғана болады» десіп күледі.

Жарысты көруге Ирибсын хан қасына сұлу қызы Дэцэгті ертіп келеді.

Бақташының ұлы Дэцэгті көріп, бірден ғашық болады. Ханның қызы да Гунанды байқап, әкесіне:

– Мен жирен тайдың үстіндегі батырға ғана тұрмысқа шығамын! – дейді.

Хан ашуланып, қызына айқай салады:

– Күйеуді сен таңдамайсың! Кім бірінші анау тауға жетсе, соған күйеуге шығасың!

Хан жеңін сермеп қалғаны сол еді, үш батыр шаба жөнеледі. Құла ат суырылып алға шығады, артынан көкшулан шаба жөнеледі, ал жирен тай артта қалады.

Дэцэг Гунанның қалып қойғанын көріп, жанары жасқа толып, жұрттан қашып, киіз үйіне кіріп кетеді.

Гунан жирен тайдың құлағына еңкейіп:

– Құла да, көкшулан да озып кетті. Дэцэг мендік болмайды, онсыз өмір сүргім келмейді! – дейді.

Жирен тай:

– Қамықпа, қабағыңды жаз! – дейді де, басын шығысқа бұрып, кісінеп кеп жібереді. Кенеттен далада дауыл көтеріліп, құла мен көкшулан аттың бетіне қарсы ұрады. Уамдағай мен Урту аттарын қанша қамшыласа да, желден тайсалған олар орнынан қозғала алмайды. Сол кезде жирен тай оларды басып озып, бірінші болып тауға жетеді. Барлық халық қуаныштан айғай салады.

Дэцэг үйден шығып, кім жеңгенін көруге асығады. Қараса, Гунан батыр жирен таймен ханға қарай шауып келеді екен, ал Уамдағай мен Урту әлі тауға да жетпеген.

Хан қабағын түйіп:

– Сен бөтен елдің батырысың, қай рудан екеніңді білмеймін. Бірақ менің сөзім – сөз: қызымды ала бер. Мынаны біл: мен саған жасауға алтын да, күміс те, киім де, ат та, сиыр да, түйе де, қой да, жайылым да бермеймін. Ал қалғанын өзің сұра, – деді.

Хан ішінен: «Жасауы жоқ қызды алғысы келмес» деп ойлайды. Гунан қалыңдығын артына отырғызып, ханға:

– Маған алтын да, күміс те, киім де, жайылым да керек емес. Маған малдың төлдері ғана керек: ат орнына құлын, сиыр орнына бұзау, түйе орнына бота, қой орнына қозы бер, – дейді.

Хан оның сұрағанын береді. Дэцэг пен Гунан қоштасып, алдына құлын, бұзау, бота, қозыларды салып, өз елдеріне қарай жолға шығады. Біраз жүрген соң, артына қараса, арттарынан үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой, келе-келе түйе еріп келеді екен. Дэцэг таңғалып мұның мәнісін сұрады.

Гунан күлімсіреп:

– Бақташының ұлы малдың мінезін ханнан жақсы біледі. Қозы қайда барса, қой да сонда барады. Бота қайда барса, түйе де сонда еріп кетеді. Хан енді өз малын қайтара алмайды, – дейді.

Осылайша, Гунан қалыңдығын ертіп, ешқандай патшасы жоқ елге жетеді. Сол жерде Дэцэгпен бірге бақытты ғұмыр кешеді.

Күздің алғашқы айы басталғанда, Гунан жирен тайға мініп, ата-анасының ескі үйіне қайта оралады. Әке-шешесін көре сала:

– Жиналыңдар, менің жаңа үйімде бірге тұрамыз, – дейді.

Қарттар қуанып, Гунанмен бірге көшіп келеді. Сөйтіп олар құрмет пен сүйіспеншілікке бөленіп, бақуатты өмір сүрген деседі.

Ал Гунан мен Дэцэг әрқашан жирен тайдың жемі мен шөбін үзбей қамдап отырыпты.

Хана Усама Ахмад

АҚЫНДЫҚТЫ АРМАНДАҒАН БАЛА

Сол күні олар бізді мектептерге апарып орналастырды. Бүгінге дейін ең қауіпсіз жер осы болғанын, ал мектеп біздің снарядтар қиратып кеткен қаламыздан тым алыста екенін айтты.

Алғашында мектебімнің орнында қалғанына шексіз қуандым. Өйткені ол жерде маған қымбат достарым бар еді әрі сол мектептің белсенді оқушысы болғанымды әрдайым мақтан ететінмін.

Мен сынып басшысы болдым. Тәртіп бұзған балалардың есімін тақтаға жазатынмын, ал мұғалім келген кезде олардың бейкүнә жүздеріне қарап, тақтадағы есімін өшіру үшін не нәрсеге болса да әзір тұрған аянышты кейіптерін көріп, есімдерін өшіретінмін. Мен олардың аңғал бейнесін, шат-шадыман күлкісін, алаңсыз жүздерін әлі күнге дейін жүрегімде сақтап келемін. Қазір оларды бұрынғыдан да қатты сағынамын.

Соғыс біздің өмірімізді астаң-кестең еткеннен кейін мектепке қайта оралғаныма қуандым. Енді отбасыма, немере бауырларыма және жетістіктеріме күмәнмен қарайтын ағаларыма нағыз көшбасшы екенімді дәлелдеуге тиіс едім.

Мен анама бір кездері өзім оқыған жетінші сыныптың төртінші кабинетіне баруын өтінген сәтте кенеттен жүрегім шым ете түсті: бұл орын мені қаншалықты жақсы білсе, мен де оны сондай терең танимын ғой. Өйткені мұнда белсенді оқушы, сынып басшысы болдым. Бірақ көз алдымдағы көрініс мүлде басқаша еді. Бұл менің бұрынғы сыныбым емес-тін. Мұнда мен сағына күткен парталар да, үстелдер де жоқ. Тіпті тақтада бір түйір бор да

қалмапты, бұзық балалардың есімдерін жазып, олардың жалынышты жанарларын көру маған ерекше ұнайтын еді... Ал қазір өзімді бұл жерде бөтен адам секілді сезіндім. Мен енді белсенді оқушы да, сынып старостасы да емес едім. Ішімнен бір мұзды жел соғып өткендей, тамыздың аптап ыстығына қарамастан, денем тоңазып кетті. Мен бұл жерді танымадым. Достарым да жоқ. Тіпті мектеп мұғалімдері де көрінбейді.

Сыныбыма кіргенімде көңілім құлазып кетті. Енді достарымның қызықты оқиғаларын тыңдай алмаймын, тар көшелердегі балалардың бастан кешкендерін білмеймін, белсенді оқушы ретіндегі рөлімнен де айырылдым. Ең ауыры – енді футбол ойнай алмаймын.

Бұл жолы бізбен бірге тағы бір отбасы болды. Әлгі әйелдің балалары өте жылауық еді, олардың тынымсыз қылығы мені әбден қажытып жіберді. Мен оларға ашуланғым келмеді, сондықтан үнсіз сыртқа шығып кеттім. Жалғыз өзім кең алаңды кезіп келемін. Біз мұнда талай мәрте екі команда болып футбол ойнағанбыз, сол командалардың бірінде капитан болатынмын. Даусым саңқылдап, әр ойыншыға бағыт-бағдар беріп тұратынмын. Бұл мен үшін жай ғана ойын емес, нағыз өмірдің өзі еді. Алыстан пас беріп, қарсыластың қақпасына доп соғып, өз командамды қолдап отыратынмын. Мұның бәрі бір деммен, құлшыныспен орындалатын. Гооол! Бұл алаң біздікі еді. Біз мұнда ойнап жүріп, өзімізді құдды бір нағыз чемпион сезінетінбіз. Тіпті айналамызда біздің ойынымызды бағып қалың көрермен отырғандай елестететінбіз. Ол көрермен қатарында анам, әкем, әпке-қарындастарым бардай көрінетін.

Менің тағы бір арманым – ақын болу еді. Жүрек түкпірінде жатқан сезімдерді өлең жолдарымен өріп, сүйікті жандарыма арнап құпия, нәзік хаттар жазғым келетін. Ойымды барынша әдемі жеткізу үшін ақындардың өлеңдерін оқып, жүрегіме жақын сөздерді жадымда сақтайтынмын. Бірақ... соғыс басталды. Байланыстың барлық жолы үзілді. Жазылуға тиіс хаттар жазылмады. Болашаққа арналып сақталуы тиіс жыр жолдары енді тіпті

өмірге келмейтіндей. Қазір сол хаттар туралы ойласам, тамағыма өксік тығылып, жанымды белгісіз мұң билейді.

Бұрын мектеп ауласын еске түсіретін, ойын алаңы болған бұл жер енді жаялықтар мен көрпелер, ылғал төсек-орын жабдықтары мен киімдер жайылатын орынға айналыпты. Айналаң әлем-жәлем киім мен шым-шытырық түстерге толы көрме іспеттес. Мұндай бейберекеіздік орнаған ортада қуаныш пен еркіндікке орын жоқ. Бұл көрініс түрлі-түсті қағаздарға көшіріліп таратылатын немесе тіпті қаңғыбастардың түнгі баспанасын жылытуға ғана жарайтын газет беттерінен оқып қалатын өлеңнің сюжетіндей әсер қалдыруы мүмкін. Өлең – мен үшін әлемге айқара ашылған терезе немесе қанатын кең жайып ұшқан құстар секілді еді. Әттең, әкем қазір мені тыңдап тұрса ғой. Ол маған:

– Сенің осындай орынсыз теңеулерің қайдан шыға береді? – дер еді.

Ал мен оған:

– Өленде бейнеленген өмірге жету үшін аз да болса қиял керек, әке! – деп жауап қатқан болар едім.

Мен бір кездері мектептің асханасы болған жаққа қарай аяңдадым. Бірақ бұл жер бұрынғыдай тамақтанатын орын емес, бір үзім нан үшін таласатын майданға айналыпты. Адамдар фалафель қосылған бутерброд алып үлгеру үшін бірін-бірі итеріп, алға ұмтылуда.

Мен де сол қалың топтың ішінен шашым әбден ұйпаланған, жағам қисайған күйі сыртқа шықтым. Бірақ қолымда – фалафель. Өз-өзіме масаттанған күйі оны жей бастадым. Бұл кішкентай ғана нан үшін болған күрес нағыз шайқасқа ұқсайтын. Біз жеңілісті білмейтін сарбаздардай, жеңіске жетуге бар күшімізді салдық.

Мен мектептің жанына жайғасып, ойға шомдым. Қанша рет осында жеңіс туралы армандап едім? Қанша рет өлең жазып, өзгелердің «Сен ең мықты ақынсың!» деген сөзін естуді қаладым? Егер олар маған солай десе, менің жүрегім атқақтап, аяқтарым дірілдеп кетер еді. Ал сен білесің бе, бала үшін ақын болу қандай сезім?

Сыныпқа кірер алдында біз бәріміз ту алдында тік тұрып, хормен ұлттық әнұранды шырқадық. Мен алыстағы, осы жерден мүлде бөлек әлемде өмір сүретін балалар жайлы ойладым. Олар таңертең қандай ұлттық әнұран айтады екен? Өтіп бара жатып, өз елдеріне деген құрметі үшін тоқтап, үнсіз тыңдай ма? Скауттардың қатарына қосылғым келген, бірақ менің шектен тыс белсенді болмысым мен тумысымнан көшбасшы болуға деген ұмтылысым бұл арманымды жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Бір орнымда тыныш отыра алмайтынмын, үнемі ұшып-қонып жүретінмін. Әңгімелескенді жақсы көремін, айтылмаған оқиғаларым да көп. Олардың жартысы – менің қиялымның жемісі, ал әкем болса, маған жиі ұрсып:

– Сандырақпен басыңды қатырмай, математиканы оқы! Сен әлі өтірік айтудың шебері болуға тым жассың, – деп айтатын.

Бір жерден оқыған едім: қиял ешқашан өтірік айтпайды. Менің ойдан шығарған әңгімелерім белгілі бір деңгейде шындық еді. Соғыстан кейін бұған тіпті көбірек сене бастадым. Өйткені ешкімнің баланы оның иллюзиялары мен армандарынан айыруға құқығы жоқ.

Қазір алаңда осы мектепке лагерьден келген көп отбасы бар. Олар бұл жерді ешкім бомбаламайды, авиация оны байқамайды деп үміттенеді. Бұған дейінгі мектептің бомбалануы – қателік болды. Соғыс дегеніміз – қателік, оны ешқашан ақтауға болмайды. Өлтіру, қирату, жою – мұнда қандай әділдік болуы мүмкін?

Сондықтан мектеп қоңырауы әлі ұзақ уақытқа дейін соғылмайды. Балалар енді мектептің емес, өмір сабақтарын үйренеді, ал біз үйімізге оралғанша, қираған баспанамызды қалпына келтіргенше, оныншы сыныпта қаламыз. Үйден кеткенде, өзімізбен бірге ештеңе алмаған едік, алатын да ештеңе жоқ еді.

Қираған үйіміздің алдында үнсіз тұрған әкемнің жүзіне үңілгенде, оның көздері ерекше үлкейіп, шарасынан шығып кетердей болып тұрған еді. Жасқа толған жанарынан терең қасіреттің ізі байқалды. Кенеттен оның ішінде бейне

бір қаһарлы аң оянғандай, жан жүрегін жаралаған ащы дауыспен айқайлап кеп жіберді. Сол сәтте мен де шыдай алмадым – ернімді тістеп, үнсіз жыладым. Бірақ көкірегіміз қарс айырылып, үйімізді тастап кетуден басқа еш амалымыз болмады. Өзіммен бірге ойларымды жазып жүрген бір қойын дәптер мен қарындаш қана қалды. Мені басқаның байқағанын қалайтынмын, сондықтан жазудан еш қол үзбедім, күн демей, түн демей, өз ойларымды ақ параққа төгумен болдым. Жазу маған ауадай қажет нәрсе еді.

Сөз таңдап, соғыстың қорқынышты екенін дәлелдеудің қажеті жоқ еді – бар болғаны көзімді ашып, айналамдағы сұмдыққа қарау жеткілікті болатын. Менің ерекше қабілетім – адамдардың жүзіне қарап, солардан бүтін бір әңгіме құрастыра алатынмын. Қасіреттен қажыған бұл жүздердегі үрейдің ізі олар көрген ауыр азаптан да әлдеқайда терең, әлдеқайда өткір еді. Осындай әңгімелер ғана соғыстың азабын жеңілдетіп, мені қағаз бетінде билік жүргізетін патшаға айналдырды. Әңгіме жазу барысында жай ғана ой бөліскім келетін. Себебі үнсіздік адам жанын қалай жегідей жейтінін жақсы білемін. Әсіресе соғыстан кейін ұзақ уақыт бойы үндемей жүрген, «бәрі жақсы» деп өздерін сендіруге тырысқан жандардың ішінде шын мәнінде күл-талқаны шыққан әлем жатыр. Бірақ жеңіліс тапқандардың тағдыры кімге керек?

Мектеп мүлде өзгерген. Айналадағы адамдардың жүзінен мұңды да, тыныштықты да, үрейді де табуға болатындай. Осы көңіл-күйді осында жиналған әкелердің де, аналардың да жүзінен аңғаруға болатын еді. Ал балалар ше? Балалардың басты міндеті – ойнау емес пе? Олар мұнда ойнау үшін жиналған. Олар неғұрлым тезірек топ-топ болып жиналып, ойынға кіріссе, соғұрлым жақсы болмақ. Мектеп ауласында олардың сыңғырлаған күлкісі қайта естілді. Соғыс уақыты болғанына қарамастан, мектепке өмір қайта оралғандай.

Қазір мұнда бір топ бала футбол ойнап жүр, тек доптың орнында не екенін түсіну қиын. Ал қыздар болса, баяғыда ұмыт болған ойындарын қайта жандандырыпты.

Кейбіреулері жерде қатарласып жатып ұйықтап қалған. Олар ойнағаннан гөрі, көз ілгенді жөн көретіндей. Ал мен болсам, осында отырып, сәтсіз бір өлең жазып отырмын – не ырғағы жоқ, не ұйқасы жоқ, аяқталмаған бір дүние. Бірақ бұл жай ғана жартыкеш өлең емес, бұл – жанымның жарық бұрышында қалғып жатқан әлдебір үлкен сезімнің сынығы ғана. Соғыс мен армандаған ақынның жүрегіне терең жара салды.

Соғыс басталмай тұрып, мен шағын әңгімелер, күлкілі хикаялар мен өлеңге ұқсамайтын жыр жолдарын жазатынмын. Бірақ оларды ешкім оқымады.

Ол кезде үй – нағыз үй болатын, ал мектеп – тек мектеп еді. Біз мектепте поэзияны оқыдық, бірақ мен өзім жазған дүниелерге аса мән бермедім. Ал қазір... қазір шығармаларымды жақсы көремін. Себебі олар – менің жалғыз серігім.

Соғыс өрті жақындап келеді. Ал теңіз – шексіз. Мен сіздерге көгілдір теңіз туралы бір әңгіме айтып бергім келеді.

Ол гауһар тас секілді жарқырап, толқындарының ізі жағада сайрап жатыр.

Теңіз жағасында бір отбасы тұратын. Олардың жүзінен шаттықтың нұры төгілетін.

Бірақ соғыс басталған соң, олардың үйі – терең орға, ал мектеп ғимараты баспанаға айналды.

Үйге енді қашан қайта ораларын ешкім білмейді.

Ал соғыстың лебі дәл жанымыздан, тура артымыздан, тура арамыздан сезіледі.

Мен қазір мектепте отырмын. Ол менің үйіме айналып кетті. Енді сынып басшысы емеспін, доп теуіп, алаңда жүгірмеймін.

Біз үйімізді жоғалттық.

Басқалар да баспанасынан айырылды.

Доп та енді домаламайды.

Ішімдегі әлем қирап, құлазып кетті. Өмір бір сәтте тоқтап қалғандай. Тек құлағымда – қаптаған бомбалардың денені түршіктірер тарсыл-гүрсілі.

Тағы да біреу баспанасынан, отбасынан айырылды.
Бәрі тоқтады.
Бәрі...
Бір ғана соғыстан басқа.
Ол әлі де жалғасып жатыр.
Оны тоқтататын біреу бар ма?



ШАЛҚАН

Атай бір күні шалқан егіп:

– Тәтті болып өс, шалқаным,

Мықты болып өс, шалқаным! – деп тілек тілейді.

Ә дегеннен шалқан жайқалып өсіп, дәмі тіл үйірер тәтті әрі алып жеміс береді.

Мұны көріп мәз болған атай шалқанды суырып алмақ болады. Әрі тартады, тартады, бері тартады – бірақ шамасы жетпейді. Сосын әжейді шақырады.

Әжей келіп, атайды тартады, атай шалқанды тартады – бұл жолы да екеуінің алып жеміске әлі келмейді. Сосын әжей немересін шақырады.

Немересі келіп, әжейді тартады, әжей атайды, ал атай шалқанды тартады. Үшеуі әрі қозғап, бері қозғап, тағы да суырып ала алмайды. Сосын немересі күшігі Жучканы шақырады.

Жучка келіп, немересін тартады, немересі әжейді, әжей атайды, ал атай шалқанды тартады – шалқан былқ етпейді. Сосын Жучка көмекке мысықты шақырады.



Мысық келіп, Жучканы тартады, Жучка немересін, немересі әжейді, әжей атайды, ал атай шалқанға жармасып, бесеуі бар күшін салады. Бірақ шалқан орнынан қозғалмайды. Сосын мысық тышқанды шақырады.

Тышқан келіп, мысықты тартады, ал мысық Жучканы, Жучка немересін, немересі әжейді, әжей атайды, ал атай шалқанды тартады – сол-ақ екен, шалқан суырылып шығады.



БҰРШАҚ ДӘНІ

Баяғыда бір қораз бен тауық өмір сүріпті. Қораз үнемі асығып, бір орында тұрмайды екен. Ал тауық оған:

– Петя, асықпа, Петя, асықпа, – деп ескертіп жүреді екен.

Бір күні қораз бақшада дән шоқып жүріп, көзіне бұршақтың дәні түседі.

– Ку-ка-ре-ку! Тауық, мына бұршақтың дәнін жейсің бе?

– Жоқ, Петя, өзің жей ғой, – дейді тауық.

Қораз асығып-аптығып дәнді жей бастағаны сол еді, кенет тамаққа тұншығып, дем ала алмай, жерге құлай кетеді.

Тауық зәре-құты қалмай, әжейге жүгіріп барып:

– Әжетай, тезірек май беріңіз, қораздың тамағына жағайын, ол бұршақтың дәніне тұншығып қалды! – деп жалынады.

Үй иесі оған:

– Тез сиырға барып, сүт сұрап кел, мен содан май пісіп беремін, – дейді.

Тауық сиырға жүгіреді.

– Сиыр-еке, өтінем сенен, маған тез сүт берші, әжетай содан май шайқайды, мен оны қораздың тамағына жағамын, ол бұршақтың дәніне тұншығып қалды! – деп жалынады.

Сиыр басын шайқап:

– Бар, қожайынға айт, ол маған жем-шөп әкелсін, сонда саған сүт беремін, – дейді.

Тауық енді қожайынға жүгіреді.

– Қожайын, тездетіп сиырға шөп беріңіз, сиыр сүтін берсін, әжетай одан май піссін, оны қораздың тамағына жағайын, ол бұршақтың дәніне тұншығып қалды!

Қожайыны:

– Тез ұстаға бар, ол маған жаңа орақ соғып берсін, – дейді.

Тауық ұстаханаға жүгіреді.

– Ұста, маған жақсы орақ бер, қожайын онымен шөп шапсын, шөп жеп алып, сиыр сүтін берсін, одан әжетай май піссін, мен оны қораздың тамағына жағайын, ол бұршақтың дәніне тұншығып қалды!

Сөйтіп ұста оған жаңа орақ соғып береді, оны алып, қожайын шөп шабады, шөпті сиырға салады, ал сиыр сүтін береді, ол сүттен әжей май піседі. Тауық майды алып, оны қораздың тамағына жағады. Сол-ақ екен, бұршақтың дәні сырғып түсіп, қораз орнынан қарғып тұрады да, «Ку-ка-ре-ку-у-у!!!» – деп бар даусымен айғай салады.

Сөйтіп, тауықтың тапқырлығының арқасында қораз аман қалған екен.

ТҮЛКІ, ТАСБАҚА ЖӘНЕ ҚҰМЫРСҚА

Бір күні түлкі, тасбақа және құмырсқа жолға шығып, саяхатқа аттанады. Келе жатып, жол шетінде шашылып жатқан тарыны көреді. Олар ойланып тұрып:

– Бұл тарыны не істесек екен? – деп бас қатырады.

Түлкі бірінші болып сөз алып:

– Келіңдер, тарыны жинап алып, егіп тастайық! Күзде мол өнім алсақ, оны үшеуіміз тең бөліп аламыз! – дейді.

Тасбақа мен құмырсқа бұл оймен келісе кетеді.

– Алдымен егін егуге қолайлы жер табайық! – деп тасбақа ұсыныс жасайды.

Осылайша үшеуі бірдей егін егетін жер іздеуге кіріседі.

– Міне, дәл осы жерге еккеніміз жөн! – деп құмырсқа белгі береді.

Түлкі мен тасбақа құмырсқаның сөзін құптап, бәрі бірге іске кіріседі. Біраз жұмыс істеген соң, түлкі басын көтеріп, қыр жаққа қарап:

– Ойбай, достар, қараңдаршы, анау төбе кез келген сәтте құлап, егінімізді басып тастауы мүмкін! Қане, сендер жер жыртып, тарыны егіп тастаңдар, ал мен осы төбені ұстап тұрайын! – деп қуланады.

Сөйтеді де, төбенің тасасына барып жатып, ұйқыны соғады. Кешке қарай жұмысын аяқтаған тасбақа мен құмырсқа демалатын жер іздейді. Сол сәтте олар түлкіні байқап қалады. Түлкі де оларды көре салып, қолындағы кетпенін жерге бір ұрып:

– Әп, бәлем, мен дәл уақытында келіппін! Төбе құлайын деп тұр екен! Егер мен болмасам, жұмыстарың зая кетер еді, өздерің де мерт болар едіңдер! – дейді.

Тасбақа мен құмырсқа түлкінің сөзіне сеніп қалады. Келесі күні олар тарыны сеуіп, күзгі өнімді күте бастайды.

Көп ұзамай күз келеді. Құмырсқа мен тасбақа піскен тарыны орып, жинауға кіріседі. Сол кезде түлкі қайдан келгені белгісіз, қастарында пайда бола кетеді. Ол алтын түсті тарыға тамсана қарап, бір айналып шығады да:

– Достар, бұл тары онша көп емес екен, оны бөлісіп әуре болмай-ақ қояйық! Оның орнына бәс тігейік: кім жеңсе, бүкіл өнім сонікі болсын! – дейді.

– Қалай бәстесеміз? – дейді тасбақа аңтарылған күйі.

– Үшеуміздің қайсысымыз анау тұрған қарағаштың түбінен тарыға бірінші болып жетсе, тарыны да сол алады, – дейді түлкі.

Екеуі амалсыздан келісіп, қарағаштың түбіне барып тұрады.

– Дайынсыңдар ма?! – деп айғайлайды түлкі.

Тасбақа мен құмырсқа жарысқа дайындалады.

– Кеттік! – дейді де, түлкі бар пәрменімен зу етіп, жүгіре жөнеледі.

Ал түлкінің қулығын жақсы білетін құмырсқа лезде түлкінің үлпілдеген құйрығына жабысып алады. Түлкі бірінші болып тарыға жетеді де, құйрығын үйіп қойған тарының үстіне қойып, мақтана айғай салады:

– Енді бұл тары менікі!

Сол сәтте құйрығының астынан құмырсқаның даусы шығады:

– Әй, түлкі, құйрығыңды көтерші! Басып қалдың мені! Тары менікі дейсің бе? Жоқ, мен сенен бұрын жеттім!

– Сен қалай менен бұрын жеттің?! Мен сенің мұншалықты жүйрік екеніңе ешқашан сенбеймін! – деп түлкі шу шығарады.

Осы кезде тасбақа да жетіп келеді. Ол құмырсқаны жақтап:



– Әй, түлкі, даусыңды бас! Айтпақшы, сені екі тазы ит іздеп жүр! Олар бағана ғана маған кезігіп, сенің мекеніңді сұрады. Мен сен туралы ештеңе білмеймін деп айттым. Сол үшін иттер мені қатты талап тастады. Міне, олардың даусы шығып жатыр, естимісің?! Олар сенің артыңнан қуып келеді! – дейді.

Мұны естіген түлкінің зәресі зәр түбіне кетеді. Ол тасбақаның сөзіне сеніп, көп ойланып тұрмастан тұра қашады.

Осылайша, тасбақа мен құмырсқа тапқырлықтың арқасында түлкіден құтылып, тарыны теңдей бөліп алады. Сөйтіп күз бойы, қыс бойы тоқшылықта өмір сүреді.

МЕРГЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

Ертеде бір аңшы өмір сүріпті – өзі құралайды көзге атқан нағыз мерген екен, аңнан ешқашан олжасыз қайтпайтын.

Бір күні мерген үйіне қайтып келе жатып, бір кедей шаруаға жолығады.

– Қанжығаң жақсылап майланған сияқты, мерген! Қолыңа түскен аңың қымбатқа өтетін шығар, ә? – деп сұрайды шаруа.

Мерген кедейге көз тастап:

– Бұл жерде қымбаты – көздің қырағылығы мен қолдың ептілігі. Басқалар қанша берерін білмеймін, бірақ мен саған бұл аңды қуана сатамын. Қанша бере аласың? – дейді.

Кедей ауыр күрсініп:

– Ой, бауырым, рақмет! Бірақ мен қайдан аң сатып алайын? Салықтан титықтап, тақырға отырдым. Үйде де, аулада да түк жоқ, жалғыз атым ғана қалды. Су мен бір уыс ұн – бар азығымыз осы. Егін шыққанша аман жетеміз бе, белгісіз, – деді мұңайып.

Мерген күлімсіреп:

– Ендеше ақшаң қажет емес. Бұл олжамды саған тегін беремін. Ас болсын! – дейді.

Кедей аңды алып, мәз болып:

– Рақмет, бауырым! Сенің жақсылығыңды ұмытпаймын. Осы күннен бастап мен сенің досыңмын. Қашан үйімнің маңынан өтсең, міндетті түрде кір, сені әрдайым төрімнен күтемін, – дейді.

– Жарайды! – деп, мерген үйіне қарай кетеді.

Бірнеше күннен кейін мерген тағы да аңға шығып, мол олжаға кенеледі. Қалаға кіре бергенде, ол қақпа түбінде жатқан бір қарияны көреді.

– Ассалаумағалейкум, ата! Сізге не болды? – деп сұрайды мерген.

– Уағалейкумассалам, балам... Халім мүшкіл. Қартайдым, бойымды ауру меңдеді. Өмір бойы падишаһтың сарайында қызмет етіп, бергенін қанағат қылдым. Бірақ енді күшім жоқ, жұмысқа жарамаймын. Қайран қылар ешкімім де жоқ, аштан өлетін түрім бар, – деп күрсінеді қария.

– Ата, мына аңды алыңыз, бір керегіңізге жаратарсыз, – деп мерген өз олжасын ұсынады.

Қарт басын шайқап:

– Жоқ, балам, ала алмаймын. Бұл құнды дүние ғой! – дейді.

– Құндысы – қырағы көз бен ширақ қол ғана. Ал аңды ату маған қиын болған жоқ. Ала беріңіз, бұл азық ұзақ уақытқа жетеді, – дейді де, мерген олжасын қарияның алдына қояды. – Тамақтанып, күш жинаңыз!

Қарттың жанарына жас үйіріледі. Ол мергеннің қолын қысып:

– Мен тірі тұрғанда, сені өз баламдай көремін. Үйімнің қасынан өтсең, міндетті түрде кір, саған әрдайым есігім ашық, – дейді.

– Рақмет, ата! – деп мерген үйіне кетеді.

Бірнеше күннен кейін мерген тағы да аңға шығады. Бұл жолы да қанжығасы бос қайтпайды. Жолай шалқасынан ашулы тұрған қақпаны көреді. Іште бір бай кілем үстінде жайғасып, шай ішіп отыр екен. Ал дәл қақпаның алдында, көше бетінде, жерде сызылған шеңбердің ішінде бір кедей отырады.

– Неге шеңбер ішінде отырсың? Не кінәң бар? – деп сұрайды мерген.

– Байға қарыздармын, бірақ қайтаруға түгім жоқ. Сондықтан ол маған кешке дейін осы шеңберде отыруымды бұйырды. Сол уақытқа дейін мені біреу сатып алмаса, ертеңнен бастап оның құлы боламын. Бірақ мені кім сатып алады? Бай туысым да, көмектесер адамым да жоқ. Амал нешік, еріксіз құлдыққа түсемін, – деп ауыр күрсінеді кедей.

– Жоқ, оның айтқаны бола қоймас! – деп саңқ етеді мерген. – Міне, менің олжамды ал да, байға бер. Ол сені босатады.

Кедей әлі де аң-таң болған күйі мергенде қарайды, ал мерген үндеместен иығындағы бүкіл ауланған аңды алады да, кедейдің алдына қояды.

– Рақмет, досым! – дейді кедей. – Сен мені құтқардың. Саған қарыздармын. Анау – менің үйімнің қақпасы. Қашан қаласаң, кіріп, қонақ бол. Менің есігімнің алдынан өтіп, кірмей кетсең, ренжимін. Осы күннен бастап мен сенің досыңмын.

– Жақсы, бір күні келермін, – деді де, мерген үйіне беттеді.

Арада аз уақыт өткен соң, мерген тағы да аңға шығады. Бірақ бұл жолы оның жолы болмайды – қанша шарласа да, бірде-бір аң бұйырмайды. Көңілі құлазыған мерген кері қайтуға бекінеді.

Кенет ол орманда падишаһтың аңға шыққан сәтінің дәл үстінен түседі. Падишаһ бір аңды қуып жүр екен, бірақ қанша оқ атса да, тигізе алмайды. Оның нөкерлері аңды қоршап алған еді. Мерген де аңшылар қатарына қосылып, падишаһтың олжасын бақылап тұрады.

Зәресі ұшқан аң әлгі шеңбер ішінде жан сауғалап, олай бір, бұлай бір жүгіреді. Падишаһ тағы бірнеше рет оқ атып, бірақ бәрібір мүлт кетеді. Ашуланған ол тістеніп, мылтығын қайта оқтайды. Сол кезде аң кенет бұрылып, мерген тұрған жаққа қарай атылады да, көз ілеспес жылдамдықпен оның қасынан зулап өтіп, тау жаққа қашып кетеді.

Падишаһ қашқан аңға тағы оқ атып, тигізе алмайды. Сол сәтте мерген көздеп тұрып садағын тартып қалғаны сол еді, аң бірден сұлап түседі.

Ашуға булыққан падишаһ мергенді дарға асуға бұйрық береді. Ол өз аңшылығына араласқан және өзі олжалауға тиіс аңды атып алған адамды жазалағысы келеді.

Нөкерлер мергенді байлап, қалаға алып келеді. Оны дар ағашының түбіне әкелгенде, ол падишаһқа:

– О, тақсыр! Маған екі сағат мұрсат беріңіз, досыммен қоштасып келейін! – деп жалынады.

Падишаһ өлім аузындағы адамның досын еске алғанына таңғалады. Ол иек қағып, күзетшілерге:

– Досына баруына рұқсат! Бірақ абай болыңдар, қашып кетпесін. Дәл екі сағаттан кейін ол дарға асылады! – деп бұйырады.

Қарауылдар мергенді досына қарай алып барады. Ал падишаһ шаруаның киімін киіп алады да, мергеннің соңынан ілеседі. Ол мергеннің қандай досы бар екенін және сол досының оны қиындықта қалай қарсы алатынын өз көзімен көргісі келеді.

Мерген алғашқы досының үйіне жетіп, қақпаны қағады. Кедей далаға шығып, мергенді көре салысымен қуанып, оған басын иіп, үйіне шақырады.

– О, досым! Көрмей тұрсың ба, мен күзетшілердің қарауындамын! Басыма ауыр күн туды, – дейді мерген.

Сосын ол досына сәтсіз аңшылығы, тоғайда падишаһпен кездесуі, атқан аңы, сондай-ақ өмірінің соңғы екі сағаты қалғанын айтып береді.

Кедей ауыр күрсініп:

– Сабыр ет, досым, мұңайма. Мен қазір-ақ падишаһқа барып, сені босатуды сұраймын. Өзімнің соңғы атымды оған беремін, – дейді.

Падишаһ жақын жерде жиналған халықтың арасында бәрін естіп тұрған еді.

«Неткен адам! Соңғы атымды берейін дейді... Шынымен-ақ қимай ма?» – деп ойлайды падишаһ.

Кедей еш ойланбастан соңғы атын алып шығып, мергеннің жанына ереді.

– Тоқтай тұрыңдар! Мына жерде менің екінші досымның үйі бар! – деп дауыстайды мерген. – Онымен де қоштасып кетуім керек, енді қайта көру бұйырмас...

Ол қақпаны қағып, досын шақырады.

Қарт далаға шығады. Мергенді көре салып, қуана құшақтап, бауырына басады.

– Хал-жағдайың қалай? Неге сен күзетшілердің қарауындасың? – деп сұрайды.

Мерген оған да бар жайды баяндап береді.

– Жоқ, мен бұған жол бермеймін! – дейді қарт. – Падишаһтың аяғына жығылып, сені кешіруін өтінемін. Өмір бойы оған қызмет еттім, енді менің тілегімді орындайтын кезі келген шығар. Егер біреудің басын алуы керек болса, менің-ақ басымды алсын!

Падишаһ халықтың арасында бәрін тыңдап тұрады.

«Мүмкін емес! Ешкім өз өмірін басқа біреу үшін қия алмайды!» – деп ойлайды ол.

Мерген екі досымен бірге және күзетшілердің қарауында сарайға қарай бет алады. Жолай үшінші досының үйін көреді.

– Тоқтаңдар, әлі уақытым бар! – дейді мерген. – Үшінші досыммен қоштасуым керек. Үйінің жанынан өтіп кетсем, ренжитіні анық!

Күзетшілер оны бұл досына жібергісі келмейді. Олар кешігіп қаламыз деп қорқады, ал егер кешіксе, падишаһ оларды мергенмен бірге дарға асуы мүмкін еді.

– Ой, бар болғырлар! Өлуге ешқашан кешікпейсің! – деп күлімсірейді мерген.

Дәл сол кезде қақпаның ар жағынан қожайын шығып, мергенді көре сала, қуана құшақтай алады.

– Келгенің қандай жақсы болды, досым! Жүр, төрлет! Бүгін олжасыз қайтқан сияқтысың, бірақ есесіне менің саған дәмді асым дайын!

– О, досым, енді өзім олжаға айналдым! – дейді мерген.

Сосын ол басынан өткен оқиғаны үшінші досына да баяндап береді.

– Бұл болмайды! – деп айқайлайды кедей. – Мен сенің өліміңе жол бермеймін! Егер падишаһ сені шынымен өлтірмек болса, оған тап беріп, қанжарыммен қарнын жарып жіберемін!

Бұл сөздерді естіген падишаһ таңғалып:

«Мына менің құлым есінен адасқан ба? Қалайша ол бір аңшы үшін өз падишаһына қол көтермек?» – деп ойлайды.

Ашуға булыққан ол халық арасынан шығып, сарайына асығады. Киімін ауыстырып, өзінің алтын зерлі шапанын киіп, мерген мен оның достарын күтіп тұрады. Олар жақындағанда, падишаһ баспалдаққа көтеріліп, дар ағашын дайындауға бұйрық береді. Жендеттер мергенді дар ағашына қарай сүйрей жөнеледі. Сол кезде кедей алға шығып, өзінің жалғыз атын жетектеп келіп, падишаһқа:

– О, ұлы тақсыр! – дейді басын иіп. – Менің барым – жалғыз ғана атым. Енді ол сенікі болсын, тек менің сүйікті досымды кешіре гөр!

Падишаһ үндемейді. Сол сәт қария алға шығып:

– О, менің ұлы әміршім! – деп падишаһтың алдына құлай кетеді. – Мен өмір бойы сізге адал қызмет еттім. Бір ғана өтінішімді орындап, осы мейірімді жанды кешіріңіз! Егер сізге біреудің басы керек болса, менің қарт басымды алғайсыз!

Падишаһ үн-түнсіз мергенге бір, оның достарына бір қарап, таң-тамаша қалады. Сол сәтте мергеннің үшінші досы ештеңе деместен қанжарын суырып алып, падишаһқа қарай ұмтылады. Падишаһ шошып кетіп, қолдарын сермеп, сарайына қарай тапырақтап жүгіреді. Оның мұнысын «жазадан босат» дегендей қабылдап, халық мергенді дереу дар ағашынан шешіп алады. Достары қуана құшақтап, оны бауырына басады.

Бүкіл халық шаттанып:

– Адал достық падишаһтың қаһарынан да күшті! – деседі.

Танапол (Ламдуан) Чадхайди

МАКАТОНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ

Бұл оқиға Сухотай патшалығы дәуірінде болған деседі.

Ертеде Макато есімді бала өмір сүрген екен. Ол қазіргі Мьянма деп аталатын елдің Мортама қаласындағы Кохван ауылында тұрған будда саудагерінің ұлы еді. Макато 15 жасқа толғанда, әкесі қайтыс болып, оған отбасының сауда ісін өз қолына алуына тура келді.

Бір күні ол отыз саудагерге бас болып, Сухотайға (бұрынғы Тайланд астанасы) жүк апаруға жолға шығады. Жолай Матеву деген жерде саудагерлердің бірі ауырып қалады. Макато оны аяп, оның жүгін өз иығына салып алады.

Ол төбенің басына жеткенде, найзағай ойнап, қатты нөсер басталады. Кенеттен найзағай жүктің тіреуішіне соғып, оны быт-шыт қылады. Бірақ қызығы, Макатоға зәредей зиян келмейді. Ол тіреуішті тағы үш рет ауыстырғанмен, найзағай оған қайта-қайта соғады. Кенет найзағай жарқылынан батыс жақта әлдебір қамалдың не сарайдың елесін көреді.

Бұл оқиғаға таң-тамаша қалған Макато оның мәнін түсіну үшін көріпкелге барады. Бірақ көріпкел оған биіктігі бойымен бірдей ақша әкелуді талап етеді. Макатоның ақшасы аз еді, сондықтан ол айлаға көшеді: азын-аулақ тиындарын термиттердің илеуіне қойып, көріпкелге көрсетеді. Көріпкел Макатоны ақымақ деп ойлайды, бірақ «Сені ғажап болашақ күтіп тұр және батыста жоғары дәрежеге жетесің», – деп болжап береді.

Макато Сухотай қаласына жеткен соң, барлық тауарды сатып, саудагерлерді үйіне қайтарады да, өзі қалада қалады.

Біраз уақыттан кейін ол баспана іздеп жүріп, Сухотай патшасы Пхра Руангтың піл бағып жүрген қызметкерінің үйін паналайды. Макато өте еңбекқор жан еді, күн-түн демей піл бағушыға көмектесті. Оның адалдығы мен еңбегін бағалаған піл бағушы жалақысынан Макатоға да бөліп беріп тұрады.

Бір күні Руанг патша пілдерін көруге келеді. Ол биіктен қарап тұрып, піл қорасын сыпырып жүрген Макатоны байқап қалады. Мән-жайды білген патша оған бүйрегі бұрып, піл бағушыға:

– Оған жақсы қара, – деп бұйырады.

Сол сәт патша арек жаңғағын шайнап тұрған еді. Жаңғақтың бір түйірін түкіріп қалғанда, жерден шаң көтеріледі. Ә дегенше болған жоқ, кенет каури бақалшығы (ақша орнына жүретін құнды зат) пайда бола кетеді. Патша Макатоға оны алуды бұйырады. Макато патшаға тағзым етіп, бақалшықты алады. Бұл көп ақша болмағанымен, Макато үшін өте құнды еді, өйткені оны патшаның өзі берген.

Оның құндылығын арттырғысы келген Макато базарға барып, сол ақшаға салат дәндерін сатып алмақ болады. Бірақ сатушы соншалықты аз ақшаға қанша дән беру керегін білмей қиналады. Сонда Макато сұқ саусағын сулап, оны дәндерге тигізеді де:

– Жетеді, бұдан артық керек емес! – дейді.

Сатушы оның тапқырлығына риза болып, болашақта үлкен жетістікке жететін жігіт екен деп ойлайды. Макато салаттың дәндерін егіп, пілдердің қиымен топырақты тыңайтып отырады. Көп ұзамай, Руанг патша тағы да пілдерін көруге келеді. Макато дереу жүгіріп барып, жаңа піскен салаттың жапырағын үзіп, патшаға ұсынады. Патша таңырқап, оны қайдан алғанын сұрайды. Макато бәрін баяндап береді. Патша оның еңбекқорлығына дән риза болып, оны патша асханасына жұмысқа алады. Макато әрқашан жанын салып еңбек етеді. Патша оның еңбегін бағалап, оны шаһардағы тәртіп пен тұрғындар жағдайына жауапты Кхун Ванг лауазымына тағайын-

дайды. Макато тынымсыз жұмыс істеп, ешқашан жалқауланбайды. Патша оны өз ұлы сияқты жақсы көреді, қарапайым халық та оны құрметтейді.

Бір күні Макато патшадан туған жеріне баруға рұқсат сұрайды. Жерлестері оны құшақ жая қарсы алады. Алайда Мортама қаласының билеушісі Алимаманг оған қызғанышпен қарап, көзін құртуды ойластырады. Бірақ Макато оның бұл лас пиғылын біліп қойып, Алимамангты бірінші болып өлтіреді. Осылайша ол Мортаманың жаңа билеушісіне айналады. Макато шаһарды қайта жаңғыртып, Руанг патшаға сыйлықтар жіберіп, болған жайтты хабарлайды. Патша оның адалдығына разы болып, оған «Пхра Чао Фа Руа», яғни «Жаңбырлы аспанның патшасы» деген жаңа атақ береді. Уақыт өте келе Макато өз иеліктерін кеңейтеді.

Танапол (Ламдуан) Чадхайди

ХОШ ИІСТІ ҚОЛАҢШАШ АРУ

Ерте, ерте, ертеде Саенхам есімді патша өмір сүріпті, ол Вапи атты патшалықты бірнеше жыл бойы билепті. Оның Кхаммаен атты әйелі болыпты. Патша мен патшайым ұзақ уақыт бойы бірге өмір сүргенімен, перзент сүйе алмай, көңілдері жүдеп жүріпті. Бірде патшайым құдайларға сыйынып, мұрагер тілеу үшін қасиетті ғұрып жасапты. Арада біраз уақыт өткен соң, таңғажайып күн туып, патшайым құрсақ көтереді. Айы-күні жеткенде ай десе аузы, күн десе көзі бар қыз дүниеге келіп, оған Сида деп ат қояды.

Сида он бес жасқа толғанда, бүкіл патшалықтағы ең сұлу аруға айналады. Сол кезде оған өзінің екінші жартысын табар кезі келіп жеткен еді, бірақ жүрегінде бір мазасыздық бар болатын. Сол көңілсіздікті сейілту үшін ол орманда серуендеуге бел буады. Ата-анасы оған рұқсат береді.

Орманды аралап жүріп Сида мен оның нөкерлері аяқ астынан құбыжық дәуге тап болады. Аш дәу бірнеше нөкерді ұстап алып, жеп қоймақ болады. Сида қашып құтылып, ағаштың қуысына бас сауғалайды.

Дәу кеткен соң, Сида ұзақ уақыт бойы қызметшілерін іздейді, бірақ ешкімді таба алмай, орманда адасып кетеді. Қатты шөлдеген Сида бұқаның ізіндегі суды ішіп көреді, бірақ шөлі одан сайын арта түседі. Содан соң пілдің ізіндегі судан ішіп еді – бойына бірден күш-қуат жиналып, жалғыз өзі жолға шығады. Ақыры ол аман-есен сарайына оралады.

Бірақ орманнан қайтқаннан кейін көп ұзамай, Сиданың жүкті болғаны білінеді. Бұл жағдай ешбір еркекпен жақындаспаған ару үшін түсініксіз еді. Патша одан шындықты білуге тырысқанымен, бұл құпияға тіпті Сиданың өзі де

жауап таба алмайды. Арада он ай өткен соң, Сида егіз қыз дүниеге әкеледі. Үлкеніне Нанг Пхомхом – «хош иісті қолаңшаш ару», ал кішісіне Нанг Лун деген есім беріледі. Қыздар бойжетіп, анасына ұқсап көркем бойжеткенге айналады. Бір күні олар ешқашан көрмеген әкелерін ойлап, оны іздеп табуға бел байлайды.

Бірнеше күн орманда жүрген соң, олар қаһарлы піл патшасына жолығады. Ол қыздарды бас салмақ болады. Қыздар одан жалынып кешірім сұрап, бұл орманға не себепті келгендерін түсіндіреді. Сонда піл олардың өз қыздары болуы мүмкін екенін сезіп, бір сынақ қояды: тек нағыз мұрагер ғана оның азуына шығып, арқасына міне алады.

Нанг Пхомхом бұл сынақтан сәтті өтеді, ал Нанг Лун сүрініп кетіп, сол сәтте жан тәсілім етеді. Піл патша Нанг Пхомхомды өз патшалығына алып кетіп, оған туған қызындай қарайды.

Бес жыл бойы Нанг Пхомхом әкесінің қамқорлығында болады. Жасы жиырмаға келгенде, бойжеткен адамдармен жүздескісі келіп, шашының бір талын кішкентай сандықшаға салып, ішіне: «Менімен тағдырын байлағысы келген ер азамат осы шаш иесін тауып, менімен қауышсын» – деген хат жазып, сандықшаны өзенге ағызып жібереді.

Сандықша өзен бойымен ағып, Раттана патшалығына жетеді. Бірақ ол соншалықты жылдам ағып бара жатқандықтан, ешкім ұстай алмайды. Бұл туралы Раттана елінің патшасы Пхенгкхам да құлағдар болып, дереу өзенге келіп, сандықшаны ұстап алады. Хатты оқып, ондағы шаштың хош иісін сезгенде, патша бірден ғашық болады. Ол сүйгенін табуға бекінеді. Өзеннің бастауына жеткенде шаштың бір бөлігін тауып, мақсатына жеткенін сезеді.

Содан кейін ол жасырынып, Нанг Пхомхомның өзенге шомылуға келуін күтеді. Қыз патшаның алдынан шығады. Екеуі бір-біріне бір көргеннен ғашық болады. Сөйтіп олар ешкімге тіс жармастан, күйеуі мен әйелі секілді өмір сүре бастайды. Бірақ бұл сырды әке піл сезіп қояды – өйткені ол адам иісін байқап қалған еді. Қызы қанша жасырып



баққанымен, үш жыл өткен соң олар шындықты айтып, әкесінен кешірім сұрайды. Піл-патша өз қызының сыр жасырғанына қатты қапаланады, ал күйеуімен бірге кеткелі жатқанын естігенде сырқаттанып қалады. Ақтық демі шықпас бұрын ол қызын шақырып алып: «Еріңе жақсы, адал жар бол» деп өсиетін айтып, жанары жасқа толған күйі өмірден өтеді.

Ғашықтар қайғырып, пілді құрметпен соңғы сапарға шығарып салады. Сол кезде пілдің бір азуы кенеттен қайыққа, ал екіншісі ескекке айналады. Патша Пхенгкхам мен Нанг Пхомхом сол қайыққа мініп, Раттанаға қарай жол тартады.

Сарайға жеткенде, патша сүйіктісін ресми түрде патшайым етіп жариялайды. Екеуі елін әділ басқарып, ұзақ және бақытты өмір сүріпті.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ АҚЫСЫ

Ертеде ауылда бір диқан өмір сүріпті. Әдеттегідей таң ата ол егістікке аттаныпты. Кенет жер жыртып жүріп, қасындағы орманның отқа оранғанын көреді. Өрт енді ғана тұтанып жатыр екен – шөптер жанып кетсе де, ағаштарға әлі толық от тиіп үлгермепті.

Диқан отты сөндіруге бел байлап, қолына таяқ ала сала орманға қарай жүгіреді. Жалынды таяғымен ұрып сөндіріп жүріп, от бір ағашқа лап қойғанын көреді. Жақындап барса, сол ағашта бір жылан отыр екен. Ол жалынышты үнмен ысылдап:

– Жалынамын, диқан бауырым, мені құтқара гөр! – деп өтінеді.

Жыланның жалынышты даусына жүрегі елжіреген диқан таяғын созып, отқа күйіп кеткелі тұрған жыланды құтқармақ болады. Жылан ағаш бұтағында салбырап тұрған қалпында таяққа оралып, жайлап төмен түсе бастайды. Алайда дәл диқанның қолына жақындай бергенде, жылан оқыстан қарғып түсіп, оның мойнына орала кетеді.

Сонда диқан сасып қалып:

– Не істеп жатсың, жылан бике? – дейді.

– Мен сені шағамын! – дейді жылан ысылдап.

Диқан аң-таң болып:

– Мен сені өрттен құтқарып едім, ал сен мені шағамын дейсің бе? Бұл менің жасаған жақсылығыма көрсеткен алғысың ба?

Жылан болса, қыңқ етпестен:

– Сен менің жауымсың. Сен мені құтқардың, бірақ мен сені жайыңа босатпаймын, – деп жауап қатады.

Сонда диқан:

– Сенің мына әрекетің барып тұрған әділетсіздік қой. Онда екеуміз үш аңға не үш адамға жүгінейік, төрелігін солар айтсын. Қандай шешім айтса, соны бұлжытпай орындаймыз, – дейді.

Жылан келісе кетеді.

Содан екеуі жолға шығып, жылан диқанның мойнынан түспестен оралып, бірге жүріп келеді. Жолда олар егістік шетінде жайылып жүрген көрі өгізге тап болады. Жылан болған жайды өгізге айтып береді. Диқан әлі сөйлеп үлгермей жатып, өгіз міңгірлеп:

– Тісте, тісте мына адамды, тіпті өлтіріп тастасаң да ырзамын. Мен жас кезімде ием үшін көп жұмыс істедім. Ол мені аямады, тек жұмсады. Қартайған соң, бір уыс шөп бермей қуып жіберді, – дейді.

Бұны естіген жылан:

– Көрдің бе? Енді мен сені шағамын, – дейді айыр тілі сумаңдап.

– Жоқ, біз үш төрешіге жүгінеміз деп келістік қой! Бұл тек алғашқысы ғана. Қалған екеуінің не айтарын көрейік! – деп шыр-пыр болады диқан.

– Жақсы, – дейді жылан, сөйтіп екеуі әрі қарай жүріп кетеді.



Біраз жүрген соң, кәрі қашырды кезіктіреді. Жылан бұл жолы да әңгімені өзі бастап айтып береді. Қашыр қинала тұрып жауап қатады:

– Мен де бір кезде жұмыс істедім. Жүгін арқалап, иемнің таусылмас бұйрығын орындадым. Ол мені ешқашан аяған жоқ. Қартайған соң мені далаға қуып жіберді. Енді жалғызбын. Сондықтан шаға сал, ойланба да!

Бұл сөздер диқанның зәресін ұшырады.

– Қане, диқан, енді өлуге дайындала бер, – дейді жылан бұрынғыдан бетер ысылдап.

Үмітінің соңғы жібіне жармасқан диқан:

– Соңғы бір төреші қалды. Оған да құлақ түрейік, өтінемін, – дейді.

– Жарайды, жарайды, – деп не болса да келісе салады жылан.

Олар орман соқпағымен жүріп отырып, төбелердің маңындағы бір жерге келіп, түлкіге тап болады. Бұл жолы да жылан болған жайтты басынан аяғына дейін түгел баяндап береді.

Бәрін тыңдаған соң, түлкі жыланға былай дейді:

– Жарайды, сені тыңдадым. Енді диқанның да не айтарын тыңдауым керек. Бірақ алдымен оның мойнын босат. Сен оны буындырып жібердің. Еркін тыныстасын.

Жылан мойнынан шешіліп, жерге түсіп, құйрығына тік тұрады.

– Ей, диқан, қолыңдағы не нәрсе өзі? – деп сұрайды түлкі.

– Бұл – таяқ, – дейді диқан.

– Ендеше сенің қолыңда таяқ бар болса, мына опасыз жыланды неге соғып тастамайсың?! – дейді түлкі ашуға мініп.

Сонда ғана есін жиған диқан түлкінің сөзін тыңдап, таяғымен жыланды бар күшімен салып қалады. Жылан жерге сұлқ түсіп, жан тәсілім етеді. Сөйтіп, түлкінің тапқырлығының арқасында диқан аман қалады, ал жақсылықты білмеген жылан жазасын алады.

Әділет үстемдік құрды деген осы!

ЖАЛҚАУ БАУЫРЛАР

Ертеде бір шалғай ауылда бір диқан өмір сүріпті. Оның үш ұлы болыпты. Диқан күн-түн демей еңбек етіп, егін егіп, жүзімін өсіріп, бау-бақшасын күтіп, адал еңбегімен жан баққан екен. Ал оның үш ұлы мүлдем басқа – өте жалқау болатын. Ешқайсысы да еңбек еткісі келмейтін. Қарт не істесе де, оларды жұмысқа үйрете алмапты. Олар тек ауылдың ішінде сандалып жүріп, бос қиялға беріліп:

– Ех, шіркін, бай болып оянсақ қой, – деп армандай беретін.

Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жыл өтеді. Бір күні диқан қартайып, ажал сәті таяп қалғанын сезеді. Ақтық демі таусылар алдында ол үш ұлын шақырып алып, оларға былай дейді:

– Балаларым, өмірден өтер шағымда сендерге бір құпияны ашқым келеді. Мен бүкіл өмір бойы адал еңбегіммен тапқан мал-мүлкімді үлкен сандыққа салып, оны егіс алқабына терең етіп көміп тастадым. Мен өлген соң, сол көмілген жерді тауып, ішіндегі ақшаны алып, мұқтаждық көрмей өмір сүріңдер.

Бұл сөзді естіген үш ұлдың қуанышында шек болмайды. Олар әкесінің өліміне емес, жерге көмілген байлыққа қуанады. Іштей: «Апыр-ай, неге әкеміз мұны бізге бұрын айтпады екен?» – деп қынжылады.

Көп ұзамай, әкелері дүниеден өтеді. Ұлдары әкесін жерлеп, соңғы құрметін көрсеткеннен кейін, қолдарына күрек алып, бірден егістікке бет алады. Бірақ егістік өте үлкен болатын. Әкелері сандықты қай жерге көмгенін айтпаған әрі терең көмілгенін ғана айтып кеткен.

Ұлдар ұзақ отырып, кеңесіп, ақырында мынадай шешімге келеді:

– Бүкіл алқапты бір шетінен екінші шетіне дейін қазып шығайық. Бір дюйм де қалдырмайық. Мейлі, көп уақытымыз кетсе, кетер, есесіне табатын алтынымыз бұған тұрарлық шығар.

Сөйтіп, үш жалқау бауыр өмірлерінде алғаш рет күрек ұстап, жер қаза бастайды. Олар күн сайын тынбай еңбек етіп, әрбір қарыс жерді аударады. Алайда сандықтың табылар түрі көрінбейді.

Уақыт өте береді. Әкелерінен қалған азық-түлік те, ақша да таусыла бастайды. Соңғы тиынды жұмсағанда, олар бұрынғыдан да бетер құлшынып, сандықты тезірек табуға тырысады. Бірақ қанша қазса да, ештеңе табылмайды.

Ақыры бүкіл егістік алқабын қопарып бітіріп, үміттерін үзеді. Үшеуі бір-біріне қарап, іштей түңіліп отырғанда, біреуі ой салады:

– Біз сонша еңбектеніп, жерді қопарып шықтық, бірақ сандықты таппадық. Енді бізде түк жоқ. Қолда бары – өңделген жер ғана. Ендеше, осы жерге тұқым сеуіп, өмір сүруге қажетті өнім жинайық. Ең болмаса, аштан өлмеспіз.

Бұдан басқа амалдары қалмаған соң, екі бауыры да келісіп, үшеуі бірге бидай себеді. Уақыт өте келе, олардың еккен дәндері мол өнім береді. Егінді жинап, оны сатып, олар жеткілікті қаражат табады. Содан кейін жыл сайын сол жерге егін егіп, өнімін алып, адал еңбектерімен күн көре бастайды. Әр кез жер жыртып, дән сеуіп, астық жинағанда, олар бір ауыздан:

– Иә, расымен де әкеміз бізге қазына қалдырған екен. Бірақ біз оны бірден түсінбеппіз. Нағыз қазына – бұл еңбек, өз маңдай терімізбен тапқан нанымыз, – дейтін.

Сол күннен бастап олар жалқаулықты мүлде ұмытып, еңбекке дағдыланып, өзгеден көмек сұрамай, бақытты да қамсыз өмір сүріпті.

Барлық жалқау осы тәмсілден ой түйсе игі!

ҮШ БАТЫР

Баяғыда тасып бара жатқан байлығы да жоқ, сіңірі шыққан кедей де емес бір адам өмір сүріпті. Оның үш ұлы болыпты. Үшеуі сымбатты, білімге құштар, ақыл-парасатқа ие, жаман адамдармен араласпайтын өнегелі жігіттер екен. Үлкені Тонгуч батыр – жиырма бірде, ортаншысы Ортанша батыр – он сегізде, кенжесі Кенже батыр он алты жаста екен.

Бір күні әкелері ұлдарын жанына шақырып, әрқайсысын еркелетіп, басынан сипап былай депті:

– Балаларым, бай емеспін, артымда қалатын мал-мүлік көп емес. Сендерге үш қасиет дарыттым: денсаулық бердім – мықты азамат болдыңдар; қолдарыңа қару ұстаттым – шебер жауынгерсіңдер; жүректеріңе батырлық ұялаттым – ештеңеден қорықпайтын қайсар болдыңдар.

Енді сендерге үш өсиет айтамын. Жақсылап тыңдап, көкейлеріңе түйіп алыңдар: адал болыңдар – сонда жан тыныштығын табасыңдар; мақтаншақ болмаңдар – ұяттан құтыласыңдар; жалқау болмаңдар – бақытқа кенелесіңдер. Қалғанына өздерің қам қылыңдар.

Сендерге үш тұлпар дайындадым: бірі – қара, бірі – құла, бірі – көк. Қоржындарыңды бір аптаға жететін ас-дәммен толтырып қойдым. Жолға шығыңдар, дүниені көріңдер. Дүниені танымаған адам – ел танымайды. Барыңдар, бақыт құсын ұстаңдар. Қош болыңдар, балаларым!

Осыны айтып, әкесі орнынан тұрып кетіп қалыпты.

Бауырлар жолға жинала бастайды. Таң ата атына мінген үшеуі сапарға шығады. Күн ұзақ жүріп, көз ұшындағы жерге дейін барады. Кешке жақын демалуға тоқтайды.

Аттан түсіп, ас-су ішеді. Ұйықтар алдында: «Бұл маң иен дала, бәріміз бірдей ұйықтасақ, қауіпті болуы мүмкін. Түнді үшке бөліп, кезек-кезек күзетейік», – десіп, өзара келіседі.

Бәрі де сөзінде тұрады. Бірінші кезекте үлкені – Тонгуч батыр күзетке шығып, қалған екеуі көз іледі. Тонгуч батыр ай сәулесіне қарап, қылышымен ойнап ұзақ отырады. Мүлгіген тыныштық. Бар дүние меңіреу ұйқыда. Кенет орман жақтан бір шуыл естіледі. Тонгуч қылышын суырып, сақтанады.

Олардың аялдаған жеріне таяу маңда бір арыстанның апаны бар екен. Адам иісін сезген аң орнынан тұрып, жортуылға шығады.

Тонгуч батыр арыстанмен жалғыз өзі айқаса алатынына сенімді еді. Бауырларын оятқысы келмей, орман жаққа қарай жүгіріп кетеді. Арыстан соңынан ереді. Тонгуч батыр жалт бұрылып, арыстанның сол жақ аяғына қылыш сермеп жарақаттайды. Жаралы арыстан тап беріп, Тонгучқа атылғанда, ол жалт беріп кейін шегінеді де, бар күшімен қылышын аңның басына сілтейді. Арыстан жерге сұлқ құлап, жан тапсырады.

Тонгуч батыр арыстанның үстіне отырып, терісінен жіңішке бір жолағын кесіп алып, оны көйлектің астынан беліне белбеу етіп байлап, ештеңе болмағандай ағаларының қасына қайтып келеді.

Ортанша батырға кезек келеді. Оның күзетінде бәрі тыныш өтеді. Артынша інісі Кенже батыр түнгі күзетке тұрады да, бауырларының тыныштығын таңға дейін күзетеді. Осылайша бірінші түн өтеді.

Таң ата үш батыр қайта жолға шығады. Ұзақ жүріп, кешкісін үлкен бір таудың баурайына келіп тоқтайды. Төменде жайқалған жалғыз терек өсіп тұр екен. Теректің түбінен мөлдір бұлақ ағып жатыр. Бұлақ маңында бір үңгір бар еді, ал сол үңгірдің арғы жағында жыландардың патшасы Аждар сұлтан өмір сүретін.

Батырлар Аждар сұлтан жайында білмейтін. Алаңсыз аттарын байлап, олардың үстін тарақпен тазалап, жем-шөбін беріп, өздері кешкі асқа отырады. Ұйқыға жатар

алдында бірінші түндегідей күзет ұйымдастыруға келіседі. Әуелі Тонгуч батыр күзетке тұрады, одан соң Ортанша-батырға кезек келеді.

Айлы түн еді, айнала тып-тыныш. Кенет бір үн естіледі. Біраздан соң үңгірден денесі бөренедей, басы қазандай Аждар сұлтан шығып, бұлаққа қарай жылжи бастайды.

Ортанша батыр ағаларын оятқысы келмей, бұлақтан алысырақ жерге қарай жүгіріп кетеді. Адам иісін сезген Аждар сұлтан оның соңынан қуады. Ортанша батыр оңға қарай бұлтарып, оның құйрығынан қылышпен салып жібереді. Аждар сұлтан бір орнында айнала бастайды. Сол сәтті пайдаланып, батыр арқасынан тағы да соғып үлгереді. Қатты жараланған Аждар сұлтан Ортанша батырға тап береді. Бірақ батыр соңғы шешуші соққысымен оны жер жастандырады. Сосын ол Аждар сұлтанның терісінен жиңішке бір жолақ кесіп алып, көйлек астынан беліне байлап алады да, ештеңе болмағандай бауырларының қасына келіп, орнына жатады. Кезек енді Кенже-батырға келеді. Таң ата ағайынды үшеуі тағы да жолға шығады.

Жазық далада олар ұзақ жүреді. Күн ұясына бата бастағанда жалғыз тұрған төбеге жетіп, аттарынан түсіп, демалуға жайғасады. От жағып, кешкі асын ішіп, әдеттегідей кезекпен күзетке тұрады: әуелі үлкені, артынан ортаншысы, соңынан – кенжесі.

Кенже батыр түн ортасында ағаларының тыныштығын күзетіп отырады. Сол сәтте оттың өшіп қалғанын байқайды. «Отсыз қалғанымыз дұрыс болмас», – деп ойлаған Кенже батыр төбенің басына шығып, жан-жағына көз жүгіртеді. Алыстан әлдененің жарығы жылтырайды. Кенже-батыр атына мініп, солай қарай бет алады. Ұзақ жүрген соң, бір жалғыз үйге жетеді. Атынан түсіп, аяқтың ұшымен үйге жақындап, терезеден ішке үңіледі. Бөлме іші жарық екен. Ошақта бір қазан тамақ қайнап жатыр. Ошақ маңында шамамен жиырма шақты адам отыр. Бәрінің түсі суық, көздері аларып кеткен. Түрлерінен қара пиғылды екені аңғарылады.

Кенже батыр ішінен: «Оһо, мынау қарақшылардың ұясы ғой. Көріп тұрып, үндемей кетіп қалу адамгершілікке жатпайды. Адал азаматқа мұндай әрекет жараспайды. Мен бұларды алдап көрейін: алғашында сеніміне кіріп, содан соң өз шаруамды тындырамын», – деп ойлайды. Кенже батыр есікті ашып, ішке кіреді. Қарақшылар оған қарулларын ала жүгіреді.

– Қожайын, – дейді Кенже-батыр қарақшылардың атаманына қарап. – Мен сіздің титтей ғана құлыңызбын, алыстағы бір шаһардан келдім. Бұған дейін ұсақ-түйек істермен айналысып жүрдім. Біраздан бері осындай бір қарақшылар тобына қосылуды ойлап жүр едім. Сіздің осы жерде екеніңізді естіп, асыға жеттім. Жастығыма мән бермеңіз. Бар үмітім сізде, мені араңызға қосыңыз. Менің түрлі әдіс-айлам бар. Жер қазып, жасырын жол салуды да білемін, шолу жасап, барлау да қолымнан келеді. Сіздің ісіңізге жараймын.

Кенже-батыр осылай шешен сөйлеп, ойын ұтымды жеткізеді.

– Келгенің дұрыс болған екен онда, – дейді қарақшылардың атаманы.

Кенже батыр қолын кеудесіне қойып иіліп сәлем береді де, оттың жанына жайғасады. Қазан қайнап, ас та піседі. Бәрі отырып, тамақ ішеді.

Сол түні қарақшылар шахтың қазынасын тонауға бекінеді. Кешкі астан соң барлығы атына мініп, жолға шығады. Кенжебатыр да олармен бірге жүреді. Біраз жүрген соң сарай бағының жанына келіп тоқтап, аттарынан түсіп, қалай сарайға ену керегін ақылдаса бастайды. Ақыры өзара былай деп келіседі: әуелі Кенже батыр дуалдан асып түсіп, күзет ұйықтап жатыр ма, соны барлап қайтпақ. Егер бәрі дұрыс болса, қалғаны біртіндеп дуалдан асып түсіп, бақ ішінде жиналып, сонан соң сарайға лап қояды.

Қарақшылар Кенже батырға дуалдан асуға көмектеседі. Батыр ішке секіріп түседі де, бақ ішінде жүріп, күзеттің ұйықтап жатқанын байқайды. Сосын бір арба

тауып, оны дуалдың жанына сүйреп әкеледі. Кенже батыр арбаның үстіне шығып, басын дуалдан шығарып:

– Дәл қазір ең ыңғайлы сәт, – дейді.

Атаман қарақшыларға:

– Біртіндеп, бір-бірлеп дуалдан асыңдар, – деп бұйырады.

Бірінші қарақшы дуалға шығып, ішке түспек болғанда, Кенже батыр қылышын сермеп, оның басын шауып түсіреді.

– Түс, – дейді де, Кенже батыр ұрының денесін тартып алып, жерге лақтырып жібереді.

Қысқасы, Кенже батыр сол түні барлық қарақшының басын шабады да, кейін сарайға беттейді. Ұйықтап жатқан күзеттен білдіртпей өтіп, үш есікті залға жетеді. Онда он шақты күтуші қыз бар еді, бәрі шырт ұйқыда болатын. Ешкімге көрінбей, Кенже батыр бірінші есіктен кіреді. Іші сән-салтанатқа толы бөлме екен. Қабырғаларында қызыл гүлмен кестеленген жібек перделер ілулі. Бөлменің ортасында ақ жамылғымен көмкерілген күміс төсекте жер бетіндегі барша гүлдерден де сұлу қыз ұйықтап жатыр. Кенже батыр ақырын жақындап барып, қыздың оң қолындағы алтын жүзікті шешіп, қалтасына салып алады. Сосын артына бұрылып, залға қайта шығады.

«Енді екінші бөлмені көрейік, ол жақта қандай құпия бар екен?» деп ойлаған Кенже батыр екінші есікті ашып еді, көздің жауын алатын сән-салтанатқа толы бөлмеге тап болады. Қабырғаларында құстар бейнеленген кестелі жібек перде ілулі екен. Бөлменің ортасында күміс төсекте он шақты күннің қоршауында бір сұлу қыз ұйықтап жатыр. Оның сұлулығы үшін ай мен күн таласқандай еді. Кенже батыр ақырын жақындап барып, қыздың қолындағы білезікті шешіп алып, қалтасына салады. Сосын бұрынғы бөлмеге қайта шығады.

«Енді үшінші бөлмеге кіру керек», – деп ойлайды ол. Бұл бөлме бұрынғылардан да көркем етіп безендірілген екен. Қабырғалары қызыл жібекпен көмкерілген. Күміс төсекте, айналасын он алты күң қоршап ұйықтап жатқан қыз әлемдегі ең сұлудың бірі еді. Оның көрікті болғаны



сондай, тіпті аспандағы сұлу жұлдыз – Шолпан ханша да оған қызмет етуге даяр секілді. Кенже батыр ақырын жақындап, қыздың оң құлағындағы алтын сырғасын шешіп, қалтасына салады. Содан кейін сарайдан білдірмей шығып, дуалдан асып түседі де, атына мініп, бауырларына қарай бет алады. Ол келгенде ағалары әлі ұйықтап жатқан еді. Кенже батыр олар оянғанша қылышымен ойнап отырады.

Таң атады. Батырлар таңғы асын ішіп, аттарын ерттеп, жолға шығады. Көп ұзамай бір шаһарға жетіп, керуен сарайға тоқтайды. Аттарын көлеңкеге байлап, өздері шай ішуге шайханаға кіреді. Кенет көшеге жаршы шығып, былай деп жар салады:

– Құлағы барлар тыңдасын! Бүгін түнде шахтың бағында біреулер жиырма қарақшының басын шауыпты. Сонымен қатар шахтың үш қызының алтын әшекейлерінің бірі жоғалған. Шахымыз бұл түсініксіз жағдайдың мәнін бүкіл ел болып анықтауды бұйырды. Бұл істі жасаған кім – соны тауып беруді сұрайды. Егер үйіңізде басқа қала мен елден келген жолаушылар болса, оларды дереу сарайға жеткізу қажет!

Керуен сарайдың иесі келген қонақтарына шахқа баруды ұсынады. Батырлар орнынан тұрып, асықпай сарайға беттейді. Шах олардың жатжұрттық екенін естіп, сән-салтанаты мол бір бөлмеге орналастыруды бұйырады да, уәзіріне қонақтардың сыр тартуды тапсырады.

– Тура сұрасақ, айтпауы мүмкін. Ең дұрысы, оларды жалғыз қалдырып, не айтатынын жасырын тыңдайық, – дейді уәзір.

Батырлар отырған бөлмеде олардан басқа ешкім жоқ еді. Алдына дастарқан жайылып, түрлі тағамдар әкелінеді. Батырлар білектерін түріп, тамаққа кіріседі. Ал көрші бөлмеде шах пен уәзір олардың сөзін тыңдап отырады.

– Бізге жас қозының етін пісіріп беріпті, – деді Тұңғыш батыр, – Бірақ ол, шамасы, иттің сүтімен өскен сияқты. Шахтар иттен жиіркенбейді. Менің таңғалғаным, шәрбаттан адам иісі шығады.

– Дұрыс айтасың, – дейді Кенже батыр. – Шахтардың бәрі – қаныпезер. Адам қаны шәрбатқа қосылып кетсе де таңғалмаймын. Менің таңғалғаным, табақтағы нан нағыз шебер наубайшы ғана жайғастыра алатындай әдемі етіп қойылған.

Тұңғыш батыр:

– Солай болған да шығар. Бізді мұнда шахтың сарайында не болғанын білу үшін шақырғаны белгілі. Сол оқиға жайлы бізден, әрине, сұрайтын болады. Не дейміз? – дейді інілеріне сұраулы жүзбен қарап.

– Біз өтірік айтпаймыз, – дейді Ортанша-батыр. – Шындықты айтамыз.

– Иә, жолға шыққан үш күн ішінде не көрдік – соның бәрін айтатын уақыт келді, – дейді Кенже батыр.

Тұңғыш батыр алғашқы түнде арыстанмен қалай шайқасқанын баяндайды. Сосын белінен арыстан терісінен жасалған белбеуді шешіп, бауырларының алдына тастайды. Одан кейін Ортанша батыр екінші түндегі оқиғаны айтып береді де, белиндегі аждаһа терісінен қиып алған белбеуді көрсетіп, бауырларына ұсынады. Кенже батыр сөзге араласады. Үшінші түнде болған оқиғаны түгел баяндап, алтыннан жасалған үш бұйымды – жүзікті, білезікті және сырғаны шығарып, ағаларына көрсетеді.

Мұның бәрін тыңдап отырған шах пен уәзір құпияның бетін ашады. Бірақ ағайындылардың ет, шәрбат және нан туралы айтқандарын түсіне алмайды. Сондықтан алдымен қойшыны шақыртады.

– Шындықты айт! – дейді шах қойшыға. – Кеше әкелген қозы шынымен иттің сүтімен өскен бе?

– Тақсыр! – деп жалына тіл қатады қойшы. – Егер аман қалдырсаңыз, бәрін айтып берем.

– Айт, сенің жаның аман қалады, – дейді шах.

Қойшы болған жайтты әңгімелеп береді:

– Қыста бір қойым суықтан өлді. Қозысы жетім қалды. Аяп, оны иттің бауырына салып қойған едім. Ит сол қозыны емізіп, бағып-қақты. Кеше сізге сол қозыны жібердім,

өйткені басқалары қалмаған еді – бәрін сарай қызметкерлері алып кеткен.

Одан кейін шах бағбанды шақыртады.

– Шындықты айт, – дейді оған шах, – шынымен, шәрбатқа адам қаны араласты ма?

– О, ұлы тақсыр! – дейді бағбан. – Бір оқиға болған еді, егер өмірімді сақтасаңыз, шындықты айтам.

– Айт, сені кешірем, – дейді шах.

– Өткен жазда біреу түн сайын сізге арнайы бөлінген ең тәтті жүзімдерді ұрлайтын болды. Мен жүзімдікте жасырынып, күзетіп жүрдім. Бір күні біреудің келе жатқанын көріп, басынан шоқпармен періп қалдым. Сосын жүзім бұтасының түбін қазып, мәйітті көміп тастадым. Келесі жылы сол бұта жайқалып өсіп, жапырағынан да көп жеміс берді. Бірақ жүзімнің дәмі аздап өзгеше болып шықты. Сол жүзімнің жемісін сізге жібермей, шәрбат қайнатып бергенмін, – дейді бағбан дір-дір етіп.

Ал нандарды шахтың өзі табаққа салған еді. Шахтың әкесі кезінде наубайшы болған-ды. Шах батырлар отырған бөлмеге кіріп, амандасады да:

– Сендердің айтып бергендеріңнің бәрі шындық екен. Сендер маған ұнадыңдар. Менің бір өтінішім бар, қадірлі қонақ батырлар, тыңдасаңдар екен, – дейді күлімсіреп.

– Айта беріңіз, – дейді Тұңғыш батыр, – қолдан келсе, өтінішіңізді орындауға әзірміз.

– Менің үш қызым бар, бірақ ұлым жоқ. Осы жерде қалып, менің қыздарыма күйеу болыңдар. Мен той жасап, бүкіл қаланы шақырар едім. Қырық күн бойы халыққа палау беріп, үлкен той қылар едім.

– Сөзіңіз көңілге қонады, – дейді Тұңғыш батыр, – Бірақ біз шахтың ұрпағы емеспіз, әкеміз де бай адам болмаған. Сіздің байлығыңыз патшалықпен келген, ал біз еңбекпен өскенбіз.

Шах сөзін жалғастырады:

– Мен бір елдің билеушісімін, ал сендерді әкелерің қолының күшімен тәрбиелеген. Ондай батыр ұлдарды өсірген әкенің менен қай жері кем? Шын мәнінде,

ол менен де бай. Мен, дүние билеушілерін сүйіндіре де, жылата да алған сұлулардың әкесі, көз жасымды көл қылып, сендердің алдыңа келіп, қыздарыммен некелесуді жалынып сұрап тұрмын.

Ағайынды батырлар келісім береді. Шах отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Жас батырлар шахтың сарайында өмір сүре бастайды. Шах олардың ішіндегі ең кіші күйеу баласы – Кенже батырға ерекше ілтипатпен қарайды.

Бірде шах көлеңкеде демалып жатқан еді, кенет арықтан улы жылан шығып, шахты шағуға ыңғайланады. Сол сәтте Кенже батыр дер кезінде жетіп келіп, қылышын суырып, жыланды қақ бөледі де, оны лақтырып жібереді. Кенже батыр қылышын қынына сала бергенде, шах оянып кетеді. Қылыш ұстаған батырды көріп, әлдебір сумақай күмән жылт етеді. «Қызымды бергеніме де риза болмай, енді мені өлтіріп, шах болғысы келіп жүр екен ғой», – деп ойлайды шах.

Сөйтіп, шах уәзіріне барып, болған жайды айтады. Уәзірдің батырларға деген іштей өшпенділігі бұрыннан бар еді, тек сәтін күтіп жүрген. Ол шахтың ойын одан әрі бұзып:

– Менімен ақылдаспай, қайдағы бір кезбелерге сүйікті қыздарыңызды беріп жібердіңіз. Енді сол күйеубалаңыз сізді өлтіргісі келді. Қарап тұрыңыз, ол айласын асырып, түбінде сізді құртады, – дейді.

Шах уәзірдің сөзіне сеніп қалып, Кенже батырды түрмеге жабуға бұйрық береді. Оның жары жас ханшайым қайғыға батып, күні-түні жылаумен болады, қып-қызыл жүзі солып, өңі қашып кетеді. Бір күні ол әкесінің алдына келіп, аяғына жығылып, күйеуін босатуды өтінеді.

Сонда шах Кенже батырды түрмеден алдыртуды бұйырады.

– Сен барып тұрған айлакер, зұлым жан екенсің, – дейді шах. – Мені өлтіруге қалай ғана дәтің барды?

Оған жауап ретінде Кенже батыр оған тоты құс жайлы көне бір хикаяны баяндап береді:

Баяғыда бір патша өмір сүріпті. Оның көзінің қарашығындай көретін тоты құсы болыпты. Шах сол тоты құсын жақсы көргені сонша, онсыз бір сағат та өмір сүре алмайтындай халде екен. Тоты құс шахтың көңілін аулап, әдемі сөздер айтып, оны күн сайын шаттандырып отыратын. Бір күні тоты құс шахқа өтініш жасапты:

– Менің туған жерім – алыстағы Үндістанда. Онда менің әке-шешем, бауырларым, туыстарым бар. Мен бұл торда талай жылдан бері өмір сүріп келемін. Енді сізден өтінетімін, мені жиырма күнге босатыңыз. Алты күн жолға, алты күн қайтуға, қалған сегіз күн туған жерімді, ата-анамды, бауырларымды бір көруге жетеді.

Шах басын шайқапты:

– Жоқ, сені жіберсем, қайтып келмейсің. Мен сені аңсап, жалғызсыраймын.

Тоты құс шын ниетімен ант етіпті:

– Тақсыр, уәде берем. Қанатым талса да сөзімнен таймаймын.

Сонда шах ойланып:

– Жақсы, егер уәдеңде тұрам десең, мен сені тек он төрт күнге ғана босатамын, – депті.

Тоты құс қуанып:

– Қош болыңыздар! Қайта айналып келермін, – дейді.

Ол тордан ұшып шығып, дуалға қонып, бәрімен қоштасып, күнгейге қарай самғай жөнеледі. Шах көз алмай артынан қарап тұрғанымен, оның қайта оралатынына онша сенбепті.

Тоты құс алты күнде Үндістанға жетіп, ата-анасын, бауырларын тауыпты. Қуаныштан жүрегі жарыла жаздап, бір бұтадан бір бұтаға секіріп, ормандарды шарлап, жасыл желекте аунап-қунап, туған жердің жұпар ауасын құмарлана жұтып, ағайын-туыстарын аралайды. Қалай болғанда да, екі күн өте шыққанын өзі де байқамапты. Енді қайтадан торға – тұтқын өмірге оралатын сәт келгенде, қапаланып, қанаттары салбырап қалыпты. Мүмкін, бұл сапар соңғы болар, қайта келуге тағдыр жазбас. Жақын-

жуық, ағайын-туысы жиналып, оған қайта барма деп жан ұшыра кеңес беріпті.

– Бірақ мен оған оралам деп уәде бердім емес пе?! Уәдені бұзу дұрыс болмас.

– Уәдеге берік болу – жақсы қасиет. Бірақ сен уәдеңді кімге бердің? Шахқа ма? Ол әділетті болса, сені он төрт жыл торда ұстамас еді. Он төрт жылдық қамаудан кейін он төрт-ақ күнге азат ету – рақым емес, мазақ! Сен өмір бойы торда қамалып отыру үшін өмірге келген жоқсың. Біреуге ермек болу үшін өз еркіндігіңнен бас тартқан жарамас. Патшаңның рақымын емес, қатыгездігін көбірек көріп тұрмын. Патшамен тым жақын болу саған қауіпті, – дейді оған бір тоты құс.

Алайда ол ешкімнің сөзіне құлақ аспастан, қанаттарын жайып, уәдеге адал болуды жөн көріп, аспанға көтеріледі.

Сонда тоты құстың анасы былай деп тіл қатыпты:

– Онда саған бір кеңес берейін. Біздің жақта тіршілік жемістері өседі. Кім сол жемістен бір түйір татып жесе, сол сәтте жасарып кетеді – қарт кісі қайтадан жас жігітке айналады, кемпір қыздай құлпырады. Сол қымбат жемістерден шахқа апарып бер де, бостандыққа шығуға рұқсат сұра. Мүмкін, оның жүрегінде әділет сезімі оянып, сені азат етер.

Бұл ақылды кеңесті бәрі де қолдайды. Дереу оған үш тіршілік жемісін алып келеді. Тоты құс ағайын-туыстарымен қоштасып, солтүстікке қарай самғай жөнеледі. Бәрі оны қимастықпен шығарып салып, қайта ораларына қатты үміт етеді.

Алты күнде тоты құс шахтың сарайына жетіп, оған сыйын тарту етіп, жемістердің қасиетін баяндап береді. Шах мәз болып, тоты құсты босатамын деп уәде етеді. Бір жемісті әйеліне беріп, қалған екеуін шыны тостағанға салып қояды. Бірақ уәзірдің ішін қызғаныш пен ашу кернеп, бұл істі бұрмалауға бекінеді.

– Тақсыр, – дейді ол, – бұл жемістерді алдымен сынап көрейік. Егер расымен пайдалы болса, жеп үлгересің.

Шах бұл ақылды қоштайды. Ал уәзір сәті түскенде, жемістерге күшті у тамызып жібереді. Сосын:

– Ал енді сынап көрейік, – деді.

Сарайға екі тауыс құсын әкеліп, уланған жемістерді оларға татып көруге береді. Екі құс та сол сәтте жан тапсырады.

– Бұл жемісті сіз жегенде не болар еді? – дейді уәзір көлгірсіп.

– Мен де өлер едім! – деп дауыстап жібереді шах. Ол байғұс тоты құсты тордан сүйреп шығарып, басын жұлып алады. Осылайша бейшара тоты құс шахқа жасаған сыйының «ақысын» алады.

Араға көп уақыт салмай, шах бір қарияға ашуланып, оны өлім жазасына бұйырады. Қалған бір тіршілік жемісін беріп:

– Же! – деп бұйырады оған.

Қария жемісті аузына салғаны сол еді, самайындағы ақ шашы қап-қара болып, жаңа тістері шығып, жанары жарқырап, өзі жиырма жастағы жігітке айналады. Сонда ғана шах тоты құстың нақақ өлтірілгенін түсінеді, бірақ тым кеш еді.

– Ал енді сіз ұйықтап жатқанда болған жайтты баяндайын, – дейді сөз соңында Кенже батыр.

Ол баққа барып, қақ жарылған жыланның денесін әкеледі. Шах қатты өкініп, Кенже батырдан кешірім сұрай бастады. Сонда батыр:

– Тақсыр, бізге өз елімізге, туған жерімізге қайтуға рұқсат етіңіз. Шахтармен бейбіт, әділетті өмір сүру мүмкін емес, – дейді.

Шах қанша жалынса да батырлар көнбепті.

– Біз сарайда, ханның қасында өмір сүре алмаймыз. Өз еңбегімізбен өмір сүргіміз келеді, – дейді олар.

– Ендеше, қыздарым осында қала берсін, – дейді шах. Бірақ қыздары бір ауыздан: «Біз күйеуімізден айырылмаймыз» дейді жамырап. Сөйтіп, жас батырлар әйелдерімен бірге әкелерінің еліне қайтып оралып, молшылықта бақытты өмір сүріпті.

АРАМЗА ЭГРЫ МЕН АДАЛ ТУГРЫ

Ертеде бір қышлақта Тугры есімді жас жігіт өмір сүріпті. Оның бар байлығы жалғыз жылқысы болыпты. Тугры бір қышлақтан екінші қышлаққа барып, жұмыс іздейді – бірақ таппайды. Содан соң ол атына мініп, бағын іздеп, алыс жаққа аттаныпты.

Тугры жол жүріп келе жатса, алдынан жаяу бір жолаушы кездесіпті. Әңгімелесе келе Тугры әлгі жолаушыдан кім екенін, қайдан шығып, қайда бара жатқанын сұрайды.

– Жұмыс іздеп бара жатырмын, – деп жауап беріпті ол.

– Атың кім? – деп сұрайды Тугры.

– Эгры.

– Ал мен Тугрымын. Ендеше дос болайық, бірге жұмыс істейік, бірге өмір сүрейік, – депті Тугры.

Сөйтіп, екеуі өмір бойы дос болуға уағдаласады.

Тугры өзінің жаяу серігін аяп:

– Біраз жол жүріп демалып ал, – деп астындағы атын ұсынады. Эгры атқа мініп алып, қамшымен бір осып, шаба жөнеледі. Содан қайтып көрінбепті.

Тугры күрсініп:

– Өмір бойы дос боламын деп ант берген адам ең жауыз жаудан да жаман болып шықты ғой, – деп өкінеді.

Амалы жоқ, Тугры жаяулап әрі қарай жүре береді. Кеш қарайған тұста Тугры тар соқпақ көріп, соған түседі. Соқпақ оны қалың орманның ішіне алып барады. Кенет алаңқайда тұрған тандыр пісіретін ескі пешті көзі шалып қалады.

– Қараңғы түскен орманда жүру қауіпті. Осының ішінде таң атырайын, – деп ойлап, пештің ішіне кіріп, тығылып ұйықтауға жатады.

Ал сол пеш тұрған алаңқайға түнде орманның танымал аңдары жиналады екен: орман шахы – арыстан, орман уәзірлері – жолбарыс пен аю, орман кернейшісі – қасқыр, орман сыбызғышысы – шибөрі, орман жыршысы – түлкі.

Ай көкке көтерілгенде, шибөрі келіп ұлиды. Оның дауысына елітіп, барлық аң жиналып, сауық-сайран құра бастайды. Арыстан патша келіп, маңғаздана өз орнына жайғасып отырады. Оған қызық әңгімелер айтылып, әркім таңғажайып оқиғаларды баяндай бастайды.

Бірінші болып түлкі жыршы сөйлейді:

– Мына жақта бір үңгір бар. Онда он жылдан бері тұрамын. Сол он жылдың ішінде неше түрлі байлық жинадым: кілем дейсің бе, перде дейсің бе, көрпе дейсің бе, киім дейсің бе, қысқасы, адамдарда не бар, соның бәрі менің үңгірімде табылады. Ал үңгірімдегі дәмі тіл үйірер азық-түлікті айтсаңшы!

Тугры пеш ішінен тыңдап жатып:

– О, шіркін! Осы түлкінің үйіне бір кіріп шықсам қандай жақсы болар еді, – деп ойлайды.

Түлкіден кейін сөз алған аю уәзір былай дейді:

– Сол да сөз болып па?! Біздің орманда бір биік ағаш – қарағаш өсіп тұр. Сол ағаштың түбінде екі жас шыбық бар. Осы шыбықтардың жапырағы жаза алмайтын дерт жоқ – бәріне ем. Шаһар шахының қызы жеті жылдан бері ауырып жатыр. Шах: «Қызымды кім емдесе, соған берем. Ал емдей алмайтын болса, басын аламын!» – деп жар салды. Қаншама емшіні өлтіріп те үлгерді. Егер біреу сол жас шыбықтың жапырақтарын алып, қайнатып ішкізсе, қыз дереу жазылар еді.

Аюдан кейін сөзге араласқан қасқыр кернейші былай дейді:

– Орман шетіндегі жайылымда байдың қырық мың қойы жайылып жүр. Мен күн сайын екі қой жеймін. Қойшылар қанша әрекеттенсе де, мені ұстай алмайды. Себебі олар білмейді: жақын маңда бір қарттың иті бар. Егер сол ит отарды күзетсе, мені парша-парша қылар еді.

Сөзге жолбарыс уәзір араласады:

– Қасқыр айтқан байдың он мың жылқы үйірі бар. Ол орман шетінде жайылады. Мен апта сайын бір ат алып кетемін. Бірақ үйірде бір ерекше – қара-ала ат бар. Егер біреу сол атқа мінсе, мені қуып жете алар еді. Мұны ешкім білмейтіні қандай жақсы!

Жолбарыс әңгімесін аяқтағанда, таң да атып қалған еді. Аңдар өз апандарына тарқасады. Алаңқай босап қалғанда, Тугры пеш ішінен шығады. Ол аю айтқан қарағашты іздеп тауып, жас шыбықтардан біраз жапырақ үзіп алады. Содан кейін қой отарын іздеп жолға шығады. Қойшыны тауып алып, амандасып, халін сұрады.

– Халім мүшкіл. Бір қасқыр отарға үйір болып алды. Қойларды ұрлап әкетеді. Қожайын қалай жазалайтынын тіптен білмеймін. Одан қалай құтыларымды да білмеймін, – деп мұңын шағады қойшы.

– Уайымдамаңыз. Мен сізді қасқырдан құтқарамын, – деді Тугры. Ол қартқа барып, ит сұрап алып келіп, қойшыға береді. Ит қасқырға тап беріп, талап тастайды.

Тугры ары қарай жолға шығып, жылқы үйіріне кезігеді. Жылқышымен амандасып еді, ол да жолбарыс күн көрсетпей жүргенін айтып шағымданады.

– Қара-ала атқа ер сал да, маған ұзын, жуан сырық бер, – дейді Тугры.

Тугры атқа мініп, сырықты алып, жолбарыстың жолын торуылдайды. Түнде жолбарыс келіп, үйірге шабуылдайды. Сол сәтте Тугры оны сырықпен бір соғады, жолбарыс сол жерде жан тапсырады.

Жылқышы Тугрыға разы болып, атын сыйлайды. Тугры атқа мініп, қалаға келеді. Қаланың базарында жаршы жар салып тұр екен:

– Шахтың қызы жеті жыл бойы дертті. Кім оны емдесе, шах сол адамға қызын беріп, күйеу баласы етеді. Ал емдей алмаса, шах оны өлтіреді!

– Мен шахтың қызын емдеймін! – дейді Тугры.

Ол сарайға барады. Шах жаңа емшіні қызына кіргізеді. Тугры қарағаштың жапырақтарын езіп, қайнатып, қызға

ішкізеді. Үш күн өткен соң ол сауығып, аяққа тұрады. Шах үлкен той жасап, қызын Тугрыға ұзатады.

– Қай қалаға сені басшы етіп тағайындайын? – деп сұрайды шах күйеу баласынан.

– Мен басшы болғым келмейді, – деді Тугры. – Орман жанына, таудың басына маған бір үй салып беріңіз. Өз еңбегіммен өмір сүремін.

Күйеу баласының мына сөзіне шах таңғалады, бірақ тілегін орындайды. Тугры әйелімен бірге тауда өмір сүре бастайды.

Бір күні Тугрыға Эгры келеді:

– Досым, мұның бәріне қалай жеттің? – дейді таңданып. – Үйің бар, аулаң бар. Мен сенің атыңды ұрлап едім, байимын деп. Бірақ қайда барсам да, жолым болмай қойды.

Тугры оның сатқындығын еске алғысы келмей:

– Ормандағы ескі пеште бір түн ұйықтадым, бәріне сол себеп болды, – дейді.

– Мені де сол жерге апаршы, мен де әлгі пештің ішінде бір ұйықтап көрейін, – дейді Эгры.

Тугры аңдар жиналатын алаңқай жайлы айтып береді. Кеш түскенде Эгры пешке кіріп жатады.

Түнде орман аңдары тағы жиналады. Арыстан патша, аю уәзір және түлкі жыршы бас қосады.

– Әңгімемізді бастайық! Ал менің екінші уәзірім – жолбарыс қайда? – дейді арыстан.

Қорқау орнынан сүйретіліп тұрып былай дейді:

– Енді біз ештеңе айтпаймыз. Біздің әңгімеміздің кесірінен уәзіріңіз жолбарыс ажал құшты.

– Қарағашымыздың жапырақтары да үзіліпті, – деп аю да сөзге араласады.

– Ал мен ас-сусыз қалдым, – дейді қасқыр. – Қойшы мен айтқан итті тауып алған. Енді қойларға жақындауға қорқамын – әлгі ит мені талап тастады.

– Біздің сырларымызды сыртқа кім шашқан?! – деп ақырады қаһарлы арыстан. – Сатқын кім болса, дереу оны ұстап өлтіріңдер! Бұл – бұйрық!

Бірақ аңдар сырды кім тыңдағанын білмейді. Аю қорқаудан, қорқау түлкіден сұрайды. Сол сәт арала-рынан бір қырғауыл шығып: «Пештің ішін қараңдар!» – дейді де ұшып кетеді.

Аңдар жалма-жан пештің ішін ақтарып, Эгрыны сүйреп шығарады да, оған бас салады.

Сөйтіп, адал Тугры арманына жетіп, арамза Эгры лайықты жазасын алған екен.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз **3**

Әзербайжан
ДЖЫРТДАН 6

Бангладеш
ЖІПТЕН ТОҚЫЛҒАН ТАУЫС 10
МОНРИ МАНГЦМУИ 18

Бахрейн
ИЛИ-ИППАШРА МЕН ОНЫҢ ҚЫЗЫ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ 22
ЭНКИ МЕН НИНХУРСАГ ЖАЙЛЫ ХИКАЯ 23

Вьетнам
БАНЬ ГИАЙ МЕН БАНЬ ЧЫНГ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ? .. 25
ЖҮЗ ЖҰМЫРТҚА ЖАЙЛЫ ХИКАЯ 30

Үндістан
ПІЛДІҢ АЛҒЫСЫ 33
ШЕКТЕН ТЫС АШКӨЗДІКТІҢ СОҢЫ –– АЗАП 39

Иордания
АҚЫЛДЫ ҚЫЗ 50
ШАХМАТ ОЙЫНЫ 54

Иран
ДҰШПАНЫҢМЕН ТАТУ БОЛ 59
ЗАЛЬ МЕН СИМУРГТЫҢ ДОСТЫҒЫ 61

Қазақстан
АЮ МЕН МАСА 63
ЕКІ ЛАҚ 67

Камбоджа
КІМ ПАТША БОЛАДЫ? 70
АХ КВАК АХ КВЕН (СОҚЫР МЕН САЛ) 72

Қатар
АДАЛ ДОСТЫҚ 79
ТЕРІ ИЛЕУШІ 83

Қытай
ЖАЗ 86
ТАУ ҚОПАРҒАН ЮЙ ГУНЬ 89

Корея
ТАТУ БАУЫРЛАР 93
АҒАЛЫ-ІНІЛІ ХЫНБУ МЕН НОЛЬБУДЫҢ ХИКАЯСЫ 95

Қырғызстан
ЛӘЙЛЕК 98
ҚАРЛЫҒАШ 102

Моңғолия
АҚ БИЕ МЕН АҚ ҚҰЛЫН 108
ГУНАН БАТЫР 111

Палестина
АҚЫНДЫҚТЫ АРМАНДАҒАН БАЛА 119

Ресей
ШАЛҚАН 126
БҰРШАҚ ДӘНІ 128

Тәжікстан
ТҮЛКІ, ТАСБАҚА ЖӘНЕ ҚҰМЫРСҚА 130
МЕРГЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ 134

Таиланд
МАКАТОНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ 140
ХОШ ИІСТІ ҚОЛАҢШАШ АРУ 143

Түркия
ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ АҚЫСЫ 147
ЖАЛҚАУ БАУЫРЛАР 150

Өзбекстан
ҮШ БАТЫР 152
АРАМЗА ЭГРЫ МЕН АДАЛ ТУГРЫ 165





Азия Кеңесі

Азия халықтарының ертегілері

Аударған: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ
Астана, Мәңгілік ел 55/13, С2-1

Суретші-иллюстратор
А. Абишева (А. Әбішева?)

Баспаға әзірлеген «Центр Элит» баспаханасы
0100006, Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 29А,
Байланыс нөмірі: 44-45-32, 44-44-83

2025 жыл